

ӨТЕШ ҚАРАШИН

ЖЫРЛАЙДЫ  
ЖЫЛДАР





**Өтеш  
ҚАРАШИН**

# **ЖЫРЛАЙДЫ ЖЫЛДАР**

*(Өлеңдер, мысалдар, толғаулар, поэма)*

«Құс Жолы»

Алматы

2008

**ББК 84 Қаз 7-5**  
**Қ 41**

**Қ 41**      **ҚАРАШИН Ө.**  
**ЖЫРЛАЙДЫ ЖЫЛДАР.** – Өлендер, мысалдар, толғаулар,  
поэма. – Алматы; «Құс Жолы», – 2008. – 172 бет.

**ISBN 978-601-7074-09-8**

Жинақтың авторы Өтеп Қарашин – философия ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Ол мектепте оқыған жылдарының жазғы демалысында еңбекке бойы өсіп, бұғанасы қатпай жатып араласқан. Сол кездердің өзінде оның ақындық сезімі ерте оянады. Оған қазақ халқының батырлар жыры, осы заманның ақындары шығармалары айтарлықтай әсер етеді.

Бұл жинаққа автордың реттеулері мен сұрыптауларынан өткен өлендері, мысалдары, толғаулары, поэмасы енгізілген. Оларда ақын өзіндік көркем бейнелер жасауға, теңеулер мен шенеулер қолдануға ұмтылады. Ұзақ жылдар бойғы ақындық ойланыстар мен толғаныстардан туған бұл кітап оқырмандар ойынан шығатындығына сенімдіміз.

Ө. Қарашиннің өлең-жырлары республикалық мерзімді басылымдарда, жинақтарда, 1994 жылы өзі редактор болып шығарған «Толқынды Каспий» газетінде жарияланған.

Жинақта автордың қызы Нұрияның да өзіне тән қолтаңбасы бар.

**ББК 84 Қаз 7-5**

www.kazakhstan.gov.kz

**ISBN 978-601-7074-09-8**

**© ҚАРАШИН Ө., 2008**



*Ақын болған жақсы ғой,  
Қолынан келсе әркімнің.  
Көркем сөзбен түйіп ой,  
Ойынан шықсаң халқыңның.*

**Автор**

## АЛҒЫ СӨЗ

**С**алай-солай, көрінген адамға, кездескен оқиғаларға байланысты өлең шыға бермейтіні мәлім болуы тиіс. Солай дей тұрсақ та, қайсы бірде күнделікті өмірдегі кездесулерде, қоғамдық қатынастар барысында ақынға қимыл-қозғалысымен, өзіндік мінез-құлқымен, еңбек жолымен, жағымды да жағымсыз адамгершілік қасиеттерімен әсер ететін, өзінен-өзі өлеңге сұранып тұрғандай қозғау салатын үлкенді-кішілі адамдар, оқиғалар болады. Әдеттегідей осындай адамдар, оқиғалар, табиғат, қоғамдық орта жағдайларында бола отырып, жинақтан орын алады.

Автор дүниеге өлең көзімен, теңеу мен шенеу арқылы қарайды. Өйткені өмірдің өзі толып тұрған қым-қуыт қайшылықтар мен қиыншылықтар ғой. Табиғат та, қоғам да, ондағы адам да үнемі өзгерісте, өткінші



жағдайда, астан-кестең әр түрлілікте. Бірақ уақытпен, кеңістікпен белгілі бір шектеулі, өлшемдеулі, мөлшерлеулі. Бәрінде де бұлтартпайтын өзара қатынастар, бір-бірінен қалмай тізіліп іріктеліп, сүзіліп, сұрыпталып жатқан қатынастар. Солардың ішінен алдымен адам бойындағы әдемілік пен әдептілік жыр арқауы болады.

Өскен орта, ондағы адамдар (сәбилер, балалар, ағалар мен апалар, інілер мен қарындастар, ұстаздар мен шәкірттер, өнер, ғылым қайраткерлері, қарапайым еңбеккерлер), олардың жағымды-жағымсыз көңіл күйлері, қуанышы мен қайғысы күнделікті өмірде көріне тұрса да, қағаз бетіне өлең болып түсе қалуы екі талай, ықтимал жайттар автор қаламына өзіндік мазмұн болып қызмет атқарыпты.

Адамның қимыл-қозғалысын бейнелеу, жағымды қасиетін дәріптеу, кемшілік тұстарын сынау, бұлардың бәрі де жинақтағы жыр жолдарының арқауы болып алынған.



Автор өз елінің, туған халқы мен жерінің қилы-қилы тағдырын өлеңдерінің өзегіне айналдырады. Осыған осы кітаптың мұқият, ұқыпты оқырманының назар аударатынына сенімдіміз. Әрине, ақын біреу болғанымен оқырмандар (жинақ олардың қолына тисе) әр түрлі ғой, талғамдары мен талғаулары да бірдей деуден аулақпыз. Көптің көңілінен шығу оңай емес. Сонымен бірге жалпы адамзаттық әлеуметтік өмір ортақтастығы жеке адам дербестігін, ұлттық ерекшелікті өз бойына енгізіп отыратындығы да түсінікті болса керек.

Ойлы көзбен қараған оқырман өлеңнің өміршен күші күндерге де, айларға да, жылдарға да тоқталып, тосылып, қарайлап жатпайтындығын жинақтың аты «Жырлайды жылдар» деп тұрғанынан-ақ байқайтын болар. Бұл жерде өзара тәуелділік үндесіп, тілдесіп жатқаны даусыз. Ал ақын орталық, орындаушылық қызмет атқарып тұрған сияқты. Өйткені оның міндеті өзінің санасынан тыс қалыптасқан сыртқы өмір шындығын өлең жолдарымен қағаз бетіне түсіру, көркем образ, бейне жасау, өмірді

өлеңге, өленді өнерге айналдыру болған. Өмірде белгілі бір шекара, мерзім болғанмен өлең мен өнер ондай өлшемдерді місе тұтып жатпайды.

Шығармашылыққа үңілу барысында қазақ халқының, туған ұлтымыздың тілінің байлығына, көркемдігі мен тереңдігіне, теңеулерінің молдығына тағы да бір тәнті болдық. Оларды білу мен меңгеру, қолданысқа түсіру, қорландыру мен әрлендіру, әдемілендіру әрбір саналы қазақтың өз халқына перзенттік қарызы мен парызы, борышы болуы тиіс екен ғой деген ой келді. Адамның ана тілі оның шынайы бақыты, өзінен ажыратып алуға келмейтін қасиеті, атрибуты. Ал ұлттық тілдегі өлең жолдары осыған үндейді.

**Баспадан.**



## ДОСТЫҚ ЛЕБІЗ

6


Өтекең (Өтеш Қарашин) туралы біздің Рекең Оралдағы пединститутта оқып жүргенде сабақ бергенін айтып жүрген. Өтекең маған да Рекеңдей кадрды сен үшін тәрбиелеп қолына ұстаттым, соны бағалай біл деумен келеді. Өтекең тек философ ғана емес, тұнып тұрған ақын, қарымды журналист, ағалық жолын жақсы білетін әріптес, жолдас, жерлес. Мені 60 жылдығымда бүкіл қазақ еліне «Үлкен жолдың үстінде» деген көлемді мақаласымен таныстырған да осы Өтекең. Кездесе қалсақ әңгімеміз жарасымды, кездеспей қалсақ осы көрінбей кеттің ғой деп іздеп жүретін, жанашырлық танытатын Өтекең. Рекең екеуіміздің қуанышымызға бірге қуанып, бөлісе жүреді.

Елмен араласу, сәлемдесу, аман-түгелдік сұрасу сияқты ата жолды аңсап басқаға уағыздау, жаңарған жаңа жылымыз «Наурыз» мерекесін университет қабырғасында ашып, жастарға тәрбиелік маңызы бар арнауын өлеңмен өрнектеп жеткізген де Өтекең. Біз ағамызға аман-сау болып, творчестволық бағытта қанаттана берсін деп тілек айтамыз.


**Меңдеш Есқалиев,**  
Экономика ғылымдарының докторы, профессор,  
халықаралық экономикалық Евразия академиясының  
толық мүшесі (академигі).

\*Қараңыз: Исқалиев М.Д., Жалғасова Р.Ж. «Өмір белестері», Алматы, 2007, 37, 184-185 беттер.








Бірінші бөлім



# Көңіл көгершіндері



## ӨЛЕҢМЕН СЫРЛАСУ

Жүремін кәсіп етпей ақындықты,  
Өлең-ау менде нендей ақың кетті.  
Келесің көшеде де, үйде түнде,  
Мазамды кетірдің ғой мүлдем тіпті.

Жаным-ау, жолдас па едің тумысымнан,  
Бір күні қалдырарсың жұмысымнан.  
Бұрыннан тапсаң мені қайда қалдың,  
Ұялып көп ақыннан бек қысылам.

Болған соң сөз патшасы — жүйрік тұлпар,  
Менсінбей жүрмейсің бе, менде нең бар?  
Әлде бір құлың етіп алмақпысың,  
Немесе асаумысың бұлқып жығар.

Әлде сен құлқынқұмар жайынбысың,  
Жұтуға шабағынды дайынбысың?  
Аузыңнан арашалап алар мүмкін  
Қақ жарған қара қылды байырғы сын.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Қайта туған — тәуелсіз Қазақстан,  
Ол әлемге қарайды күн шығыстан.  
Даласының қыруар байлығы бар,  
Бұл қазақтың мекені әуел бастан.

Кең пейілді, еңбекқор қазақ халқы,  
Аңшы, малшы, кеншілік кәсіп — қалпы.  
Алтыбақан, Ақ отау жайлаудағы,  
Алтынқабак, Атжарыс, Айтыс салты.

Қазақстан достарға құшақ ашқан,  
Оған куә ай мен күн, ашық аспан.  
Мұнда келіп барлық ұлт бауыр басқан,  
Туыстасып, еңбекте ұйымдасқан.

Қазақстан ғарышқа қадам басқан,  
Бірігейік ағайын бір туысқан.  
Бір кісідей жұмылып ортақ іске,  
Берік ұстан Туынды, берік ұстан!

## САЙЛАУ МЕН ТАҢДАУ

Ал қане, тандауынды жаса халық,  
Алдында партиялар тұрғаны анық.  
“Нұр Отан” — Президент партиясы,  
Ол сені қиындықтан шығады алып.

Осы ой сайлаушылар сенімінде,  
Көп болып шешім еткен бірігуге.  
Сараптап салса әркім санасына,  
Сайлау сын теңдігіне, елдігіне.

“Нұр Отан” Нұрсұлтанмен қатар есім,  
Бастайды адастырмай елдің көшін.  
Солар ғой шын мәнінде сертке берік,  
Молайтқан өз халқының несібесін.

Елбасы дана тұлға сыннан өткен,  
Осыған жұртшылықтың көзі жеткен.  
Егер де кейбіреулер қалыс қалса,  
Кешікпей өкініші кетпес естен.

Баяндап партиялар жоспарлы ісін,  
Көрсетпек демократияның шын үлгісін.  
Алайда атқарылған істер көп қой,  
Танытқан Елбасының ерен күшін.

Көз салсақ басқарудың желісіне,  
Билікті болады екен бөлісуге.  
Жасалды енді бұған жаңа қадам,  
Президент - Парламент үлгісінде.

Тағы да партиялар сөз алды да,  
Сөйледі бұқараның көз алдында.  
Олардан “Нұр Отанның” орны бөлек,  
Ол дара — құрамы зор өз алдына.

Тұтастық, тұрақтылық — ең тиімді,  
Қалдырмас бейжайлықта кімде-кімді.  
Әуелі экономика — жүрсін алда,  
Саясат — одан соңғы ел тірлігі.

Бұл ұстам Назарбаев назарында,  
Көзделген “Нұр Отанның” Қарарында.  
Ғылыми концепция мұның өзі,  
Тартылған тепе-тең боп таразыға.

Жанарған Қазақстан өміріне,  
Қызыға қарайды әлем бүгін міне.  
Дәлелдеп келе жатыр жеңістерін,  
Біздің ел практика негізінде.

Дүние болды куә бұған тағы,  
Нәтиже көрсеткен соң сайлаудағы.  
“Нұр Отан” сексен сегіз пайыз алды,  
Дауыстан партияны тандаудағы.

Күтіп тұр сындарлы істер әлі де алда,  
Айқын ғой міндет, мақсат, бағдарлама.  
Оларды шешері анық еліміздің  
Елбасы партиясы бастап алға.

Алматы қаласы,  
20 тамыз, 2007 жыл

## АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазған: *Өтеш Қарашин*

Музыкасын жазған: *Серік Еркінбеков*

Халықаралық қатынас — ұранымыз,  
Әлемдік тіл біздердің құралымыз.  
Білім, ғылым жемісін бірдей теріп,  
Еңбек ету ел үшін мұрадымыз.

*Қайырмасы:*

Ұлдар да, қыздар да біздерде,  
Сенеді шуақты күндерге.  
Ұстаздар, шәкірттер бәрі де,  
Сөйлейді әлемдік тілдерде.

Шығарамыз өнермен Отан данқын,  
Танытамыз әлемге қазақ халқын.  
Таратамыз, өзара байытамыз  
Халықтардың, Ұлттардың дәстүр-салтын.

*Қайырмасы:*

Мамандарды береміз шаршамастан,  
Қабылдаймыз жастарды тоқтамастан.  
Университет өседі, өркендейді  
Абылай хан есімін етіп мақтан.

*Қайырмасы:*

## УНИВЕРСИТЕТТИҢ ТҰСАУКЕСЕР ТОЙЫНА БАТА

Тұсаукесер аяқталып келеді,  
Келіп қалды батаның да кезегі.  
Қол жаяйық, орнымыздан тұрайық,  
Ақ батаның ағытылсын көгені.

Заты болып, аты болмай жүр еді,  
Университет қайта туып түледі.  
Күнде мұнда аталсын тек алдымен  
Абылай хан — Баба есімі киелі!

Бабамыздың аруағы қолдасын,  
Жақсылықтар таба берсін жалғасын.  
Ақылдылар, біліктілер көбейіп,  
Ерсіліктер, кемшіліктер болмасын.

Тіл мен білім, ғылым, жүрек төртеуі,  
Төртеуінің өсе түссін өркені.  
Абылайлықтар амандықты еншілеп,  
Тойға толғай бүгіні мен ертеңі.

Басқалардан олар артта қалмасын,  
Ізгіліктен, ізденістен танбасын.  
Озат болып ұстаздықта, оқуда,  
Болашағын ғылымменен шындасын.

Халықаралық қатынасты өңдендер,  
Дүниежүзілік барлық тілде сөйлендер.  
Егеменді елімізді танытып,  
Өркениет төрлеріне өрлендер.

Қазақ тілі қалып қойып жүрмесін,  
Барлық тілдің көтеріндер іргесін.  
—Көп тілділер — бұлар кімдер? — дей қалса,  
Осындағы ұлдар, қыздар: — Біз, — десін.

Студенттер! Алдарыңнан күн шықсын,  
Салауатты өмір салты орнықсын.  
Ішкілікке, ішімдікке салынбай,  
Темекіні сұр жылан деп шын ұққын.

Мына заман оңай емес, ұғындар,  
Сегіз қырлы маман болып шығындар.  
Жолдарыңа нұр шашырап, гүл бітсін,  
Жаңа ғасыр бастаушысы болындар.

Өтіріктен, өсекшіден сақтасын,  
Пәле - жала жолда жақын жатпасын.  
Әділеттік, әдемілік ұлғайып,  
Кіршіксіздік өзін-өзі ақтасын.

Босағадан адал достар аттасын,  
Бастамалар ала келсін жақтасын.  
Осындағы еңбеккерлер бәрі де  
Жұмыстарын ықыласты бастасын.

Барша жұртта саулық, бақыт зор болсын,  
Ұстаздарда жетістіктер мол болсын.  
Ректордың маңайына топтасқан  
Алда ұзақ ынтымақты жол болсын!

Әумин!

04.11.1998



## НАУРЫЗ ТОЙ

Наурыз тойы — көктем тойы — жаңалық,  
Жаңа жылда бусанды жер жаңарып.  
Келіп жатыр жыршы құстар ән салып,  
Гүлдейді бақ көк майсаға оранып.

Күн менен түн озамыз деп таласты,  
Кешегіден бүгін ерте таң атты.  
Үлкендер де балалардай қуанып,  
Күлкілері, әзілдері жарасты.

Наурыз көже жасалыпты дәмді етіп,  
Ақ боз үй де тігіліпті сәнді етіп.  
Домбырада өрнектеліп күй мен жыр,  
Жастар шығып би билейді әндетіп.

Ақ көңілдер, пәк көңілдер жамырап,  
Іштей түлеп құлпырады жадырап.  
Еліміз де, жеріміз де достықтан,  
Айнымайды өтсе де уақыт зымырап.

22.03.1995

## НАУРЫЗ ТОЙЫНА БАТА

Халқымыздың көктем тойы —  
Наурыз келді сұлу бойлы.  
Жыл жаңарып, жайнады жұрт,  
Жас төлдер де салды ойын.

Ұлыс қой бұл, оңды болсын,  
Мал семіріп қонды болсын.  
Үлкендерден үлгі алып,  
Жастар өсіп, жөнді болсын.

Молшылыққа кенелгейміз,  
Озаттарға теңелгейміз.  
Бакыт қонып басымызға,  
Елмен бірге көгергейміз.

Ауру, пәле кездеспесін,  
Қулық-сұмдық күндеспесін.  
Дос қуансын күліп-ойнап,  
Дұшпан келіп: “Сен” деспесін.

Санамызға білім кірсін,  
Ғылым тапсын шын үрдісін.  
Ата-баба аруағы,  
Бәрімізді қолдап жүрсін.

Әумиін!

22.03.1993

### МЕНІҢ ОРАЛЫМ

Өлең келді, өмірге өлең келді,  
Қол қусырып сіздерге сәлем берді.  
Тәй-тәй басқан аяғын нәзік қалам,  
Облыстың көлемін көрем деді.

\*\*\*

Арнадым саған жырымды,  
Бойымды шаттық билейді.  
Құптағандай мұнымды  
Шөптер де басын изейді.

Оралым, менің Оралым!

Электрдің тоғындай  
Қиялыма тарадың.  
Көптен бері жырлауға  
Түспей жүр еді оралым.

Оралым, менің Оралым!

Көшенде жүрсем сеземін  
Құшағындай ананың.

Жанға жайлы, рахат  
Беттен сүйген самалың.  
Оралым, менің Оралым!

Қатар-қатар теректер  
Көшелерді қуалай.  
Жапырақ тұрса ырғалмай,  
Қалар ма едің жырланбай.  
Оралым, менің Оралым!

Жүрекке ыстық, бауырмал,  
Еңбек сүйгіш адамың.  
Сәулетті, сәнді көркінмен  
Ойымды менің орадың.  
Оралым, менің Оралым!

Комбайн жүр тыңында  
Аралап астық торабын.  
Қайтемін ойлап кешегі  
Егіншінің орағын.  
Оралым, менің Оралым!

Самолет боп қонармын  
Шалғайдағы қырыңа.  
Сүңгуір қайық өзім боп,  
Жүзермін терең суыңа.  
Оралым, менің Оралым!

Жетпей жатыр ұғым да,  
Жетіспей жатыр жырым да.  
Өмірім жетсе жүз жылға  
Сүңгірмін талай сырыңа.  
Оралым, менің Оралым!

06.11.1957.

## КІШКЕНТАЙ ІНІМ

Анасы бір аттаса,  
Ол екiнi аттайды.  
Шарбақты шарлап жүгiрiп,  
Үйде де тыным таппайды.

Кiтап көрсе қызығып,  
Бауырына басады.  
Қарындашты уыстап,  
Ойыншығын шашады.


Журналдарды ақтарып,  
Суреттерiн қарайды.  
– Автомобиль, самолет  
Менiкi деп қалайды.

Шарбаққа да, үйге де,  
Өскеннен соң сыймассың.  
Отаныңды аралап,  
Қызықтаудан тынбассың.


Қызықтап қана қоймайсың,  
Жаңа өмiр құрасың.  
Дамыт, сақта, қадiрле  
Ата-ана мұрасын.

Ендi мiне төрттесiң,  
Туған айың Ақырап.  
Күтiп тұр айқын алдында  
Болашағың жарқырап.




23.10.1957.



Екінші бөлім



Жарасты  
адамзатқа  
бауырластық



## ӨСИЛЯ АПАЙҒА

Болса да кішілікке жаным құмар,  
Біртіндеп артта қапты біраз жылдар.  
Есейіп, ер жетіпін әке болып,  
Ұл-қызым келеді өсіп медет қылар.

Сонда да әлі есімде балалығым,  
Өмірдің көргенім жоқ алалығын.  
Бір түрлі жас баладай масайраймын  
Үлкеннің естігенде «қарағымын».

Келгенде есте ұстап кішілікті,  
Қадірлеп үлкендікті, кісілікті.  
Алдымнан Апай шықты-ау құшақ жая,  
Бауырмал іні жанын түсініпті.

Шаттанып ойға қалдым осы тұста-ақ,  
Гүлденді көңілім сергіп, көктемге ұсап.  
Жарасты-ау адамзатқа бауырластық,  
Айнымас туысқандық, ыстық құшақ.

14.09.1965

## АРДАҚТЫ ХАЙРОЛЛА ҚАСЫМЖАНОВ АҒАҒА

Адам көп ақпейілді, қарапайым,  
Ондайға кезі келсе жаның дайын.  
Ауырып, өлдеқалай қиындықта  
Тауыпшын айтылатын сөз ынғайын.

Айтарлық болмаса да ауыз жартып,  
Жатыпшын азды-кем күн төсек тартып.  
Мені бір үлкен кісі іздеп кепті,  
Болар ма мұндайда сый бұдан артық.

Сол болды өлеңге де, ойға демеу,  
Қиын ғой жақсыларға табу теңеу.  
Жеткенде төбем көкке қиял самғап,  
Секілді оны орынды әкемдей деу.

Ой ғажап, «әкемдей» деу қалды жетпей,  
Сыры көп мазалайтын естен кетпей.  
Ол тіпті жас жігітше жайрандайды,  
Алпыстан асқанын да елең етпей.

Абзалы жаны жастың өмірі жас,  
Жас десек ондай жанды артық болмас.  
Қалайша кәрілікке сыйғызарсың  
Жайдары азаматтың дәуірі жас.

06.11.1965.

## АМАН БОЛСЫН, ЖАҚСЫ АҒА

Есік ашып рұқсатын алдым да,  
Кең болмеге көз қиығын салдым да.

Сәл кідіріп сәлемдестім онымен,  
Сірә, біраз қысылып та қалдым ба?

Мен отырмын алдында үлкен ағаның,  
Көріп оның кең пейілді қабағын.  
Жан жүрегім елжіреді дегенде ол:  
– Не жұмыспен келіп едің, қарағым!

Айналмас па ағасынан інісі,  
Бітер болса оған келген жұмысы.  
Қарағымдап інілерін тұратын  
Көркейсін тек жақсы ағамен ел іші.

12.12.1965.

### ҚОС КЕЛІНШЕК

Келіншектердің бар екен  
Жіңішкесі, жуаны.  
Мойны отырып жуанның,  
Салбырайды бұғағы.

Жіңішкесі сызылып,  
Сөйлейді, жай күледі.  
Ал жуаны ырғалып  
Әзер басып жүреді.

Қатар тұра қалғанда,  
Талшыбық пен томардай.  
Кең дүние өмірде  
Контраст көп солардай.

18.03.1966



**ҒАЛЫМ ПАРАСАТЫ**  
(Профессор Қасым Бейсембиевке)

*Көтеріп шабыт жөнөді,  
Ішусіз тұрды асым да.  
Арнаймын осы өлеңді  
Ұстаз аға Қасымға!*

Ол ойда, қозғалыста әрдайымда,  
Кең жатыр кере қарыс мандайы да.  
Әзілі, ақ жарқынды күлкісі бар,  
Табиғат сыйлағандай өр бойына.

Жастарға білім, ғылым зор сын дейді,  
Кейісе, шәкіртіне болсын дейді.  
Белгілі айтпаса да жанарынан  
Көп шәкірт өзіндей-ақ болсын мейлі.

Сарсылып күндіз-түні отыр ғалым,  
Жүйелеп зерттегенін, оқығанын.  
Сөйлесе шаршы топты жиындарда  
Көресің халқы ұйып отырғанын.

Ол тіпті ерінбейді, жалықпайды,  
Бәрін де парасатпен байыптайды.  
Ақтарып ғасырлардың қазынасын,  
Қоғамдық өткен ойды анықтайды.

Болған ғой қазақ жері ойға толы,  
Таптардың саясаты, күрес жолы.  
Оларды ғалым ойы шарлағанда  
Кітаптар туындайды соны-соны.

02.04.1966

## ДОСЫМА

Сау болса жаным, жалықпан,  
Азапты ой мен жазудан.  
Толғанып ойда жүрсем де  
Жанмын ғой досты сағынған.

Қиындыққа кездесем  
Досымсың менің табылған.  
Жүргенде алыс шалғайда,  
Қалайша сені сағынбан?!

Көргенмін жұрттың талайын  
Достығынан жаңылған.  
Ондайлардың несі артық  
Шөлейттегі сағымнан.

Болсын да солар өзіндей  
Ағыннан дайым жарылған.  
— Керек, — десе: жолдасқа  
Қан беретін қаныңнан.

Қалмайсың өсте жадымнан,  
Кетпейсің көз алдымнан.  
Адал жанды азамат,  
Қалайша сені сағынбан?!

02.04.1966

## ТУҒАН ЖЕР

Келгенмін кең өмірге қия қырда,  
Ұмытпан оның шағыр-қияғын да.  
Шөп теріп, қозы бағып колхозымда,  
Ойнаушы ем асау тайдың құлағында.

Өтіпті-ау содан бері айлар, жылдар,  
Асыпмыз еңбекпенен асу қырлар.  
Ел түлеп, ұлы да өскен, қызы да өскен,  
Бой түзеп кемелденген жан қыруар.

Бүгін көп туған жердің санлақтары,  
Сәулетті, электрлі шаңырақтары.  
Шалқыған байлық көзі, сәнді тұрмыс, —  
Еңсесі биіктепті самғап тағы.

Сөз емес шапқан тайдың тұяғы да,  
Жөнкиді машиналар ойда, қырда.  
Шағылысып күмбезді үйлер күн көзіне,  
Дегендей мені жырла, мені жырла.

Туған жер қасиетті топырағың,  
Әлі мол Отан қорын толтырарың.  
Баяғы құлан жортпас — бүгінгі Алып  
Маңғыстау, өскен Каспий, Атырауың.

Қожасы болсам да бір баспананың,  
Туған жер біріндеймін жас балаңның.  
Тұрсам да Алматылық астанада,  
Өзіңнен өмірге жол бастағанмын.

04.04.1966

**ТАҒЫ ДА КЕЛДІМ, ОРАЛЫМ!**

Ақ Жайық жатыр көсіліп тұлпардың шапқан ізіндей,  
Қарай қалсаң аспаннан ұстараның жүзіндей.  
Тұрсаң ғой ұзақ көз алмай ғажайып-ақ көрініс,  
Амал не, бірақ үстінен ұшып өттік кідірмей.

Апшысын алып алыстың самолетпен келемін,  
Түскенше жерге асығам Жайықтың көріп кенерін.  
Алматыдан шықсам да, мейлі онда тұрсам да,  
Ұшарым, қонар тұғырым, тұрағым Орал дер едім.

Қалайша деп сұрасаң айтайын оның себебін:  
Алғаш рет Оралдан тұтанған еді еңбегім.  
Сондықтан болар, әйтеуір, Оралыма табынам,  
Жұмсасам деймін халқыма еңбегімнен өнгенін.

Оралым сенде, өзінде махаббат жолын бастағам,  
Өмірлік серік жар құшып, өзімдік болған баспанам.  
Есімнен кетпес әсте бір тынымсыз өткен күн-түнім,  
Өзінде келген дүниеге тұңғыш ұлым - бас балам.

Апшысын алып алыстың әуелетіп келемін,  
Көріп келем кең жердің биігін де, төменін.  
Өзгеге төмен болсаң да, өзімнің ең биігім,  
Армысын қалам – Оралым? Армысын менің өз елім.

30.06.1966

## ҚЫРМАНДА

Қырманда бейбіт еңбек солдаттары,  
Отанның игілігін қамдап бәрі.  
Дамылсыз қимылдайды онды-солды,  
Мол өнім ақ бидайдан алмақ тағы.

Қайнаған қажырлы еңбек күні-түні,  
Жарыса гүрілдейді мотор үні.  
Қыздар жүр машинаға астық тиеп,  
Әп-сәтте-ақ, дегенінше өне-міні.

Толтыра дән тиелген машиналар,  
Тізіліп керуендей жолға шығар.  
Бірыңғай ұйымшылдық істің күйін  
Көрген жан шабыттанбай қалай тұрар?!

Ақ бидай үйіліпті қыр-қыр болып,  
Кеудеге төгіледі ән-жыр болып.  
Тапжылмай есепші отыр столында,  
Қағазға дән түседі цифр болып.

20.07.1966

## БАҚТЫГЕРЕЙ ШОПАНҒА

Боран да басылмады-ау алай-дүлей,  
Күндіз-түн буырқана соғады үдей.  
Қырдағы қора-жайды қармен жапқан,  
Бұл қысты не деуші еді «қоян» демей.

Мұндайда мал басынан бермей шығың,  
Күрескен қойшыны айт ердей мығым.

Табиғат дүрмегімен арпалыста  
Талайы жүрген жоқ па үзбей жұбын.

Жаз келсе бет күйдірген аптабымен,  
Еңбекқор қайдан жүрсің бап-бабымен.  
Шыпшыта маңдайынан ащы терін,  
Рахат малдан көрген баққанымен.

Жазғанға өзінен-ақ туар дастан,  
Үйренген мал бағуды бала жастан.  
Жұлдызы жарқыраған — ерлік жолы,  
Халқына еңбегімен болған мақтан.

Жайықтың бойында бір зәулім шынар,  
Менің де озат шопан танысым бар.  
Шамшырақ малшы қазақ жастарына  
Мухсинов Бақтыгерей өзі шығар.

07.08.1966.

### АҒАМ МҰҚАНӘЛІГЕ

Асқар биік тау десем, бұ да кіші,  
Жан аға таудан биік — мен інісі.  
Тұр міне, күлім жүзің ұзақ шолып,  
От басының ұйтқысы, сен үлгісі.

Бала едім ес білмейтін, еркелеттің,  
Қасыннан қалдырмадың, ерте кеттің.  
Ат мінсең өзіңе де, маған да ерттеп,  
Түс ауа, кейде тіпті ертелеттің.

## ЕСКЕ АЛУ

(Ұлы Отан соғысы және Еңбек ардагері  
Қарашин Мұқанәлі 2000 жылдың 31 тамызында  
қайтыс болғанда)

Қан майданда жүрген ол бастан-аяқ,  
Отан үшін қалмаған жанын аяп.  
Жас қырандай шайқасты зұлым жаумен,  
Ажал оғы жатса да қардай борап.

Оралған соң жеңіспен еңбек етті,  
Абырой мен беделге қолы жетті.  
Ақылы мен қайратын қатар ұстап,  
Жалаға да алдырмай аман өтті.

Өзі өсірген біздер бір шыбықтаймыз,  
Мұқанәлі орынын суытпаймыз.  
Қамқоршы Аға, Әке бола білген,  
Оның жарқын бейнесін ұмытпаймыз.

## ӘЙШЖАН АҒАНЫ ЖОҚТАУ

Не пайда жылағанмен нөсерлетіп,  
Қинадың Әйес аға ерте кетіп.  
Қалды ғой ұл-қыздарың жетімсіреп,  
Жеңгемді атандырдың жесір етіп.

Ән кетті көмейінде айтылмаған,  
Күй қалды домбыранда тартылмаған.  
Сабырлы, сары алтындай асыл аға,  
Өзгеше қымбат еді салтың маған.

Маусым, 1991.

## ПРОФЕССОР САҒЫНДЫҚ КЕНЖЕБАЕВҚА

### I

Ақандай Құлагермен сыландаған,  
Ағасыз биіктерде шығандаған.  
Мен сіздің құдіретіңізге ғажап қалам,  
Сабырлы салмақпенен сыр аңдаған.

Жеңгенсіз фашизмдей жауызды да,  
Алдыртпай арамзалы ауыздыға.  
Жүргейсіз жүзге жетіп ортамызда,  
Дарытпай бойыңызға ауруды да.

20.03.1987

### II

Ашық жаумен, жабық жаумен күрескен,  
Бәрінде де жеңілуді білместен.  
Келе жатқан Кенжебаев Бақытты,  
Енді ол елші сексенмен де тілдескен.

Өз халқына перзент болып келеді,  
Азаматтық парыз оны иеленді.  
Орыстар мен украиндар, немістер  
Оны тіпті өз ұлындай көреді.

Өмірінде өткелдерді көп көрген,  
Бір басынан мұң мен зарды өткерген.  
Аштық, тоқтық, қиыншылық, жоқшылық,  
Оларды да бірге көрді көптермен.

Барып келді Батыстағы соғысқа,  
Жүзді жастай Отан деген ағыста.  
Үлкенге іні, кішіге аға, қамқор боп,  
Бүгін енді бөленуде алғысқа.



Сексен жүйрік, жеткізбейді әркімге,  
Оның өзі көп те емес, әрине.  
Той иесі жүзге жетсе қуаныш,  
Құттықтаймыз сексенімен әзірге.

Аға өмірі жастар үшін зор дастан,  
Шұғылалы, тыныш болғай алда аспан.  
Сәке аға, самғай түскей, әлі де  
Қиядағы қыран құстай талмастан.

15.05.2004

### КҮМІС ТОЙ ШАШУЫ (Ғалымжан мен Нұрбиғаға)

Мектептен қос аққудай түлеп ұшқан,  
Жастар ең білім іздеп, арман құшқан.  
Білмеймін студенттік кездерінде,  
Махаббат келіп қалды қай-қай тұстан.

Өтсе де талай жылдар тізбектелген,  
Мектеп тұр көз алдымда біз беттеген.  
Көңілдің көк дөненін тепендетіп,  
Сендерді жастық шақтан іздеп келем.

О бастан түнделетіп бір жүрдіндер,  
Дем жұтып бір-біріннен бүлдірдіндер.  
Баяғы балалықты өкпелетіп  
Бүгінде: - “Күміс той”! – деп күлдірдіндер.

Таптындар қайдан ғана құптасуды,  
Бір тұрып, бірге жатып, ұйықтасуды.  
Сендерді періштелер деуші едім,  
Білмейтін жұғысуды, жұптасуды.

Болдындар, әке-шеше абыройлы,  
Өткізіп қиындықты, талай тойды.  
Қанекей, айтындаршы өтірік деп,  
Қыздарың келеді өсіп ойлы, бойлы.

Зымырап уақыт көші ұстатпады,  
Қалдырып артта жайлау-қыстақтарды.  
Сендерге бала көзбен қараушы едік,  
Толыпты ширек ғасыр жұптасқалы.

Күш-қуат сарқылмастан тұла бойда,  
Жайнандар жас дәуренді сақтап ойда.  
Арғысын, аман болсақ, көрерміз-ау,  
Келгейміз келесіде Алтын тойға!

18.03.1983

### МҰНЫҢ ҚАЛАЙ, ДОС ЖІГІТ

Жүруші едің бір кезде  
Күліп-ойнап жарқылдап.  
Ал, не болды бұл күнде,  
Барасың мүлдем салқындап.

Жүзбе-жүз келіп қалғанда,  
Жай танысқа ұқсайсың.  
Неліктен менен әманда  
Бойынды аулақ ұстайсың?

Сырт орай жүрсең осылай,  
Табалар бізді сырт адам.  
Мұның қалай досым-ай,  
Көрінуші ең қырқадан?..

12.12.1970

## ҚАДІРІНДІ БІЛЕМІЗ

Ардақты арлы азамат Тілеуғажы,  
Мінезің жайма шуақ күндей жазғы.  
Ойлысың, ақылдысың, сабырлысың,  
Тұнықсың болдырмайсың өкпе-назды.

Елуге біреу келген, келген емес,  
Бұл да бір өмірдегі үлкен белес.  
Достарың, жолдастарың қасындағы,  
Әлі де жүз жасасаң артық демес.

Өз басым сені елуге қия алмаймын,  
Көңілде балғын шағың ұялайды.  
Сыйластық, айнымайтын бауырластық,  
Өссең де айналады, аймалайды.

Білеміз қадірінді, қасиетінді,  
Кіршіксіз, іркіліссіз ниетінді.  
Тілектес әріптестерің ойлап еді,  
Тойыңа ат пен шапан сый етуді.

Амал не, ойда жоқта қысты нарық,  
Әзірше бола алмадық одан қарық.  
Бұрынғы бар нәрселер көзден ұшты,  
Жоймақпыз тапшылықты қайда барып?..

Ұстазсың ұлағатты, тілге шебер,  
Философ-ғалымдығың — іргелі өнер.  
Молайтып ойларыңды, тойларыңды,  
Сау болып, ұзақ жасап гүлдене бер.

20.01.1992

## ОРЫС АҒАЙ

Жастарды қызым, ұлым, інім дейді,  
Мейірбан ықыласымен күлімдейді.  
Ақылды өзілімен қағытқанда,  
Кішіге үлкендігі білінбейді.

Бұзбастан өзіне тән орыс салтын,  
Сүйеді алуан ұлтты елдің халқын.  
Алардай құшағына адалдықпен  
Татаусыз, кең пейілді жүзі жарқын.

Ол берік айнымастық жолдастыққа,  
Достыққа, адамдыққа, сыйластыққа.  
Кісіге тек жақсылық ойлайтыны,  
Жаны жаз пікірлестік сырластыққа.


Жүрсең бір шешілмейтін ойда қалып,  
Боларсың одан ғана ойға қанық.  
Айқасса әділді мен әділетсіз,  
Шығады дұрыстықты қолдап анық.

Мен сондай жақсы ағаның қасындамын,  
Сүйемін, қадірлеймін асыл жанын.  
Осындай орыстың бір ұлын көрсем,  
Сезінем өз халқымның досын кәміл.


14.04.1968

## АУЛАҚПЫН

Аулақпын мен көрінгенді мақтаудан,  
Артық рет ақтаудан да, жақтаудан.  
Адал ниетті алыспен де туыспын,  
Арам ойлы жақынымнан сақтанғам.






Үшінші бөлім



Ой

ТОЛҚЫНЫ



### ТҮРСА ДА КӨЗІҢ КӨРІП

Ұдайы мені бір ой мазалайды,  
Абзалы сараң болған жарамайды.  
Тұрса да көзің көріп, қолың жетпей,  
Көп нәрсе қымбаттықтан тарамайды.

Білмеймін, қараулық па, қаттылық па,  
Қалайша кезігіппіз жат қылыққа.  
Адамдар жылы жүзді, мейірімді  
Болса ғой жаны жақын жақсылыққа.

### АҚЫННЫҢ ОРАМАЛЫ

Алатаудай айбарлы жыр қыраны,  
Жауар бұлттай бүгін ол тұнжырады.  
Қаралы топ ішінен шыға бере,  
Іштей тынып, егіліп зар жылады.

Бұл менің ақын досым – Тұманбайым,  
Санжардың қазасынан тартқан уайым.  
Үндемей сүйей бердім қолтығынан,  
Мұндайда табу қайда сөз ыңғайын?!

Жігіттің кемеңгері еді-ау Санжар,  
Өзіне тең келмейтін талай жандар.  
Ақылды, салиқалы мінезімен  
Халқына көрінетін сондай заңғар.

Ақынның жасқа толды орамалы,  
Табылмай тағаттықтың бір амалы.  
Өмірден ерте кеткен адам жаны  
Өртейді-ау өзегінді, бар сананды.

Әрине, қамығасың, қайғырасың,  
Досыңнан, туысыңнан айрылғасын.  
Бүйірінді қатал тағдыр қыссадағы  
Болмайды тыймасыңа көздің жасын.

### ТАМАША ЖАНДАР

Алғаш рет көктем тойы соларда,  
Әйелдердей тамаша жан болар ма?  
Ау, жігіттер, азаматтар сыйлайық  
Ең әдемі көктем гүлін соларға.

Жердің жүзі дүбірлейді бусанып,  
Аналар деп, Апалар деп ән салып.  
Қарындастар, ару қыздар билеуде,  
Қуануда өз тойларын қарсы алып.

Жүздерін тек қайғы бұлты шалмасын,  
Құшақтары гүл құшудан танбасын.  
Ұрпақтардың шын қамқоры солар ғой,  
Бақыттары таба берсін жалғасын.

07.03.1995

**БАР СҰЛУЛЫҚ КӨЗІНДЕ**

Бар сұлулық төңкерілген көзінде,  
Ашылмаған сырлары көп өзінде.  
Қандай жанға жар болды екен ақыры,  
Талайларды тамсандырған кезінде.

Бұралады, ырғалады ақ қайындай,  
Құлпырады жел шайқаған шалғындай.  
Күлкісі бар сыңғырлаған бұлақтай,  
Ақ маралдан қалғандай бір айнымай.

Сөйлей қалса сөзге шешен көрінер,  
Әңгімеге, әзілге де берілер.  
Талғамына татымайтын адамнан  
Үнсіздікпен безінер де жерінер.

38

Жылдам жүрсе сырғиды бір сынатпай,  
Ұмтылады бәйге бермес құр аттай.  
Біраз жылдар қалсадағы соңында,  
Ұзақ таңға үзілмеген шырақтай.

27.08.1995

**САМИҒОЛЛА ЖАҚСЫБАЙҰЛЫНА**

Соғыс бұлты тұрды қаптап тарамай,  
Жерде шайқас, аспан жалын жағалай.  
Жүрді сонда Отан үшін жас жігіт –  
Самиғолла жауған оққа қарамай.

Болашаққа сеніммен ол көз тікті,  
Талай қауіп-қатерлерге кезікті.  
Жаны адал, қайсар туған азамат  
Жеңіп шықты, қорғап қалды елдікті.



Қайран тірлік, ұмытпайды ерлікті,  
Есте сақтап кемдікті де, тендікті.  
Көрем бүгін Самиғолла ағадан  
Қазағымнан жеріндей бір кендікті.

Ол жарқылдап, әзіл айтып күлгенде  
Балалық шақ оянғандай бір менде.  
Үндеместен еске аламын Анамды,  
Нағашыма тартқанымды білем де.

Бейбіт өмір сені айтсақ қиын деп,  
Ер жауынгер Ағаларға сыйын кеп.  
Қазіргі ұрпақ көрмей өскен соғысты,  
Ардагерге борыштысың, сыйың көп.

Жеңіс күні мен Ағаны ардақтап,  
Қарай берем қабағына жалтақтап.  
Дені сау боп, ұзақ жасап жүргей ол,  
Балаларымен өз бақытын салмақтап.

09.05.1991

### ҒАЛЫМ ХАТШЫҒА

Ғалым хатшы байсалды болушы еді,  
Бәрін талдап, сараптап көруші еді.  
Ал бүгін өктем болып кетіпті ол  
Басқаша байыптайды, «тон пішеді».

Менімен амандаспай, ойланбай-ақ,  
Қорытынды шығарады сондай ғажап.  
— Сабақтан шықтың, — дейді, жаңа келсем,  
Мұнысы, біле алмадым, қандай мазақ.

– Боласыз өтірікші несіне құр,  
Кестесі сабақтардың ілулі тұр.  
Егерде сенбесеңіз айтқаныма  
Бір сәтке солай қарай мойныңыз бұр.

Дедім де келіп еді жөней бергім,  
Естілді құлағыма көмейдегі үн.  
Байқадым, хатшы «апайдың» бұйрығы екен,  
Бейнебір жүрісімнен көргендей мін.

Дейді ол: «Бір жүз он төрт» сондай суық,  
Сіздерді жібермекпін соған қуып.  
Беріңіз «309» бөлменізді  
Өйтпесең ғылыми кеңес кетер суып.

– Әрине, – дедім, – дұрыс маған салса,  
Қиын ғой ғалым хатшы тоңып қалса.  
«114» жайлы-жұмсақ болғанымен  
Жазуға столдар жоқ, амал қанша...

Студенттер жағдайы мазалайды,  
Біздерді олар қалай бағалайды.  
Екі сағат суыққа шыдаса да,  
Дәрісті тізелерінде жаза алмайды.

Бөлмелер диспетчерлер қолдарында,  
Соларда дұрыс бөлме болмады ма?—  
Деп едім құлақ асты сөздеріме,  
Қуандым түсініске барғанына.

## НАҒАШЫМ ДҮЙСЕКЕШКЕ

Жетпіспенен қалжындауға болмайды,  
Ол жеткізбей талайларды алдайды.  
Жетпіс жасты жетектепті нағашым,  
Оны қалай мақтасам да ынғайлы.

Ойша шолдым оның жүрген іздерін,  
Батыстағы балалығын іздедім.  
Нарындағы ойпаттар мен қыраттар  
Ол ойнаған жерлер ме екен білмедім.

Маған аян Атырау – Орал арасы,  
Ақ Жайықты жағалайтын даласы.  
Соны жаяу желе жортып өтіпті  
Тек Дүйсекеш – қазақтың бір баласы.

Оралда оқып, аттаныпты Мәскеуге,  
Онда әрине болған жоқ ол бос кеуде.  
Құрлықтағы малдың жайын білген соң,  
Кірісіпті балықтарды зерттеуге.

Мәскеуде ол жүзбесе де балықтай,  
Балық жайлы көп оқыпты жалықпай.  
Жоғары білім алысымен аулына  
Жөнеліпті ешбіреуге жолықпай.

Ізденіпті еліне кеп тынбастан,  
Жазу үшін ғылыми жұмыс – бір дастан.  
Кандидаттық дәрежесі ғылымда  
Ол сіңірген еңбегіне зор мақтан.

Больш көрді Атырау мен Балқашта,  
Олардағы қызметі бір басқа.  
Қосшылықтан басшылыққа өссе де  
Сертте тұрды аспасқа да, таспасқа.

Жан жылуын, кісілігін таратты,  
Сонысымен жұртты аузына қаратты.  
Уақыт көші түсіріпті тоқтамай,  
Жылдардағы жетпісінші паракты.

Өкінбейді ол жетпіс жасқа толғанға,  
Жеңгемізге сүйікті жар болғанға.  
Ұлы, қызы – сүйеніші өзінің  
Келіні мен қос немере тұрғанда.

Өмірінің артта қалып қиыны,  
Бола бергей қуанышы, қызығы.  
Жүдеместен жүзге жеткей нағашым,  
Таусылмастан қуаты мен қызуы.

11.01.1997

**БОТАНБАҚТАҒЫ КЕНЖЕҒАЛИҒА**  
(өзіл өлең)

42

Кенжеғали – жасың кіші інісің,  
Білінбейді байқап басқан жүрісің.  
Көп қазаққа ұқсамайтын өзгеше  
Күлімсіреп қарай қалған тұрысың.

Кемпірлерді «қыздар ғой» деп мақтайсың,  
Ондайларға өтпендер деп жатпайсың.  
Анда-санда өте қалсам қасыңнан,  
Қазы-қарта, коньяк сұрап қақсайсың.

Жеген жақсы, ішкен жақсы, әрине,  
Түсінемін қалжыңға да, өзілге.  
Жаңақалаң, Нарын – маған туыс жер,  
Ішіп-жейтін сондағылар бәрі де...

Бірақ мынау Алматы ғой әдемі,  
Ішкен-жеген біреулердің әлегі.  
Арақ-шарап, қазы-қарта ескірген,  
Ботанбақтан жеміс жеуің жөн еді.

28.06.1997

**МЕҢДЕШ ДОСМҰҚАНҰЛЫНА**  
(достық әзіл)

Абыздан аумайсыз, байқаса жұрт қарап,  
Алпысты мінекей отырсыз арқалап.  
Әрине, әлі де кәрілік тым алыс,  
Күлгейсіз қарқылдап, жүргейсіз жарқырап.

Ғылымға беріліп қалмаңыз болдырып,  
Денсаулық керек қой, алмаңыз тоздырып.  
Жетсеңіз жетпіске, көп емес сексен де,  
Жүргейсіз жүгіріп тоқсанды толтырып.

18.03.1998

**АНАСЫҢ ҒОЙ...**

Анасың ғой, дейін десем баласың,  
Кейде шалқып теңіздей-ақ боласың.  
Енді бірде көктемгі қар суындай,  
Тақылданып, сарқылып-ақ қаласың.

Жүргенінде күндей, гүлдей жайнандап,  
Кім қуанбас риза боп, қайран қап.  
Болса осындай бір мінезің тұрақты,  
Ағаң сені жүрмес пе еді Айнамдап.

Кейіс атып кіріп келдің алдыма,  
Сәлем де жоқ, бұрқыл жылау алдымда.  
Аман-сауға қатқыл жауап қайырдың,  
Тарс етті есік, әне кетіп қалдың да.

Қиын екен мұндайда ақыл айтуға,  
Тым болмаса, қош-сау бол,—деп айту да.  
Үй иесі ініме де тоқтамай,  
Тура келді дереу кейін қайтуға.

Аманбыз ғой әзір, шүкір, күйіктен,  
Бұл не сұмдық жылап жүріп киліккен.  
Сен де менің інімдейсің, қарағым,  
Сендерді тек көрсем деймін биіктен.

Қазан, 1965

### ҚАРА КӨЗ ҚАРЫНДАС

Қара көз қарындасым қандай әсем,  
Мінезі жайма шуақ, сөзі бәсең.  
Тұрғандай мейірбандық шамын жағып,  
Тек оны сол қалпында күнде көрсем.

Кейде бір қиналғандай басы қатып,  
Ол ұзақ отырады ойға батып.  
Шаршайды-ау сабырлы ойдың салмағымен,  
Ұдайы ерте тұрып, кештеу жатып.

Көрмейсің жүзінен бір сынық түрді,  
Беймәлім, ол кімдерді қызықтырды?!  
Қызық-ау, жігіттер де ұқпай жүрсе,  
Қыз жаны мен білетін тұнып тұрды.

9-10.12.1966

## КҮНДЕРІМ МЕНІҢ

Қараймын алға ұмтылып,  
Сенімім артып ертеңге.  
Тұрғандай шұғыла күн шығып,  
Бүгін де солай, ертең де.

Тұрамын ерте төсектен,  
Жатсам да кеш жұмыстан.  
Уақытты өлшеп есеппен,  
Еңбекпен болам туысқан.

Зырлайды менің күндерім,  
Арқалап дәуір жүктерін.  
Жаңғыртқан заман үндерін,  
Жасампоз неткен мықты елім.

## БІЛМЕЙМІН, ОСЫНДАЙДЫ КІМ БАЙҚАҒАН

Бір адам шертіп отыр әңгімені,  
Байқаймын өңі дұрыс, жөн біледі.  
Өтсе де ондап жылдар қартайман, — деп  
Мені әр сөздерімен күлдіреді.

— Тыңда мені жігітім! — деп бастады,  
Көрілік тұра тұрсын, — деп тастады,  
Өмірлік жастық үшін күресуге  
Шақырам қатарыма көп жастарды.

Білмеймін арағынды, темекінді,  
Оларды үйренбегем «ем» етуді.  
Қызбаймын көзге түскен әр нәрсеге,  
Ұмытпай орындаймын әдетімді.

Ерінбей атқарамын үй жұмысын,  
Сергиді сонда денем, үн тынысым.  
Жасаймын жаттығуды ертелі-кеш,  
Болсын деп бірқалыпты күндік ісім.

Кейбір жан кек сақтайды, булығады,  
Батырдай болғансиды дулығалы.  
Онысы өзге түгіл, өзіне де  
Пайдасыз, тек жүйкесін құм қылады.

Кейимін кейде жұмыс бабын ойлап,  
Кейимін кейде адамның жайын ойлап.  
Бірақ тез жадыраймын, кек қалмайды,  
Сырым бұл – үңілгенге терең бойлап...

Келсе де біраз жасқа қартаймаған,  
Жүзінен жігіттік өң, нұр таймаған.  
Бір адам айтты осы әңгімені,  
Білмеймін, осындайды кім байқаған.

16.04.1967

### БІР АУЫЛДАҒЫ ҚОНАҚТЫҚ

Кешкі ауылда қонақтықта түнімен,  
Отырады ішіп-жеумен жас-кәрі.  
Не болады ертең жұмыс мұнымен,  
Ауырмай ма, күндіз, сірә, бастары?

Ересектер жантаяды «кинга»-лап,  
Шылым тартып, үй ішінде көк түтін.  
Ұйықтамайды жас балалар «інгә»-лап,  
Осы ма екен денсаулыққа бек күтім?



Ойлайды кеп көк түтіннен сырттауды,  
Әйелдер де ерлерінен қалыстап.  
Тұр ғой күтіп рюмкалар ұрттауды,  
Алмағандар «салттан кетер алыстап».

Үй иесі қолдау тауып қатардан,  
Ішпесіңе қоймай келіп зорлайды.  
Арақ-шарап алыңызбен атар таң,  
Ішпей қойсаң бір қысылыс, бір «қайғы».

Шай дегенің жиналмастан жатқанда,  
Таң атқанда бес бармақ та дайын боп.  
Еркің білсін, мейлі сақтан, сақтанба,  
«Ас алды...» да күтіп тұрар «уайым боп».

Жемесіңе, ішпесіңе қоймайтын,  
Ұйықтатпайтын бара қалсаң ауыл бар.  
Көтермей көр өз ауылыңда мұндай сын,  
Көңіл жықпас жолдастар мен бауырлар.

\*\*\*

Қой демейміз қонақтықты, сыйлықты,  
Халқымыздың дәстүрі ғой ондайлар.  
Денсаулықты бүлдірмеген сый мықты,  
Уақытылы жатып-тұрып ойландар.

9.08.1969

### ҒАЛИЯ – ӘН-ДАУА

Бір дауыс жердің жүзін шарлағандай,  
Өткінші дүниені барлағандай.  
Ол салған халқымыздың әндерінен  
Көзіңнен еріксіз жас парлағандай.

Бір дауыс сондай нәзік тербетеді,  
Жанбырдай нөсерлетіп селдетеді.  
Оның бұл ойлы, мұңлы сыршыл үні,  
Көтеріп көңілінді сергітеді.

Бір дауыс бұлбұл құстай жыр жырлайды,  
Бұлақтай құлай аққан сынғырлайды.  
Бойыңа шуақ болып құйылғандай,  
Жүрегің жылуынан шымырлайды.

Бір дауыс — көкте қыран самғағандай,  
Көргендей алысыңды әлдеқандай.  
Ғалия әнімен де, сәнімен де,  
Жаныңды жақсылықпен жалғағандай.

Дауысына, сөзіне де назар салып,  
Тындайды, көреді оны барлық халық.  
Адамға таратады мейірбандық —  
Жұлдыздан, Ай мен Күннен қуат алып.

Маусым, 1994

## МЕКТЕБІМЕ

Мектебім білім — думан ордасысың,  
Жастықтың үзілмейтін жалғасысың.  
Қаламгер, ұстаз, ғалым — түлектерің,  
Бөрінің жақын жүрек жолдасысың.

Борышты сен ешкімге болмасаң да,  
Қарыздар шәкірттерің әрқашан да.  
Сен бастау, шығар күннің шұғыласы,  
Аттаным шебіндейсің алға — сынға.

\*\*\*

Мен де бір оқушымын мектебіме,  
Толса да талай жылдар кеткеніме.  
Әліппе – естен кетпес балалық шак,  
Жанымның құнарлы азық көктеміне.

04.02.1994

### ТҮСІН, МЕЙЛІҢ ТҮСІНБЕ (ішкіш ініге)

Тілің тәтті бала едің-ау тым шағын,  
Анаң сені деуші еді ғой: – Құлыншағым!  
Саған тіпті сөз шығындап жатпас ем,  
Толып тұрса аға-іні, ұрпағым.

Жараспайды азаматқа «айғырлық»,  
Біреулер жүр ар-ұяттан айрылып.  
Ондайларға туысымды қимас ем,  
Қалғанымша қанатымнан қайрылып.

Ойлап келем жарасам деп қанатқа,  
Аға алдында осылай деу ағат па?  
Алдымдағы асқар таудай ағалар  
Қылжақтасам алсын мені сабап та.

Өскенімді сезінсе де жүрегім,  
Қамшылары тиер-ау деп жүремін.  
Қорқып тұрам ағалардан бір түрлі,  
Сыйлау деген осы ма деп білемін.

Ағаларым – ар-ұятым егіздей,  
Бір-біріне құйып жатқан теңіздей.

Періште деп айтпасам да өзімді,  
Арым қойды арақты дәм дегізбей.

Аракқұмар – жастық жанын ұрлатқан,  
Өзін-өзі «ақылды» деп ұнатқан.

Ол – бейшара ағзаларын улатқан,  
Ол – беймаза өз үй ішін шулатқан.

Арақты сен мезгілсіз мұз-қар деп біл,  
Жұрдай болған жұдырықтай ар деп біл.  
Арақты сен жетім сәби – жар деп біл,  
Өміріңе өкінішті зар деп біл.

Арақты сен адуынды жын деп біл,  
Тамағыңнан тіліп өтер қын деп біл.  
Арақты сен құрылған тор, ор деп біл,  
Бүгінгі зор ақырында қор деп біл.

Арақты сен ойып түсер сілті де,  
Жат ауылдың жұртындағы иті де.  
Арақты сен алдамшы бір түлкі де,  
Ол қалдырған жайсандарды күлкіге.

\*\*\*

Көрме арақты өнің түгіл түсінде,  
Орта жолда қаза болған «ісім» де.  
Өз басыңды, аға арын ойласан  
Бұл айтқанға түсін, мейлің түсінбе!

17.04.1977

## ДОС КІТАБЫ – ҚУАНЫШ

Жүгіретін баласы да көрісі,  
Ауылдан бір ұл туғанда қуаныш.  
Достың бүгін ұлы – ғылым, әр ісі,  
Отырмадым қаламымды туарып.

Әлдекімдер маған көзін алартар,  
Бұл кітапқа қуандың деп наз айтар.  
Ондайларға кібіртіктеп, кідіріп,  
Мен емеспін дос көңілін жоғалтар.

06.06.1973

## ИМАНДЫЛЫҚ ИРІМДЕРІ

Арамдықпен ашық болған оңбайды,  
Түбі оны уақыт тауып қарғайды.  
Қанша ойын жасырғанмен оздым деп,  
Сүрінеді, көп алысқа бармайды.

Адам тұйық бола алмайды әрдайым,  
Тұйық адал бола бермес дап-дайын.  
Әрі тұйық, әрі адал жан сирек,  
Арамдыққа – ертелі-кеш бір уайым.

Сырты ақтың іші де ақ деп ойлама,  
Көрсеқызар – көп сатқынға мал ғана.  
Сырты қара, іші ақты – алтын де,  
Көзің жетпей көрінгенге маңдама.

Біреу жүрер абзал дос боп жан сала,  
Жолдастықтан айнымас ол жанса да.

Біреу жүрер қамқорсына қалғандай,  
Шын қамқорлық ішінде жоқ болса да.

05.12.1974

**БАҚЫТ ҚҰСЫ ҚОЛҒА ҚОНСЫН**  
(Әлен Маратұлы Мажитовтың Динарға  
үйлену тойына арнаймын)

Халқымның отбасына қосы мықты,  
Тағы бір жаңа отау қосылыпты.  
Отаудың шаңырағы көкке өрлесін,  
Іргесі, босағасы болсын құтты!

Той үсті болып жатыр «баста-қоста»,  
Жағалай тост арналып екі жасқа.  
Орнымен сөзге кезек келгенінде,  
Ағалық игі тілек айтылмас па?

Өсіндер екеуің де еңбек сүйіп,  
Тұрындар тату-тәтті сүттей ұйып.  
Үлкенді сыйлай жүре үлкейіндер,  
Ұрпаққа ізгіліктің нұрын құйып.

Қазақтың дәстүр-ғұрпын ұмытпандар,  
Ерсілік-кемшілікті жуытпандар.  
Үлгі етіп ата жолын, әке жолын,  
Болындар жақсылардан сыр ұққандар.

Үйлерің күлкі менен гүлге толсын,  
Өмірге перзенттерің серік болсын.  
Тұрмыста денсаулық пен молшылық боп,  
Қуантып бақыт құсы қолға қонсын.

31.08.2003

**ӨЗІМЕ-ӨЗІМ СЕНБЕЙМІН**

Маған салсаң әйтеуір,  
Соғылған бір сендеймін.  
Ішім түтін болса да,  
Сыртымды түзеп жөндеймін.

Жатар кезде өзімді,  
Тексеремін түгендеп.  
Ертең ерте жұмыстан,  
Қалып қойып жүрем деп.

Тұрғаннан соң төсектен  
Сағаттан көз үзбеймін  
Кешігем деп жұмысқа  
Өзіме өзім сенбеймін.

11.06.2008

53

**ӨЗ ҚЫЗЫМДАЙ КӨРІНДІ**

Мазасы да жетеді-ау  
Техникасы «құрғырдың».  
Кейде ағаттық кетеді-ау  
Компьютерді «сындырдың».  
Ондап алып артынша  
Қыруар жұмыс тындырдың.

Көзің түсіп көзіме,  
Қарай бердім амалсыз.  
Шоқ түспейді сезімге  
Дәл өзіндей адамсыз.  
Өз қызымдай көріндің  
Еркелейтін мазасыз.

Қазан, 1995

## ҚАРЛЫҒАШҚА

Өзің болдың автобустан табылған,  
Орын тұрды отыруға оң жағыңнан.  
Үлгілі үш кітап маған сыйладың,  
Ізгі хабар – інжіл сөзі жазылған.


Бұрын-сонды сендей жанды көрмедім,  
Көңілімнің көктеміне өрледің.  
Атың қандай әдемі еді – Қарлығаш,  
Жүрегімді қуаныш болып кернедің.

Сұлулығың нұр шашады көзіңнен,  
Кісілігің көрініп тұр сөзіңнен.  
Таралғандай төңіректің бәріне  
Әдептілік, әдемілік өзіңнен.








Төртінші бөлім



Құттықтаулар,  
тілектер,  
суреттеулер



## БЕРІК ЖЫЛҚЫБАЕВҚА

Жүрмін талай жолдастарды көріп те,  
Тең келмейді көбі олардың Берікке.  
Досым Бағың, денсаулығың зор болсын,  
Мені өзіндей азамат де, серік де.

## НҰРЫМБЕК ЖАНДІЛДИНГЕ

### I

Нүреке! Алдыңызға келем талай,  
Өмірде кездеспей ме бұлай-алай.  
Сіз ұстаз, мен шәкіртпін әрдайымда,  
Ұстазсыз шәкіртіне болмайды оңай.

Аға, Сіз үлкен тұлға ұлағатты,  
Білмеймін нем ұнамай, нем ұнапты.  
Сыйғандай алуан ел пейіліңізге,  
Сыймаса бір ініңіз не күн тапты.

15.11.1974

### II

Терең ой, ақыл, ғылым тұнып жатқан,  
Нүрекең талай кітап туындатқан.  
Елі мен өз халқының қалаулы ұлы,  
Бір өзін бар шәкірті тұтқан мақтан.

Жат емес оған тіпті өзге халық,  
Көрген жоқ бұл жөнінен сөзге қалып.

Жоғары мәдениет жолында жүр,  
Мақсатты адамзаттық көздеп анық.

Аға ғой, ардақты есім білген жанға,  
Жарасақ інілікке біз әманда.  
Тілейік ағамызға, саулық, бақыт,  
Көп жасап, бастай берсін көшін алға.

18.02.1976

### НАУРЫЗ СЫДЫҚҰЛЫНА

Ұшқыр ой, жедел шешім парасатты,  
Жастарға нұсқар дұрыс болашақты.  
Өзіндей жомарт жанды жақсы ағадан  
Қаламын ізденіске сая тапты.

Тұрғанда болмыс жайнап, бойда күшім,  
Маған жат бейнесіз ой, енжар пішін.  
Дамылсыз жолаушылап жүргендеймін  
Ағаның ақ сенімін ақтау үшін.

Сирек қой абзал аға – ардақты есім,  
Жұртым-ау, жасырайын сенен несін.  
Бақытты ұзақ өмір биігінен  
Інісі тапқай дайым өз Нәкесін.

Мен ондай зиялылар түлегімін,  
Өзім деп оның өзін біле білдім.  
Таусылмас алғысымды алып ұшқан,  
Қолтаңбам куәгері жүрегімнің.

15.03.1976

## АКАДЕМИК КЕНЕС НҮРПЕЙІСОВКЕ

Өзіңмен студенттік өткен жылдар,  
Досымсың ақылы көп, әзілі бар.  
Тілеймін үлкен бақыт, ұзақ өмір,  
Ғылымда бола бер тек биік шынар.

18.07.1974

## АКАДЕМИК ҒАЙРАТ САПАРҒАЛИҰЛЫНА

Ғылымға айналдырған елдің заңын,  
Ғайрекең кең тынысты үлкен ғалым.  
Келеді мәдениет биігінде,  
Өз басым ардақтаймын асыл жанын.

Әрдайым шыққан күндей жарқылдайды,  
Достыққа, жолдастыққа сарқылмайды.  
Оларға қиын-қыстау кездер туса,  
Ақылын бөлісуден тартынбайды.

Сөйлесе ой тұнығын төгілдірер,  
Түрліше ғылымдардың тілін білер.  
Байсалды, шалқар теңіз мінезімен,  
Досын да, дұшпанын да жүгіндірер.

Көп десем мұндай досым болар жүз-ак,  
Ғылымда өрлей бергей ілгері ұзап.  
Қуантып жанұясын, құрбыларын,  
Бақытты, өмір жасы болғай ұзақ.

05.03.1976

## ЖАНДАР ТӨЛЕНҰЛЫНА

Жандар аға Қазақстан түлегі,  
Бір өзінен талай ғалым түледі.  
Ол жаққан от ұстаздықтың туындай,  
Философтар жүрегінде жүреді.

Туыстарда болмақ емес шекара,  
Ташкентте де табысамыз өзара.  
Ғылымдағы табыстарын тасытып,  
Тек әрқашан аман болғай, Жанаға.

15.03.1976

## АКАДЕМИК ЖАБАЙХАН МҮБӘРАКҰЛЫНА

Біртұтас материализм, диалектика,  
Оларды терең білген тоқып миға.  
Дамытып диалектикалық логиканы,  
Еліне ойшылдықпен тартқан сыйға.

Ардақтар халқы өзіндей байсалдыны,  
Ол айтса ашылғандай күй сандығы.  
Ғылымның сөнбес мәңгі жұлдызындай,  
Жарқырап көп жасағай жайсаң құрбы.

## АКАДЕМИК МҰРАТ ТӘЖІМҰРАТҰЛЫНА

Адамды бір көргеннен жылы тартып,  
Қуанам құрбыласқа жүрген шалқып.  
Өмірде ұлылықтың отын үрлеп,  
Ғылымда көп жасағай бағы артып.

29.04.1976

**ТӨРЕХЕН ТАСБОЛАТОВҚА**

Казрадиодан жазады жанрларды боратып,  
Республика халқына озаттықты таратып.  
Сөйлетеді эфирден ғалымдарды жиып ап,  
Ағаларына тұрады інілігі жарасып.

Дамылсыз бұл да журналист жүретін талай жол асып,  
Жатпайды, жаз ба, қыс па әлде, уақытпен де санасып.  
Тілейді оған достары денсаулық пен зор табыс,  
Көп жасасын көп жазып, биікке өрлеп, бағы асып.

**НЫҒМЕТ ЖАНДІЛДИНГЕ**

Нықан біздің журналист  
Қылшылдаған қаламы.  
Тындырады талай іс  
Аралап қала — даланы.

Шалқып сөзі жүреді  
Қазақстан көгінде.  
Оны эфирден біледі  
Барлық халық тегінде.

Жолдастарын күлдіріп,  
Қағытады әзілдеп.  
Сақтамайды сыр бүгіп,  
Көмекке де әзір тек.

Бола берсін өзінде  
Үлкен бақыт - денсаулық.  
Ұзақ жүргей өмірде  
Жетістігін тау-тау ғып.

## МЕРЕЙТОЙДАҒЫ ОТЫРЫС

Оң жағында Ағайы,  
Сол жағында Апайы.  
Той иесі ортада,  
Жыр жазбасқа болмайды.

Үлкендік те ғажайып,  
Кішілік те ғажайып.  
Бұлар көптік етпейді,  
Кетпегей тек азайып.

Әдемі ғой асылы,  
Түсінгендік осыны.  
Бола бермес күнде той —  
Өмірдің бір асуы.

Орта гүлге толады,  
Осындай той болады.  
Үш жиырмаға келіпті  
Ең қымбатты қонағы.

Болғаннан соң Мерейтой,  
Төрдегі кім? — дейсіз ғой.  
Сағиқызы Сәлима  
Жұртшылыққа тастайды ой.

Жиналғандар қуанып,  
Кезек-кезек сөз алып.  
Жүрек жарды тілектер  
Жатыр оған арналып.

11.11.2003

**ҚАРЫНДАСЫМ РОЗАҒА**

Қарағым, қарындасым, өзімдейсің,  
Атамның асылындай, көзіндейсің.  
Жатқа да бөтендігің білінбейді,  
Нәзіксің, кең даламның гүліндейсің.

Өткірсін, ақ алмастың жүзіндейсің,  
Ақылға даналықтың ізіндейсің.  
Біздерді қуантқайсың табысыңмен,  
Бақыттың биігінен көрінгейсің.

**МАРИЯМ КӘКІМЖАНОВАҒА**

Өмірі өлеңменен біте қайнап,  
Апамыз ақын бұлбұл жүрген сайрап.  
Елінің еңбегінің, ерлігінің  
Қиыны мен қызығына болған айғақ.

Отанның оған таныс ойы-қыры,  
Қатысқан майданға да ақын жыры.  
Мәншүктей батыр қыздар жауды жеңген  
Кезде де дастан оқ боп бірге жүрді.

Өз елі аялаған, шыңға өрлеткен,  
Қызының жүрегінен жыр тербеткен.  
Елу жыл бүгінгі ана жетпістегі,  
Келеді көркем сөзді, сырлы өрнекпен.

Сәбиге қанат берген алақаны,  
Ана ғой күрескердің бала таңы.  
Өмірде талай дана тусадағы,  
Бәрі де ана әйел балапаны.



Ана ғой қарсы тұрған соғысқа да,  
Берілмей сан қиындық тоғысса да.  
Жан жарын, өз перзентін құрбан еткен,  
Фашизм тұтқиылдан жабысқанда.

Ана ғой жауды жеңіп алысқан да,  
Ана ғой алыптарды салысқан да.  
Ана ғой жылы ұя — жыр мекені,  
Ана ғой космоспен табысқан да.

Сол ана апамыздың жыр арқауы,  
Сергіткен шаршауды да жабырқауды.  
Ақынды шалқар шабыт аяласа  
Алардай құшағына асқар тауды.

Бір тұлға бейнелі ой өлкесінде,  
Халқының сүйіктісі, еркесі де.  
Қажымай, талантының отын жағып,  
Апамыз бола бергей жыр төсінде.

06.12.1976

### ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВҚА

КазМУ-де талай түлек одан ұшып,  
Келеді әдебиеттен арман құшып.  
Мейлі жылдар өтсін, жастар өссін,  
Ұстазы бұрынғыдай оларға ыстық.

Айтса ол ой маржанын төгілдірер,  
Ғылыми теорияның тілін білер.  
Шешендік лирика ырғағымен,  
Үлкенді, кішіні де жүгіндірер.

Кіршіксіз кішілік бар бір өзінде,  
Тұнып тұр ұлылық та жүрегінде.  
Оның бір талантының қарлығашы  
Қалқиды «Жайық қызы» ән көгінде.

Сөйлетті Атыраудың жазығын да,  
Мұнайдың мұнарасын, қазығын да.  
Лаулатты көркем сөздің күдіретімен  
«Өмірдің ұшқынын» да, «Жалынын» да.

01.06.1977

### ҚҰДАМ ТҮГЕЛБАЙҒА

Жүк тиелген вагондардан сап құрып,  
Тепловозымен жер жүрегін соқтырып.  
Түкен, әне, шойын жолмен келеді,  
Кешікпейді уақытынан көп тұрып.

Оза шауып машинистермен жарыста,  
Көз тастайды жақын менен алысқа.  
Елуді ол місе тұтып жатқан жоқ  
Жету үшін алда да үздік табысқа.

Айтамыз біз дос-жаранға үгіттеп,  
Түгелбайды қыз мінезді жігіт деп.  
Жұмаханның қызғанышын қытықтар  
Онда әлі жастыққа тән үміт көп.

14.09.1985

## ХИСМЕТ ҒАЛЕШҰЛЫНА

Ұл келіп дүниеге дауысы өктем,  
Толбайдың топ ауылын дүрілдеткен.  
Хисмет ағамызға содан бері  
Больш жүр мамыр айы құрдас көктем.

Перзентін аялады Кеңес елі,  
Сұрамай қай туыс деп шыққан тегі.  
Өзіне сондықтан да жастан таныс,  
Елінің қалалары, өзен-көлі.

Отанның болды да ұзақ күзетінде,  
Жол тартты ол шетіне, бұл шетіне.  
Оралды полковник Алматыға  
Халқының азаматтық қызметіне.

Жайлауда ақ боз үйдей қоныс тепкен,  
Жайдары, кең пейілді ақ ниетпен.  
Бейне бір ұстаз әке секілді ол  
Жастарға ізгілікті өнеге еткен.

Өмірдің Алпыс асу - өткелдері,  
Салады есіне оның өткендерді.  
Бүгінгі той иесі бақытты ғой,  
Еседі айдарынан көктем лебі.

Еріксіз немерелері Ата қыпты,  
Көрсек-ау мойындатқанын бабалықты.  
Ырза боп сол баяғы інілікке,  
Одан біз сұрамас ек ағалықты.

Алпысқа жетті, шүкір, қалмай қалыс,  
Кетпеген жігіт шағы әлі де алыс.  
Аяғын тоқсанға да шалдырмайтын,  
Тілейік Хисекене тарлан шабыс.

01.05.1986

### **АҚЫН САҒЫНҒАЛИ СЕЙТОВ АҒАҒА**

Туыстас аға, Сіз маған шуағы мол шындайсыз,  
Жайрандап жетіп жетпіске, іскерліктен тынбайсыз.  
Әлі де саулық-бақыттың иегері болғайсыз,  
Тоқсан жаста топ жарып, бәйгелерден озғайсыз.

17.11.1987

### **ЖҰМАЖАНҒА – ЖАННАҒА**

Балдызым жарқылдаған, бауырласым,  
Кіршіксіз жаның нәзік, бауырмалсың.  
Өмірің гүлдеп, түлеп, денің сау боп,  
Арманың орындалсын, бағың жансын.

30.11.1987

### **ҚОСАМАН АҒА АЛМАТЫҒА КЕЛГЕНДЕ**

Қосекем – асыл аға, сырласымдай,  
Оралдың оза шапқан жорғасындай.  
Інілік ілтипатым Сізге деген  
Отыр-ау анау-мынау жырға сыймай.

Тұрасыз көз алдымда күні-түні,  
Сағынам үніңізді, жүзіңізді.  
Келгейсіз Алматыға жиі-жиі,  
Қуантып әрдайымда ініңізді.

Денсаулық, бақыт Сізге қонғай сыбай,  
Жеңешем жаныңызда аман болғай.  
Балалар, немерелер сүйеніш боп,  
Үйіңіз күлкі менен гүлге толғай.

17.10.1989

### ТӨЛЕГЕН ҚОЖАМҚҰЛОВҚА

Елу — ол ердің жасы шарықтаған,  
Қырандай биіктерде қалықтаған.  
Жетіпті сол межеге Төлеген де,  
Ғылымның қамын ойлап жалықпаған.

Келеді ол үлкен көште алғы шепте,  
Танылып еңбегімен дүйім көпке.  
Тілейміз ұзақ өмір алда оған,  
Бақыттың биігіне жетсін деп те!

03.05.1996

### ҚҰСАЙЫН ТЫНЫСБАЙҰЛЫНА

Айнымастан келеді ол азаматтық қалпынан,  
Өз халқының тілі мен дәстүр-ғұрпы, салтынан.  
Адамгершілік келбеті тұрпатында тұр тұнып,  
Ардақтаймыз оны біз қымбат көріп алтыннан.

Қаптап жұмыс жатса да іркілісті білмейді,  
Қиыншылық кездесе, оң шешімін көздейді.

Жұртшылықтың алдында қазақша да, орысша,  
Немісшені боратып «Sehr gut» деп те сөйлейді.

Ұстаздықтың жолында ізденіспен жүреді,  
Басқаруды ғылымды төл ісім деп біледі.  
«Қазақ тілі» қоғамын қолына алып үнемі,  
Егеменді елім деп, соғады оның жүрегі.

Бәз баяғы кезіндей алпыс асу асса да,  
Студенттік ұясын теңгермейді басқаға.  
Алматы өзін өсірген бауырында тербетіп,  
Тастап оны кетпес-ау шақырса да Астана.

Шаршамастан жүгіріп еңбек етсе жемісті,  
Жылдар күтсе алдынан қуанышты, жеңісті.  
Денсаулығы, бақыты бола берсе баянды,  
Құсайындай адамға жүз жасаған келісті.

### АҚТОЛҚЫНҒА АЙТАР СӨЗ

Кім ойлаған сені жай Ақтолқын деп,  
Жүруші едік мұның аты Алтын деп.  
Жалғастырсаң, жарастырсаң болғаны  
Қазағынның қасиетті салтын тек.

Сырларың көп, қырларың көп, әрине,  
Күлімдейсің сынай қарап бөріне.  
Жылдың шуақ көктемісің әзірге,  
Жаз бен күз, қыс сынар әлі сені де.

Самғай-самғай қиялыңның өріне,  
Жеткейсің тек арманыңның төріне.  
Жерден тапсаң бақытыңды болғаны,  
Жүзіп кетпей толқындардың еліне!..

## АҚМАРАЛҒА ҚҰТТЫҚТАУ

Бастауышта бар апай,  
Оның аты Ақмарал.  
Келе сала класқа,  
Бар мейірімін ақтарар.

Әдемілік, нәзіктік  
Тал бойына жарасқан.  
Шәкірттерін қанаттап,  
Ізгілігін таратқан.

Тазалыққа, тәртіпке  
Шақырады, үндейді.  
Үйретуден білімге  
Жалығуды білмейді.

Ұстаздық та — қаталдық  
Өсіретін сананы.  
Балаларға амалсыз  
Ақырып та алады.

Үлкейтеді оларды  
Үзілістің кезінде.  
Ата, әже деп атайды,  
Кішірейтіп өзін де.

Бүгін мейрам, Аспанда  
Күлімдейді күн шығып.  
Бола бергей Апайда  
Саулық, бақыт, молшылық.

22.03.1993

## ҰСТАЗДЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Көктемде жұрт гүлдерге су құяды,  
Күтіп-баптап, өскеннен соң жияды.  
Көп болғанмен Алматынаң гүлдері  
Оның үлкен құшағына сыяды.

Шәкірттеріне боп келеді сая-бақ,  
Оқытады, мәпелейді аялап.  
Бүлдіршіндер бірем-бірем өседі,  
Апайының ауызына қарап-ақ.

Балдырғандар тұңғыш қалам алады,  
Дәптерлерге тұңғыш сөздер жазады.  
Сары ауыз балапандай сәбилер  
Ұстазынан тұңғыш қанат қағады.

70

– Биік терек өскен нәзік жас талдан,  
Білім көзі Бастауыштан басталған,—  
Деп жүреді Нұрбекқызы Орынтай,  
Алғыс алып, ата-анадан, жастардан.

Келді көктем бір жыл күткен сағына,  
Сегізінші Наурыз — мейрам күні тағы да.  
Ұстаз ана ұзақ жаса дейміз біз  
Балалар мен немерелердің бағына.

05.03.1990



**ӨЗІНДЕЙ-АҚ БОЛСЫН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ**  
(СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты  
Бэла Ахметоваға)

Ұлы Отанның ғалымдары төзіммен,  
Қоян-қолтық еңбек етті өзінмен.  
Бірге олармен данқын шықты шарықтап,  
Толқыдық біз қуанышты сезіммен.

Физиканың бар ғой алыс құздары,  
Ашылар әлі монокристалдары.  
Олардан бір сыр тартыпсың сый алып,  
Өзіндей-ақ болсын қазақ қыздары.

Бэла есімің енді елдің көгінде,  
Айтсыншы жұрт қарындасым тегін бе?!  
Құтты болсын лауреат атағың,  
Ұлассын зор мемлекеттік сенімге.

07.11.1972

**ЖАДЫРАҒА**  
(Арқаның айтыскер қызына)

Сахна ашылады қазір енді,  
Жыр-дастан көмейлерден төгіледі.  
Ленин сарайына — Алматыға,  
Жер-жерден сайыскерлер келіп еді.

Ұл-қыз көп халқымызда сөзге мықты,  
Айтыстың бәйгесіне солар шықты.  
Жадыра, өнеріңе сүйінеміз,  
Таныттың кереметтей тапқырлықты.

Болдың да ұшқыр ойлы, тенеуге ұста,  
Тосылттың қарсыласынды талай тұста.  
Жүйткідің домбырамен жезкиіктей,  
Ұтысты ұстатпадың мейман досқа.

Сүрінді ол, шарасы жоқ қармануға,  
Ілікті айтыскерлік қармағына.  
Сен таққан топырақтан бойтұмарды,  
Әкетті Баян өлгей аймағына.

Көрсеттің ұрымталдық көркемдікті,  
Қазылар таба алмады бір кемдікті.  
Бас иіп жеңімпаздық құдіретіңе,  
Жағалай ондық ұпай көтеріпті.

Бұлбұл гүл, – сені өсірген кең даламыз,  
Өзіңе қол соғамыз, танданамыз.  
Нәзіксің, ақ семсердей жарқылдайсың,  
Даңқынды әуелетіп ән саламыз.

Ақбоз ат бас бәйгеге тиді саған,  
Қуанып корермендер қаумалаған.  
Табиғи талантыңа тағзым етіп,  
Секілді Алатау да аймалаған.

Бүгінгі сенің орның Алабөтен,  
Әр кездің өз Сарасы болады екен.  
Арқаның ілдіртпейтін Аққуысың,  
Жүргейсің тіл мен көзден аман-есен.

Қыркүйек, 1990

**ҚИЯСИДЕН АЛПЫСҚА ТОЛҒАНДА**

Алпысты арқалаған, алқымдаған,  
Сонда да жас жігіттей жарқылдаған.  
Торқалы той иесі ортамызда  
Достыққа, сыйластыққа сарқылмаған.

Бұл да бір нағыз қазақ қырда туған,  
Келген ол Алматыға шалғай құмнан.  
КазМУ-дің студенті болған күннен,  
Ерінбей, жатпай-тұрмай білім қуған.

Аттанды Атырауға түлеп ұшып,  
Ел іші перзентіне алтын бесік.  
Таратып білім көзін жүрді біраз,  
Жас маман ауылына сондай ыстық.

Атырып Алатаудың талай таңын,  
Ұмытпай философиясын, ғылым қамын.  
Шындалды Академия ордасында,  
Әзірлеп ғылымдағы болашағын.

Докторлық, профессорлық үлкен белес,  
Еңбексіз тіпті де олар келе бермес.  
Жетсе де мұндай атак, дәрежеге  
Қиекең асып-тасып көрген емес.

Жылдардың қызығы да, қиыны да  
Әрине, түсті оның иығына.  
Ұстаздық, ректорлық жұмыстары  
Мезгілін бермеді онша тынығуға.

Сөйтсе де келеді ол қаз қалпында,  
Шаршау да, шалдығу да жоқ салтында.  
Жанында Жұмажаны – сүйген жары,  
Әлі де берері мол өз халқына.

Мамыр, 1992

**ҚЫРҚЫН БЕРГЕНДЕГІ ЖҰБАТУ**

Токтаусыз содан бері уақыт өтті  
Қиекең сан салалы еңбек етті.  
Жүргенде он бес жылды артқа тастап  
Сұм ажал оны аңдыған алып кетті.

Қаншама жоқтасақ та біздер оны,  
Өшпейді мұралары жырға толы.  
Тамырын терең жайған ол бәйтерек,  
Өседі бұтақтары одан соңғы.

Үш ұлы, үш немере, Жұмажаны,  
Солармен жалғасады келер таңы.  
Ұстайды шәкірттері оны есінде,  
Құрылған осылайша өмір заңы.

22.07.2007

**МҰРАТ ДҮЙСЕНОВКЕ**

Өлең-жырдан философиялық ой үрлеп,  
Ғалым болдың, зерттеп жүрсін дәуірлеп.  
Сондықтан да білем сені ақын деп,  
Нәзіктігің, кісілігің жақын деп.

Ойда жоқта тауып алдың кейісті,  
Көңіліңнің жайлауына не түсті.  
Ақсап, әрең келгенімде жұмысқа,  
Әзірлеп-ақ қойып па едің «сөгісті»?!

Досым болсаң — қастығынды қадама,  
Кінәм болса — ашық айтып жазала.  
Адамдық пен адалдықтан аумаспын,  
Арым үшін шыбын жаным садаға.

10.04.1978

## СІЗДЕРМЕН КӨРІСУГЕ ЕНТЕЛЕРМІН

Өтеші Оралына көкпен келді,  
Сыры еді көкейінде көптен бергі.  
Қарыздар ағаға да, жеңгеге де,  
Ойласа жастық шақты - өткелдерді.

Кейде бір аңсайды адам көктем күнді,  
Ән айтып дастарханда өткен түнді.  
Боласың достарыңмен отырғандай,  
Бөлісіп қуанышты, шерткен мұнды.

Жүрсен де алыс жерде кісі болып,  
Ағаға көрінерсің кіші болып.  
Жеңгенің әзілі мен өкпе-назы,  
Қыздырар үлкен пештің күші болып.

Ағаға, жеңгеге де еркелерсің,  
Олармен көрісуге ентелерсің.  
Алдында жасы үлкеннің баладайсың,  
Оларсыз таулары жоқ бір төбесің.

10-11.07.1978

## БАЛДЫЗЫМА

Балдызым-ау, отыр мені шынтақтап,  
Қос жиырманды жібермеші тым мақтап.  
Ойлай көрме жезденді бір нашар деп,  
Көрейікші жиырмаларды салмақтап.

Келші бермен билейікші дөңгелеп,  
Көктемдегі қыз-жігіттей жөнге кеп.  
Ойлайық та, әзілдесіп ойнайық,  
Мерейтойға одан артық не керек?!

Ән айту да назардан тыс қалмасын,  
Әуелетіп таба берсін жалғасын.  
Сазды әуенді ұйып тындап қонақтар,  
Тойлы үйдің қызығына тоймасын.

Айтылатын тілектер ғой кезінде,  
Талай тойлар бола берсін өзінде.  
Немерелер, шөберелер өргізіп,  
Аман болғай жалғыз ұлың өмірде.

Шашыратып әжеліктің жылуын,  
Токсанда да тоқталмасын қызуың.  
Ауру-сырқау аулақ қонып аулыңнан,  
Қуаныштан арылмасын ғұмырың.

Маусым, 1996

## ШОЛПАН ҚАРЫНДАСЫМА

76

Маған бөлек ілтипатың,  
Күн секілді түр-сипатың.  
Ізгілікте, кішілікте,  
Өзіңсің-ау ең қымбатым.

Сүйкімдісің қылығыңмен,  
Жүрем саған қызығумен.  
Іштей баурап тұрғандайсың,  
Жалындаған қызуыңмен.

Сені өзімдей көріп келем,  
Сырластыққа серік дер ем.  
Құлазыған көңілге де,  
Гүл ме едің көрік берген.

Аспандағы таң Шолпансың,  
Жарқылдаған неткен жансың.

Мүмкін, тұтас бір өмірді  
Ұзатарсың, сен жалғарсың.

Күні өтіп, таңы атып,  
Ұстатпайды мына уақыт.  
Жана жылда, одан да алда  
Бола бергей үлкен бақыт.

15.12.1993

### АЯУЛЫ ЖАРЫМ НӘДИЯҒА

Өмір сені өсірді бермей маза,  
Төрт жасында болған соң әкең қаза.  
Лаулаған жаныңның жалыны бар,  
Ақпанның ақ қарындай арың таза.

Бұтағындай бұралып жас еменнің,  
Еңбегіңнен басқаға бас имедің.  
Қайғы бұлты басса да қаншама рет,  
Қиындықтан тартынып именбедің.

Дауылға да, боранға қарсы тұрдың,  
Саған туыс көрінді қатар құрбың.  
Жолдастарды, достарды жиып алып,  
Басын құрап олармен бірге жүрдің.

Ала жібін алаштың аттамадың,  
Жала жауып біреуді даттамадың.  
Жөнсіздікке кездескен кездерінді  
Талау етіп ішіңе сақтамадың.

Ауыр жүкті көтеріп арқаладың,  
Алғырлықпен саналды әр қадамың.  
Кәсібің боп байланыс жүйелері,  
Жұмыста да, үйде де шаршамадың.

Бойындағы жалынмен жана бердін,  
Көңіліңнің көгіне жаңа келдін.  
Үлкенге де, кішіге сыйлы болып,  
Көктем-жаздың жемісін ала бергін.

Ана атыңды шығарар ұрпағым бар,  
Маған ғана бола бер аяулы жар.  
Сен қуансаң біздерге бақыт қой ол,  
Алысты да өзінсің жақын қылар.

Ақыл, қайрат, жүректен құр емессің,  
Менен басқа ешкімге пір емессің.  
Осылайша жанымда жүре берсең,  
Озып кетсең жүгіріп күндемеспін.

07.02.1996

### ҚЫЗЫМНЫҢ ШІЛДЕХАНАСЫНА

Маусымның жиырма төрті! Ерте тұрдым,  
Сәскеде, жұма күні, өзің тудың.  
Мамандай мені де бір толғақ қысып,  
Сенімен осы өленді егіз тудым.

Атыңды – Нұрия, – деп мен қояйын,  
Болғайсың мандайдағы толған Айым.  
Өскейсін денің сау боп, бақытты боп,  
Өмірден жапа шекпей, көрмей уайым.

Гүлім бол, қуанышым бол, айналайын,  
Мен сені еркелетіп, аймалайын.  
Алдында әке-шешең аман болса,  
Табылар сәби қызым сенің жайың.



Тірі боп, ірі жүрсе ағаларың,  
Өзіңнің бағыңнан деп шамалармын.  
Тағы да інілерің туып жатса,  
Сені онда «Май құйрық» деп бағалармын.

Секілді өмір бейне бәйге аланы,  
Еріншек бәйгесінен құр қалады.  
Есінде болсын, қызым, әрқашанда,  
Бәйгені ерен-еңбек — сол алады.

Қызым-ау, байлық қуып қызықпассың,  
Бойыңа жамандықты жуытпассың.  
Жасыңнан өнер, білім, ғылым іздеп,  
Халқыңа қызмет етуді ұмытпассың.

Қазақпын мен де қызың: — ырыс, — деген,  
Ырыс алды қыз деуді де дұрыс көрем.  
Бой жетіп, теңің тауып, ұзатылсаң,  
Жаралған өз жанымнан өріс дер ем.

24.06.1983

### Ф-ҒА

Сылдыраған, сыңғырлаған күлкінде,  
Жатқандай бір махабаттың кілті де.  
Дәл осындай кездеріңе тап келсе,  
Қызығар-ау құрбыларың, кім-кім де.

Қалады бір еркелігің көрініп,  
Келе жатсаң самарқаусып, ерініп.  
Адуындап кеткеніңнен дұрыс қой,  
Назданғаның қалың ойға беріліп.

Қарай қалсаң Алатаудың таңына,  
Ерте тұрып жан-жағыңа, маңыңа.  
Ақ қайыңға мүмкін ұқсап кетер ме ең,  
Бойлай өскен шыршаларға малына.

Білсең ғой сен жаныңда бір тау барын,  
Оның өзге саясы мен аңғарын.  
Салыстырып көрсең оған өзінді,  
Өміріңнің мәні менен заңдарын.

Тұнып тұрған жұмбақ сенің жүрегін,  
Бағындырған ақындықтың жыр елін.  
Бакытың да ашылар-ау гүлдеп бір,  
Тек өзіндей болса әдемі мінезің.

Жақсы үміт бой алдырып сезімге,  
Кімдер түсті, түспеді ме көзіңе.  
Шын көңілден шыққан ыстық тілектер —  
Жаңа жылдық құттықтау бұл өзіңе.

01.01.1995

### ДӘРІГЕР МАЙРА

Ғажайып қазақ қызы сондай керім,  
Сыйлайды жұрт сүйікті дәрігерін.  
Өзінің қызметімен, келбетімен,  
Тұрғандай нұрландырып төңірегін.

Сүйікті дәрігердің аты Майра,  
Ұқсайды ол жаңа туған жарық айға.  
Көресің іскерлігін, ізгілігін,  
Жібектей үлбіреген үні майда.



**Өтеш Қарашин**



**Өтеш Қарашин мен зайыбы Нәдия Бисенқызы Қазанбекова,  
қыздары Нүрия. 1984 жыл.**



**Өтеш Қарашин, жұбайы Нәдия және үлкен ұлы Берекет. 1986 ж.**



**Кіші ұлы Сәулетпен. 1982 жыл.**



**Ағасы Мұханәлі, жұбайы Ағилад, ұлдары Бекет пен Есет және  
Лаура Өтешқызы. 1970 жыл.**



**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің бір топ профессорлары «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалімен марапатталғандар. Сол жақтан төртінші Өтеш Қарашин. 2001 жыл.**




**Өтеш Қарашин, философия ғылымдарының докторы, профессор  
Дәулет Сәдуақасұлы Раевпен бірге. Наурыз, 2008 жыл.**




**Өтеш Қарашин Ауған соғысы  
ардагерлерінің ортасында. 2000 жыл.**

**Үлкен қызы  
Лаура. 2000 жыл.**



**Қызы Нұрия  
Көлсай көлінде.**




**Қызы Нұрия Қайыңды  
көліндегі демалыста. 2008 жыл.**






**Келіні Гүлнар Түгелбайқызы және немерелері Бахнияз бен Айсұлу. 1994 жыл.**



**Қызы Лаура мен немересі Мирболат. 1999 ж.**



**Тұңғыш немересі Бахнияз Сәулетқызы. 2007 ж.**



**Үшінші немересі Мирболат.  
2003 жыл.**



**Екінші немересі Айсұлу.  
2000 жыл.**



**Тұңғыш немересі Бахнияз Алматы қаласы,  
Медеу ауданының әкімдігіндегі әріптестерімен бірге.  
(Бірінші қатарда ортада) 2006 жыл.**

Қосарлап ақылы мен адамдығын,  
Менгерген жетік біліп мамандығын.  
Табады ауруыңның ем — дауасын,  
Қолданып медицина жаңалығын.

Болмысы ұйытады кімде-кімді,  
Бойынан таба алмайсың ешбір мінді,  
Сөзімен, күлімдеген көздерімен,  
Сергітіп жібереді көңілінді.

28.11.1999

### ТҰРАР СҰЛУ КӨЗ АЛДЫМДА

Сәрсенбілік түскі үзіліс, күн шуақ,  
Алатау да төніп тұрды маужырап.  
Ойда жоқта өлең болып құйылып,  
Қарсы алдымнан шыға келдің жарқырап.

Жақындадың аялдама тұсына,  
Жаңа жылдың жұмсақ екен қысы да.  
Жіпсиді қар күн көзінен қымсына,  
Мұның бәрі әлде сенің пысың ба?

Күн сұлу ма, сен сұлу ма, білмедім,  
Өз-өзімнен елжіредім, гүлдедім.  
Сезім шіркін сондай албырт болар ма,  
Іштей сөйлеп: — Мына сұлу кім? — дедім.

Неде болса тәуекелге бел байлап,  
Әдейі бір сылтауды да ыңғайлап.  
Жөн сұрадым білмегенсіп қаланы,  
Автобустың маршруты қай-қайлап.

Жаныма бір нәр бергендей жадырап,  
Жауап қаттың, қарай қалдың жаудырап.  
Көп сөйлесем бүлдірермін дегендей,  
Рахмет айта салдым абдырап.

Тұрар сұлу көз алдымда мәңгілік,  
Шырқармыз-ау әлі сені ән қылып.  
Күн бетіңнен айналайды қызғана,  
Ертең ғашық бола ма деп таң біліп.

23.01.1981

### АЛАҚАН КӨЗІМ (қызым Лаураға)

Сипаймын маңдайыңнан, қызым деймін,  
Сен барда шаршауым жоқ, күлімдеймін.  
Соқтығып бір нәрсеге, «аура» десең,  
Аузыммен емдеген боп жел үрлеймін.

Көзіңнен айналайын алақандай,  
Кейпің бір киінулі балапандай.  
Күлкің де, қылығың да жарасымды,  
Бал тілің жаныма азық болатындай.

18.03.1966

### БАЛДЫРҒАНДАР ОЙЫ

Бәріміз де балдырған,  
Ана мейірін қандырған.  
Әкеміз де разы,  
Шәйіне сүт алдырған.

Бір кезек доп қуамыз,  
Үйді жинап, жуамыз.  
Суаруға бақшаны  
Жиі ерте тұрамыз.

Бірге жүрсе мамамыз,  
Жайлауға да барамыз.  
Қозы менен лақты,  
Қамқорлыққа аламыз.

Жазда осылай шынығып,  
Күнге күйіп тынығып.  
Мектепке де жетеміз,  
Тек бестікке құнығып.

Ойнамаймыз беталды,  
Жинаймыз сынық металды.  
Әзірлейміз сабақты,  
Атанбау үшін «екі алды».

### КЕНЖЕ МЕН КӨГЕРШІН

Қалықтап ұшып аспанда,  
Күндіз де, кеште, ақ танда.  
Жүруші еді өз құсын,  
Үйір боп сендей пәк жанға.

Қайда сол бүгін көгершін?

Келгенінде ас үйге,  
Түсуші еді бір күйге.  
Терезеден телміріп,  
Қарайтын саған дос бейне.

Қайда сол бүгін көгершін?

Адамдай зерек кәдімгі,  
Тындайтын салған әнінді.  
Өзіндей өзге момақан,  
Келтіретін сәнінді.

Қайда сол бүгін көгершін?

Терезе асты — жақтаудан,  
Тазарып шыққан ақтаудан.  
Жеуші еді шашқан тарынды,  
Сау ма екен зарын тартқаннан.

Қайда сол бүгін көгершін?

Солғандай гүлі бақтағы,  
Мұнайды, сірә, жоқтады.  
Серігің болған көк құсың,  
Өмірден сені таппады.

Қайда сол бүгін көгершін?

Жыл бойы қоймай іздеді,  
Өзіңнен күдер үзбеді.  
Көк барқыт құсың ақыры,  
Тастап кетті-ау біздерді.

Қайда сол бүгін көгершін?

20.11.1980

### МІНСІЗ КҮШТІ

Көмкерген көкпен көзін, металл тісті,  
Сүймендей сүйір тырнақ, қызыл түсті.  
Біреуге жар болуға жаралған ба?  
Бойында бір міні жоқ мұндай күшті.

## БІР ОТБАСЫНА

Адам ғой шын иесі парасаттың,  
Көз тастап төңірекке қарасақ тың.  
Көңіл де шырын салып пісіп тұрған,  
Нәзік қой қабығындай қарақаттың.

Жараспас кімде-кімге ұрыншақтық,  
Болмайды ұлы өмірді қуыршақ қып.  
Ұйтқысы жанұяның әке-шеше,  
Ұл-қызын өсіретін құлыншақ қып.

Қызығы естен кетпес бала шақтың,  
Бастамы сонда жатыр болашақтың.  
Бұл кезде үй ішінде жанжал болса,  
Сәбилік қайдан ғана сая тапты?

Мінез жоқ өзгермейтін, қатып қалған,  
Ұлы Абай айтпаған ғой, сірә, жалған.  
Көп жасап мұратына жетері қақ,  
Ашудың ақылымен алдын алған.

Қуанам қыңырлықтан түзелгенге,  
Ол озар сырттай сырбаз түгелден де.  
Бас асау кең дүниеге сыймай шапқан,  
Құтылмай тоқтайды екен жүгеннен де.

Қимаймын ешкімді мен жүгенсізге,  
Ешбір жан ұқсамағай күдерсізге.  
Сыйластық, сыпайылық толып жатыр,  
Ондайлар емес тіпті жігерсіз де.

Ұғатын сөз қадірін біліктілер,  
Тұрлаулап ынтымағын біріктірер.

Ал егер қос бүйректен сирақ шықса,  
Түбінде бір нәрсеге іліктірер.

30.11.1980

### ҚИҒАШТАУ-АУ ЖҮРІСІҢ

Отызыңның өзінде  
Қалыпсың-ақ қартайып.  
Әжім басқан бетінді,  
Екі ұртың ортайып.

Шығасың күнде екі-үштен  
Көйлегінді өзгертіп.  
Әлдекімді әзілдеп  
Арбайсың күліп, сөзге ертіп.

Шаруаңа пысықсың,  
Түр-тұлғаң да шүкірлік.  
Тек қиғаштау жүрісің,  
Не болады бұ тірлік.

Маусым, 1969

### ТҮЛЕКТЕРГЕ ТІЛЕК

Толдыңдар кәмелетке түлектерім,  
Толқиды-ау лүпіл қағып жүректерің.  
Өмірдің кемесіне отыруға  
Тұрсындар жағасында бір өткелдің.

Бәрі де өздеріңнің тандауында,  
Жауапты кезендер бар алдарыңда.



Ұстаздар, ата-аналар бір тілекте,  
Сендерді жетсін дейді арманына.

Әлі де білім үшін шарықтандар,  
Үнемі ізденістен жалықпандар.  
Ғылымның қырлары мен сырлары көп,  
Солардан мамандықты анықтандар.

Әр істе тиянақты болғайсындар,  
Кәсіпке бейімдіктен озғайсындар,  
Ұмытпай мектептегі тәрбиені,  
Сендер ғой жақсылықты жалғайтындар.

Із ашып жаңа ғасыр бастауына,  
Өрлендер Ұлы Отанның асқарына.  
Ерінбей елдің данқын шығарындар,  
Үлгі боп келер ұрпақ жастарына.

Біліндер кішілікті, керіспеуді,  
Әрқайсың еңбегіңмен өрістеуді.  
Мардамсу, қатыгездік, ұсақшылдық,  
Үлкенге, кішіге де келіспейді.

Сыбайлас жемқорлықтан сау болындар,  
Арақпен, темекімен жау болындар.  
Ұстаздан шәкірт озса прогресс,  
Кіршіксіз, шұғылалы тау болындар.

Болашақ барлығыңның қолдарында,  
Гүл бітсін ізгілікті жолдарыңа.  
Әрқашан ие болып жүргейсіндер,  
Халықтың алғысы мен қолдауына.

17.06.2000.

## САРЫ ӘУЛИЕГЕ

Ауырып, тарығып келгендер оған бір,  
Жүргендер зарығып, шығады айығып.  
Безеріп, кезеріп келгендер тұтар пір,  
Токтаусыз көп халық жүреді ағылып.

Тағатсыз сағынып, нұр жүзін көргендер,  
Батыстан, Шығыстан, осында келгендер.  
Оңтүстік, Солтүстік, басқа да шалғай жер,  
Шет елден, шет жерден, бәрі оған келгендер.

Келгендер шалдығып, жүдеген сұрланып,  
Демендер оларды жүрген бұл не халық.  
Бір ғажап, бәрінің жүздері нұрланып,  
Шығады қуанып, білдіріп ырзалық.

Ол тіпті құрмайды ешқандай бақсылық,  
Сөзінде ізгілік, бойында пәктілік.  
Үлкенге, кішіге көрсетпей жат қылық,  
Халқына тілейді денсаулық, жақсылық.

Сөйлессең өзімен тереннен қозғайды,  
Бойында жалындап, сірә, от маздайды.  
Келгендей аспаннан демеске болмайды,  
Білуге, көруге жердегі жағдайды.

## ҮШ АРЫС

Үш арыс — қазағымның үш бұтағы,  
Бұл халық озбырлықтан көп жұтады.  
Тағдырдың қазанында талай қайнап,  
Бір сөніп, бықсып жанып, бір тұтады.

Үш арыс — қазағымның үш жүзі ғой,  
Таралған бір атаның ұл-қызы ғой.  
Үшеуі мекендеген байтақ жерді,  
Кіндігі Алатаудың шың-құзы ғой.

— Болса да отыз ұлың көптік етпес,  
Қылығы әрқайсысының естен кетпес, —  
Дегендей бір теректің үш бұтағы,  
Үш ұлы бір атаның туыс, тектес.

Маусым, 1993

89

## АЙТЫСКЕР ЖІБЕККЕ

Жамбылдың жыр қыранын қалықтатып,  
Той жасау халқымызға үлкен бақыт.  
Айтысқа келіпсіздер өңкей жүйрік,  
Қазақтың ақындығын анықтатып.

Білім, тіл, ақыл, жүрек қатар келіп,  
Шешендік көркем сөзге бердің ерік.  
Қол соқты кең сарайы Алматының,  
Батыстың ақ құсындай сені көріп.

Қызыммен мен де болдым осы залда,  
Сәлем айт Ақ Жайыққа, Оралыма.  
Ағалық ақ тілегім бір өзіңе —  
Айтыста бәйге атындай ұзақ самға.

Тамыз, 1996


## СОВХОЗ ТОЙЫНА

Мекен-жайы кілең қазақ ішінде —  
«Красный партизан» сол баяғы пішінде.  
Нарық қанша қысқанымен қиналмай,  
Алпысқа кеп той жасады күшінде.


Сақадай сай совхоздағы мамандар,  
Табысымен алға қарай қадамдар.  
Алайдағы ауылдағы адамдар,  
Қашан қазақ боламыз деп аландар.

Атауға сай Фурмановтай жалындай,  
Тарта бергін шабысыңнан жаңылмай.  
Өзіңе де, ауданға да алайда,  
Келер тойда қазақша ат табылғай.




28.10.1992



Бесінші бөлім



# Арнаулар



## ЕГЕМЕНДІК – ДҰРЫС КҮН

Әкем менің маңдайымнан сипайтын,  
Бір ауыз сөз ол айтатын, сыйлайтын.  
– Бақытты бол балам, – дейтін үнемі,  
Мені осы сөз ойландырып, қинайтын.

Бақытымды іздедім мен еңбектен,  
Қалмасам деп қатарымнан, ең көптен.  
Бақытымды іздедім мен тандардан,  
Талай түнгі ұйқысыздық мендеткен.

Сонда да бір шаршамауға тырыстым,  
Көп ұйықтасам өзіме өзім ұрыстым.  
Өзімнің де, елімнің де бақыты -  
Егемендік – келді, міне дұрыс күн.

25.10.1991

## ІНІМ ЕСЕТКЕ

Есетжаным, бір ерсін,  
Үлкенді сыйлай білерсін.  
Үнемі мені қастерлеп,  
— Аға! — деп айтып жүрерсін.

Көктемісін көңілдің,  
Қуанышысың көзімнің.  
Оралдың аман әскерден,  
Сүймеуге жетпес төзімім.

Орыны бөлек өз інім,  
Қозғадың сырын сезімнің.  
Айнымай қапсың атаңнан,  
Көкем бе едің өзімнің.

Тілеймін саулық деніңе,  
Болғайсын бақыт көгінде.  
Ұрпақтарың жалғасып,  
Ұзақ жаса өмірде.

19-25.07.1987

## ТЕМІРГЕ

Құрметті інім — Темір,  
Болып шықтың жебір.  
Жылқынды тонап сойыпсың,  
Салыпсың қулық не бір...

Мойын омыртқаны етімен,  
Бауырды алып көк етінен.

Қолқасы мен жүректі  
Шұнтитыпсың шетінен.

Соғымның көп жетпесі:  
Бөтекесі, өкпесі.  
Өңеші де жоқ өзінше,  
Соймадың ба көзімше?

Төсі қайда малыңның,  
Қулыққа қалай салыңдың.  
Күйеуің дейсің жылқыға,  
Өзісің қандай залымның.

Көрерміз болсақ аман,  
Арамнан артық надан.  
Алысқа барсаң болғаны,  
Алғысым ғой саған.

### САБЫРЛЫ БОЛ, МҰҢАЙМА

Мұңайма достым, мұңайма,  
Сабырлы бол мұндайда.  
Соқса да ұста балғасын,  
Келмейді болат ыңғайға.

Бұлақтай буың бұрқырап,  
Жүрсең де жолда тым ұзақ.  
Ерте ме, кеш пе, белгісіз,  
Мойныңа түсер бір тұзақ.



## ҚҰРМЕТТЕ

Бөленем десең құрметке,  
Ата-ананды құрметте.  
Ақылын алып солардың,  
Өзінді қарсы «үндетпе».

## ТАРТҚАНДА ҚАЙҒЫ АЗАБЫН

Бөліскен жүктің ауырын,  
Әуелден халқым - қазағым.  
Басыңды сүйер бауырын,  
Тартқанда қайғы азабын.

Әзиза, Әсет – апа, аға,  
Сіздерге жетпес еш баға.  
Келіпсіздер жұбата,  
Арнайы іздеп қостана.

Тигендей басым қой тасқа,  
Қанатымнан қайрылдым.  
Туыпты ұзақ тұрмасқа,  
Сәулетімнен айрылдым.

Айтарсыздар сұра деп,  
Қазаның соңғы қайырын.  
Көрерсіздер сына деп,  
Қайсарлықтың қайығын.

Қиын-ау өткел не түрлі,  
Қайғы емес түскен бір үйге.  
Ұлымның қалды жесірі,  
Қос жетімі үйінде.

Өтсе де өмір,  
Дүние  
Өзгерген мылқау күйінде.  
Жұтаған келер түбінде,  
Шүкірлік деген түйінге.

Жақсылар болса демейтін,  
Іштегі шерің аршылар.  
Жан жарасын емдейтін,  
Өздеріңіздей асылдар.

Қасірет бұлты кеудемде,  
Көтерейін басымды.  
Екеуіңіз келгенде,  
Тыяйын көзден жасымды.

10-17.04.1993

## БАҚЫТГҮЛГЕ

### I

Оған көріс – іздеп барып алыстан,  
Көңіліңнің көгершінін ұшырып.  
Бағасы зор анау-мынау туыстан,  
Адалдықпен жеткейсін тек құлшынып.

Оған көріс – айтып берсін бағынды,  
Бар ма, жоқ па, аз ба, көп пе алдында.  
Жібекке орап отыр дерсін жанынды,  
Жүргендейсін жасыл жайлау – шалғында.

Оған көріс – қуат берсін бойыңа,  
Жанарымен болмысыңды көрсін деп.

Одан шуақ тарар мүмкін жолыңа,  
Көк Каспийге келсең, жүзсең еркіндеп.

## II

Қазақтың қыз қылығын жинағандай,  
Ұрпаққа Ана мейірім сыйлағандай.  
Заңымен махаббаттың ұзатылдың,  
Болмадың Алматыны қимағандай.

Сөйттің де табыстырдың екі атаны,  
Арқалап үлкендерден ақ батаны.  
Төркіндеп Алматыға келгеніңмен,  
Ақтаудан бойлай саған таң атады.

Бақытгүл — бақытты бол атыңа сай,  
Отбасың, төңірегің аман болғай.  
Қызы боп қазағымның ұзақ жаса,  
Қысылып ешбір үйге келін болмай.

Тамыз, 1993

## ЖИЫРМА БЕС

Ойша бойлай ораламын мен саған,  
Досымсың ғой көптен бері аңсаған.  
Көңілімде сен тұрасың жиырма бес,  
Жас кезімді сенен іздеп тамсанам.

Әлі күнге жиырма бес деп ән салам,  
Саған әлі жете алмай жүр қанша адам.  
Жетпей жүрген, өтпей жүрген дәурен-ай,  
Жастарға айтып қадірінді жар салам.

**ҒЫЛЫМДАҒЫ БІР КӨКПАР**

Зиялылар, зерделілер жиналып,  
Жатыр бәрін өздерінше ұйғарып.  
Үлкен-үлкен ғалымдардың алдында,  
Оңай емес доктор болу қорғаныш.

Өтіп жатыр ғылымның бір көкпары,  
Ғалымдардың шаршамастан аттары.  
Олардың зор мүдделерін туғызды,  
Зерттеушінің талмай іздеп тапқаны.

Диссертант тұр тақырыбын сараптап,  
Дәлелдейді әр тарауын тармақтап.  
Көрнекілі құралдары көп екен,  
Алдын-ала әзірлеген салмақтап.

Өткізген ол ұйықтамастан түндерін,  
Жалғастырып жол сапармен күндерін.  
Назарынан тыс қалған жоқ үнемі,  
Практикалық эксперимент — ең керім.

Сиыр, қой, ит, шошқа, қоян, ешкіде,  
Кекілікте мәлімсіз көп ешкімге.  
Іш құрылысы, ми жүйесі зерттеліп,  
Айналышты суреттегі кескінге.

Анықталса олардың бар ауруы,  
Табылмақшы ем боларлық даруы.  
Маңызы зор бұл еңбектің әлбетте,  
Малдарға тек түссе түгел жарығы.

Жануарлар ағзаларын ақтарып,  
Келсе де ол бар міндетін атқарып.

Өз еңбегін қорғауына қосылды,  
Сұрақтарға жауап беру тоқталып.

Шет елдерден қарлығаштай қалықтап,  
Сын-пікірлер түскен екен анықтап.  
Ұзақ жылдар жазылған бұл жұмыстың  
Құндылығын оппоненттер танытпақ.

Ғылыми кеңес аяқталды табысты,  
Пікірлер де бір арнаға тоғысты.  
Жана доктор қосылды кеп қатарға,  
Жинап алып барлық дерлік дауысты.

Қарсы болған жалғыз дауыс жасырын,  
Құрай алмас иненің де жасуын.  
Құттықтаймыз жеңісімен қуана,  
Ветеринария ғылымының «жас ұлын».

10.10.1994

99

### ОҚЫП КЕЛЕМ

Оқып келем өмір сенің өзіңнен,  
Арқалаппын қайғы-мұнды төзіммен.  
— Ризамын, — деймін іштей өзіме, —  
Не көрсем де, бірге көрдім еліммен.

Көріп келем көресіні өмірден,  
Бірде күліп, бірде жылап егілгем.  
Жер бетінде жүрсем бірге еліммен,  
Жай түспегей тас төбемнен, көгімнен.

Болашаққа сенуменен семіргем,  
Енді қалай айрыламын сенімнен.

Кейде көңіл жүдеу тартып кетеді,  
Аш жылқыдай шөп таппаған тебіннен.

Қанша оқыттым десем де мен жастарды,  
Олар мені бағындырды, басқарды.  
Сондықтан да мен үйренем олардан,  
Болмау үшін өзіме-өзім жаттанды.

Оқып келем жолдасымнан, кітаптан,  
Кейде маған жетпейді-ау бір ұзақ таң.  
Түнде тұрам ойым шарлап кеткен соң,  
Құтылғандай құрсаудағы тұзақтан.

Оқып келем достарымнан, қасымнан,  
Кетпейді олар түсімде де қасымнан.  
Шырт ұйқыда қуантады достарым,  
Ал қастықтан оянғанда шошынам.

Оқып келем желді, бұлтты жауыннан,  
Кең даламда дүлей соққан дауылдан.  
Алматының бір тұрғыны болсам да,  
Сағынуды үйренемін аулымнан.

Оқып келем тең құрбының сырларын,  
Талай-талай уәделерін тыңдадым.  
Ол білгенді мен білмейді дей ме екен,  
Іштей маған қадап тұрып тырнағын.

## «ОРАЛ ӨНІРІНЕ»

Газеті облыстың - сөз өнері,  
Туыстас, ежелгі дос – «Орал өңірі».  
Өзінсің келер тойдың иегері,  
Төрдесің, тұлғаң биік көрінеді.

Сырластық тарихқа ауысқандай,  
Жас кезім қайта өзінмен қауышқандай.  
Сен едің қаламымның тұсауын кескен,  
Толасың тоқсаныңа қалыс қалмай.

Сонда да ұқсамайсың егде шалға,  
Жүресің құрдастасып әрбір таңға.  
Заманның тынысымен бірге түлеп,  
Өсесің жас өрендей өрлеп алға.

Көрсетіп еңбеккердің табысын да,  
Жоспарлы тапсырмасын, жарысын да.  
Оралдың өңірін де, өмірін де,  
Бейнелеп, асығасың танытуға.

Қашан да оқырмандар ойындасың,  
Қойшының, егіншінің қойнындасың.  
Олардың жеңісіне жаршы болып,  
Үнемі ортасыңда, тойындасың.

Бесігі бола білдің таланттардың,  
Ақынды, ғалымды да қанаттадың.  
Олқылық-кемшілікті сынай жүре,  
Көбіне озаттықты мадақтадың.

Қаламгер ұрпақтарың құлшынады,  
Әрдайым ізденіске ұмтылады.

Өзінді талай-талай мың шығарды,  
Үзбестен тың шығарып, тыншымады.

Келесің жұртшылықтың органы боп,  
Ол сенің ақылшың ғой айтары көп.  
Бүгінде ой-сананы қайта құрып,  
Жасарып, алғы сапта болғайсың тек.

Молықтыр ақпараттың құралдарын,  
Сендер ғой бұлақтары бір арнаның.  
Достық пен татулықтың туын ұстап,  
Ұлттардың паш еткейсін ұлы арманын.

Үн қосып тәуелсіздік өзгеріске,  
Елдегі бетбұрысқа, зор жеңіске.  
Халықтық баспасөздің төл перзенті,  
Шыға бер желі тартып кең өріске.

Қыркүйек, 2007

### АЗАМАТ БОЛСА...

Халықтың қаны, ары мен жаны тілінде,  
Бастайтын сол ғой кісілікке де білімге.  
Қазақтың тілін ғылыми талдап, Тұрағұл,  
Ғұлама болды, алпысқа толды бүгінде.

Қинады оны өмірдің ауыр жүгі де,  
Сәбилік шағы, тұрмыстың қамы — бәрі де.  
Төзімі берік, табаны таймай келеді,  
Азамат болса, осындай болсын әрине.

10.06.1995



## МҰХИТ ӘНІ

Төгілткен домбырамен Мұхит әнін,  
Сәулесі Жанпейістің елге мәлім.  
Шын дауыс шырқап шыққан осы шығар,  
Тербеткен, тебіrentкен адам жанын.

Бұл дауыс кең даланы жарып өткен,  
Батыстан Алатауға келіп жеткен.  
Шарлаған шартарапты талмас талант,  
Ғажайып құбылыс қой, кетпейді естен.

Не деген өткір еді саздың үні,  
Тұрғандай құлағыңда күні-түні.  
Табиғат сыйға тартса перзентіне,  
Болмайды-ау өнерлінің ешбір міні.

Әрине, шынайы өнер некен-саяқ,  
Тамсантқан, таңырқатқан сондай ғажап.  
Үркердей ұлдарын да, қыздарын да,  
Шығарған талантты етіп біздің қазақ.

Мамыр, 2006

## БИБІГҮЛГЕ

Әртіс болып ән салып жүрмесен де,  
Оянасың жарқылдап күнде сен де.  
Жәрменкені аралап келе жатсам,  
Сәті түсті өзінмен тілдесуге.

Қалқам, саған бұрылып қарайладым,  
Бір көргенде-ақ нұрланып арайландың.  
Мінезіңе күмістей күлкің сәйкес,  
Көтересің көңілін талай жанның.

Ықыласыңа бір шағын жыр арнадым,  
Танысуға сенімен құмарландым.  
Жақсы көріп өзінді қалыппын-ау,  
Биігіне шыққандай бір арманның.

30.09.1998

### АТЫ ОРЫС, ЗАТЫ ҚАЗАҚ СЕРГЕЙГЕ

Бәріміз шыққан едік қазақ шалдан,  
Ұрпақпыз осы күнде содан қалған.  
Шалдардың жолын қуып шалықтасак,  
Үлкенде, кішіде де болмас арман.

Барады далбаса боп мынау жалған,  
Не сұмдық ағаларға ауыз салған.  
Солардан үлгі алса болмай ма екен,  
Білмеймін інілердің несін алған.

Өзіңсің сенген інім, сүйікті інім,  
Айтайын бір өзіңе сөздің шынын.  
Сергейжан, — «шал» деп маған кілт тоқтадың,  
Қалайша қылын үздің жан-сезімнің.

Шынында жүрмін әлі дер кезімде,  
Жалын бар, қайрат та бар бір өзімде.  
Шаршау мен шалдығудан аман-саумын,  
Келемін ерік беріп бар төзімге.

Сен маған жүзің жылы туыстассың,  
Кешірім сұрауды да ұмытпассың.  
Әдейі қозғау салған боларсың-ау,  
Ағанның ақын жанын шын ұққасың.

10.01.1999

## КІТАП ЖЫРТҚЫШ

Жыртқыш бар ғой ішімізде,  
Енбегей ол түсімізге.  
Студенттер арасынан,  
Кездесіп тұр ісімізде.

Кім деп оны сұрай қалсан,  
Маргүл атты жап-жас ханшан.  
Өзенде емес, көлде де емес,  
Балықпаева дейсің жазсан.

Бір көруге бойлы сұлу,  
Бола алмай жүр ойлы сұлу.  
Кітап жыртып «бестік» алмақ,  
Ұрлағандай оттан жылу.

## АЙГҮЛГЕ

Қайталанбас бейнесің Айгүл шырақ,  
Көзқарасың тұрады сондай ұнап.  
Өзгеріске ұшырап кетесің-ау,  
Уақыт шіркін өткен соң бізден жырақ.

## ЖОЛАУШЫЛАР

Астана жолы ұзақ, әлде қысқа,  
Шығыпты екі ақсақал базар тұсқа.  
Сарылтып аялдама аяқтарын,  
Екеуі әрең кірді автобуска.

Іштегі орындықта екі жігіт,  
Бейне бір кеткендей-ақ ұйықтап-мүлгіп.  
Шалдарды көрмегенсіп көрінеді,  
Бастарын көтермейді көзін тігіп...

## ПРОФЕССОР БИЛЯШ ҒҰМАРОВТЫ ЕСКЕ АЛУ

Оралдың, Ақ Жайықтың аспанында,  
Құстар жүр ұшып-қонып қас-қағымда.  
Сондай бір жаздың соңғы күндерінде,  
Бастады ол қызметін жас шағында.

Тілге де, білімге де, жүрекке де,  
Жетік боп қосыла алды жүйріктерге.  
Ақ жарқын азаматтық келбетімен,  
Өрледі ортамыздан биіктерге.

«Кең болсаң, кем болмайсың» дейді халық,  
Жүрді ол бұл нақылды есіне алып.  
Ақ көңіл, адал ниет пейілімен,  
Достарға, жолдастарға болды қанық.

Ол талай мінберлерден сөз сөйлеген,  
Тындаушы сүйсінетін мұны көрген.  
Дауысы ашық еді толқындаған,  
Естіліп жататұғын алыс төрден.

Студент одан білім, тәлім алды,  
Ұстаздық лебізінен сусындады.  
Болдырып болмайтынды көмегімен,  
Нашарға демеуші боп тыншымады.

Жағалай жамағатқа болды сыйлы,  
Олардың ойларынан түйін түйді.  
Әнімен, әзілімен, күлкісімен,  
Маңына құрбыларын көптеп жиды.

Ғылымға оған Мәскеу құшақ ашты,  
Ондағы ғалымдармен көп сырласты.  
Еңбегін мерзімінен бұрын қорғап,  
Ғалым боп Оралымен дидарласты.

Қастерлеп бұқараның мұқтаж-мұнын,  
Танылды талантымен таппай тыным.  
Жоғалтып сүйген жарын, жалғыз ұлын,  
Қайғысы отбасының болды қиын.

Бойымен көз тартатын бидай өнді,  
Айтыста қарсыласын сөзден женді.  
Ақтады дос сенімін достығымен,  
Қалтқысыз кіршіксізге құлай сенді.

Жақсының ұмытылмайды жақсылығы,  
Біздерді мазалайды пәк қылығы.  
Әрдайым оны көзі тірісіндей,  
Еске алар «Билақа» деп жұртшылығы.

18.01.2003

### ЫСТЫҚ КӨЛДЕГІ ЭЛЬМИРА

Елжіреген қырғыз қызы – Эльмира,  
Дәрігерлік қызметте ол мұнда.  
Сырқаттанып қалсаң егер «Самалда»,  
Сауықтырар, көмек жасар жаныңа.

Келбетіне көзің тоймас қарасаң,  
Нәзіктігі жібектен де орасан.  
Аумай қалған қазағымның қызынан,  
Оған теңеу табу қиын санасаң.

Аға деген сөзі маған ұнайды,  
Қарындастық туыстығын сыйлайды.  
Дәрісімен мені де емдеп жазған соң,  
Чоң алғысым Алатауға сыймайды.

31.07.2004

## СӘЛУА АПАЙ БОЛСЫН ЕСТЕ

Махамбет батыр баба, ақын болмыс,  
Ту ұстап тұлпар мінген ата қоныс.  
Ондағы Нарын құмы, Тума ауылы —  
Апайдың туған жері болған өріс.

Сонда да Алатауға ауды ынтасы,  
Болған соң Орайханның қарындасы.  
Сәлуа қос перзентін қамқорға алып,  
Келді де Алматыға бауыр басты.

Жыл толды асыл апа көз жұмғалы,  
Қажырлы ана еді ер тұлғалы.  
Қалайша оны өлді дей аламыз,  
Сонында қос ұл өскен мол із қалды.

Өмірге талай жандар келді-кетті,  
Жоқтатып, тірілерді еңіретті.  
Сонда да тарих көші тоқтамайды,  
Арқалап ғажайыпты, кереметті.

Сәлапа кереметтей алғыр еді,  
Ғажайып кісілігін ел біледі.  
Бойына ақыл, қайрат қатар біткен,  
Болды ол кеңпейілді, өнегелі.

Жалықпай жарқылдаған нағыз текті,  
Жастарға ізгіліктің нұрын септі.  
Өзі де кішілерге, үлкендерге,  
Туыстық тұлғасы зор болып өтті.

Ерінбей жең сыбанып еңбек етті,  
Тамсанып, тандандырып төңіректі.

Сонысымен өзі құрған үй тұрмысын,  
Кейінгі келініне беріп кетті.

Қос ұлы, қос келіні одан өрген,  
Еркелеп үш немере соңына ерген.  
Мақтанып, жан-жүрегі тебіреніп,  
Олардың ақ әжесі мейірленген.

Ал бүгін ана-әженің орны басқа,  
Болмайды аруағыңа табынбасқа.  
Жүрейік оны мәңгі есте сақтап,  
Үлгі етіп, өнеге етіп туыс-досқа.

15.08.2004

### ПРОФЕССОР ӘДІЛ АҒА

Ғалым болса осындай бір құнарлы,  
Майыспайтын болаттан да шыдамды.  
Жазғы күндей жадыраған мінезді,  
Ыстыққа да, суыққа да шындалды.

Қиындықты жеңіп шығар көнбісті,  
Айтуға да, жазуға <sup>ғол</sup> ол күшті,  
Көзге түсіп мақтануды білмейді,  
Дем алмастан тындырса да көп істі.

Еңбегімен өз еліне ұнамды,  
Талай құлақ үйренді одан тындауды.  
Сынай жүре білімдерін жастардың,  
Сүрінбестен шаршы топта сыналды.

Капитандай басқарушы кемені,  
Білім, ғылым теңізінде келеді.  
Ешқандай да көп болды деп айтпайды,  
Үлкенге де, кішіге де көмегі.

Ол шығарған оқулықтар қаншама,  
«Философия», «Логика», «Концепция» — соншама.  
Оқытудан жалығуды көрген жоқ,  
Ұстаздығы елу жылдан асса да.

Оқытқан ол жұрт қатарлы мені де,  
Оған қарап отырғанмын телміре.  
Келмей қойды, амал қанша, сол жылдар,  
Студент боп жүрер едім өзіңе.

Желдей есіп жүгіреді ол әлі де,  
Үлгерсем деп, көп жұмыстың бәріне.  
Жүз жаста да жүгіруді тілейміз —  
Біздер бүгін Тұрғынбаев Әділге.

27.08.2004

**ТЕҢДІККЕ**

Жадымда жүрер Теңдігім,  
Өзгеше досым жасымнан.  
Сені ойласам мен бүгін,  
Ақ Жайыққа асығам.

Студент кезде өзіңмен,  
Жайықтан өттік қайықпен.  
Кетпейді әлі көзімнен,  
Қарасам ойлап байыппен.

Ыстығы-ай күннің сондағы,  
Арқанды қақтап қыздырған.  
Сол күндер ыстық болмады,  
Өзіндей ыстық құрбыдан.



**САТУШЫ ҚЫЗҒА**

Тау асатын жандайсың,  
Иығынды қомдайсың.  
Алдында қазақ Атаң тұр,  
Орысшалап қоймайсың.

Есебіне жетіксін,  
Әдемі болып кетіпсін.  
Қарағым, ана тіліңсіз,  
Сен де бір кетік кірпішсің.

Ұлтыңнан алғыс алғайсың,  
Ұятқа сонда қалмайсың.  
Қазақша сөйлеп қазақпен,  
Әуелі қазақ болғайсың.

25.02.2005

**ӘЛМҰҚАНҒА**

Қарашаның шөбересі өзінсін,  
Болып өспе бір беткейлі өзімшіл.  
Әлмұқанжан, айналайын, жаным-ау,  
Көңілімнің көркі өзін, гүлімсің.

Өзін айтқан көкеңмін ғой мен сенін,  
Биіктей бер төмен түспей еңсерің.  
Қайырымды боп қуанта бер біздерді.  
Бақытты боп, бола бер тек ең керім.

Шілде, 2006

**АТА ТІЛЕГІ**

Ән сал десе, сал әнді,  
Жігіт боп өс жарамды.  
Қуантқайсың әрқашан,  
Әкең менен анадды.

Қай қияға шықсаң да,  
Ата-ананды ұмытпа.  
Абыройыңа дақ салма,  
Жамандықты жуытпа.

### ҮЛКЕН «БЕСТІК» АЛДЫ МА?

Білеміз Айқын деген мырқымбайды,  
Сабақтан бас алмайды, бір тынбайды.  
Бүгін ол үлкен «бестік» алды ма екен,  
Портфелін көтере алмай ырсылдайды.

Маусым, 1991

### СОЛ БАЛАЛЫҚ КҮНДЕР-АЙ

Айнала шағыл, қоңырлық,  
Жазғы жайлау — сол қырлық.  
Жағалай үйлер тігілген,  
Ұсталған түндік, туырлық.

Ат қылып міндік ағашқа,  
Асықты салдық таласқа.  
Сағындық, қайда кетті деп,  
Әкеміз үйден қыр асса.

Жаяулап шауып жарыстық,  
Бұл күнде соның бәрі ыстық.  
Машина қазір он минут  
Жүрген жер болды алыстық.

Зымырап жылдар зулады,  
Бір орында тұрмады.  
Сәбилік — өткен шақ дейміз,  
Қырдағы ауыл — Туманы.

Большпыз енді қалалық,  
Біздерді жастар аға ғып.  
Соларды-ақ аға дер едік,  
Келсе ғой қайтып балалық.

20.04.1980

### АСЫРАУШЫ

Бұл өзі болсадағы өткен-кеткен,  
Қозғайды сезімді бір күдіретпен.  
Алдымда куә болған адам отыр,  
Оқиға сол арқылы маған жеткен.

Үстірті Маңғыстаудың алыс мекен,  
Қыс түссе киік оны қоныс еткен.  
Шұбырып қыстағына солай қарай,  
Арқадан ұзақ жолды сапар шеккен.

Киіктер келе жатыр анау шеттен,  
Жан дерсің күтіп жатқан мынау неткен.  
Қолында садағы мен оқтары бар,  
Бәрі де алдын-ала баптан өткен.

Мергеннің екі көзі оттай жанды,  
Топ киік қарсы алдында тоқтай қалды.  
Сонда да жүрек тулап, құлақ шулап,  
Атпады, атайын деп оқталмады.

Даланың жазығы жоқ жануары,  
Қинайды адам жанын көз жанары.  
Аулының азығы жоқ, малы да жоқ,  
Аңшының қалмады ғой басқа амалы.

Болмайды бұдан әрі кідіруге,  
Күтпейді жануарлар оны мүлде.  
Көздеді, бір киікті атып қалды,  
Ауылдың қорек керек алты үйіне.

Құлатты мерген әлгі жануарды,  
Тағы да қорамсақтан оғын алды.  
Дүрліккен киіктердің бір текесін  
Сұлатып садақ оғы, жолда қалды.

Әңгіме көп болғанмен әрі қарай,  
Көнбейді бір оқиға оған оңай.  
Аулын қысқы аштықтан алып шыққан  
Атанды «Асыраушы» аңшы осылай.

### ҚАРА ШАЛ

114

Үстіне киіп алып шекпен-тонды,  
Қара шал қатты қыста атқа қонды.  
Аудан мен ауыл арасы екі күндік,  
Содан соң әрлі-берлі жолда болды.

Жүрді ол екі ортаға пошта тасып,  
Жатқанда ел фашизммен жағаласып.  
Майданнан келген хаттар қоржынында  
Кеш түсіп, күн барады қырдан асып.

«Хаттарда жауынгерлер жазған болар,  
Соғыста, қан қырғында жүр-ау солар —  
Деп ойлап келе жатыр пошташы шал,—  
Күн қайда Жеңіс туы қолға қонар?!».

Өтеді ол ой мен қырды, құба жонды,  
Осындай қыс болмапты-ау бұрын-сонды.

Мұрты да, сақалы да, кірпігі де,  
Аязда қырау басып мұзға толды.

Кейде бар көп қасқырдың ұлығаны,  
Түлкінің жолда қашып тығылғаны.  
Қоян да анда-санда секендейді,  
Жолаушы ешбіріне бұрылмады.

Осылай төртінші рет қыс та өтті,  
Көктемнің соңғы айы – мамыр жетті.  
Аталып Жеңіс күні бүкіл елде,  
Қуаныш шал жүрегін тебіrentті.

Басталды бейбітшілік - жаңа заман,  
Соғыстан ортаншы ұлы келді аман.  
Қалса да үлкен ұлы қанды айқаста,  
Қара шал қайғырғанмен қайтсін оған.

### ШІЛДЕХАНА АЛАҚАЙЫ

Көргенбіз сүйіншіні, алақайды,  
Аспанға лақтырылған малақайды.  
Ұл туса қазағымның әдет-ғұрпы,  
Қарсы алу осылайша балақайды.

Есейіп тумаған ғой бір де дана,  
Бастауы кісіліктің шілдехана.  
Перзенттің «іңгәлаған» даусы шықса,  
Өмірге келгендейміз біз де жаңа.

Бүгін сол ізгі дәстүр құшағында,  
Қуандым, жас балаға ұқсадым ба?  
Жүгіріп ерте ояндым  
Ағытардай

Ағалық ақ батаның тұсауын да.

Үй көркі, ошақ көркі сәби ғана,  
Есет те, Айсұлу да әке-ана.  
Екеуі мәужіреген кемпір-шал боп,  
Ұлдары өздеріңе болғай пана.

Ұрпақ қой жалғастырар адам атын,  
Мақтанар жақсы ұлымен жамағаты.  
Баубекжан ер жетіп ап,  
Атанғай тек  
Халқының ақсақалы, азаматы.


Қыркүйек, 2007

### ЯНА ҚАБЫЛҚЫЗЫНА


Өлең сұрап көп қиылдың Яна,  
Сендей тұлға бір өлеңге сия ма?  
Бір өзіңе теңеу таппай толғанып,  
Ұзақ жылдар болып келем «диюана».

Шақырсаң да нелер биік қияға,  
Барармын-ау құстай ұшып қуана.  
Басқа нәрсе сұрай қалсаң өкпем жоқ,  
Енді саған шықпаса өлең қинама.




Қараша, 1980



## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ



# Мысалдар



## АСЫҚ

Шығысы мен Батысы, Арқасы мен Құбыла,  
Дүниенің төрт бұрышы, көз жеткісіз сұңғыла.  
Асық соны қайталап бүге, шіге, алшы боп,  
Тәйкесінен түседі төртінші рет жығыла.

\*\*\*

Алдамақ болып ақынды,  
Жағалай бәрі ақылды.  
Ішіндегі біреуі,  
Мінезінен шатылды.

\*\*\*

Ешкі қойды сынады,  
Ұзын деді құлағы.  
Сөйтіп өзі секірді,  
Ұшып кетті тұяғы.

\*\*\*

Бұқаны сиыр сынады,  
Салбырайды деп бұғағы.  
Асылғанда сол бұқа,  
Шойырылып құлады.



\*\*\*

Қасқырдың тоймай құлқыны,  
Тонды аңшыға ұмтылды.  
Көріп қалып мылтығын,  
Әрең қашып құтылды.

\*\*\*

Жабыдан тұлпар шығады,  
Жабулап күтіп баптаса.  
Тұлпар да жабы болады,  
Бәйгеге қосып жатпаса.

\*\*\*


Бір үй иесі кілем-көрпе жинайды,  
Кітапқа ақша, киноға уақыт қимайды.  
Бір үйлердің кітап болып байлығы,  
Жетіп жүреді уақыты да, айлығы.

## СӘБИ АЙТАДЫ


Айлап өсіп келемін,  
Мамама көмек беремін.  
Өтіктеймін өзім де,  
Көкетайдың көйлегін.

Шар айнаға қараймын,  
Сары шашымды тараймын.  
Өнерлі боп өсем де,  
Әртістікті қалаймын.




1966



Жетінші бөлім



# Толғаулар



## НАРЫНДЫ АҢСАУ

Қазақтың байтақ жері маған қымбат,  
Әр шөбі көрінеді бойы сұңғақ.  
Тусам да ойлы-қырлы Нарын құмда,  
Өскенмін Алатаудың өнін тыңдап.

Түсімде аян беріп Тайыр келді,  
«Атқа қон, Нарын жырын қайыр» деді.  
«Оралда қолыма су құйып едің,  
Жаз бала болмасан да шайыр мейлі».

Осы сөз құлағымды өтті жарып,  
Келгендей Жасқұсына ақын барып.  
Тайырдың тапсырмасын орындауға,  
Көрейін не де болса бір қарманып.

Кетпейді қайран Нарын тіпті де естен,  
Осында ата-бабам өмір кешкен.  
Тауы да, тағы да оның Ақшошақ боп,  
Басынан кеш түскенде, әзер түскен.

Ақшошақ құмшекердей сусылдайды,  
Отырсаң құсмамықтай, сусымайды.  
Үстіңе кір түсіріп бір жұқпайды,  
Жаңбырда балшығы жоқ, су тұнбайды.

Ақшошақ жайлау құмның биік төрі,  
Нарынды айғақтайтын ақшыл мөрі.  
Табиғат адамына тарту еткен,  
Нарынның желі үрлеген дөнді жері.

Кей жердің көрінеді қысы жұмсақ,  
Жан-жақтан шағыр, төбе, шағыл қымтап.  
Жылқылы, қойлы ауылдың ұл-қыздарын  
Өсірген қарлы боран, аяз шындап.

Мұндағы естен кетпес бала кезім,  
Шөліркеп, жуа теріп, дала кездім.  
Желкектің, қарақаттың дәмін татып,  
Қияқтан тұсау есіп, қамшы өрдім.

Нарынның баспалайтын құмаршығын,  
Кептіріп түске дейін сулы шығын.  
Аршылған ақ күмістей көзді дәнді,  
Ұраға құюшы еді төкпей бірін.

Жүретін оқушылар сағыз теріп,  
Қоянның көжегін де ұстап, көріп.  
Нарынның керек десең жайма соры,  
Жататын ас тұзын да тегін беріп.

Ойпаңның қол созымнан суы шылқып,  
Ілезде болатұғын мөлдір тұнық.  
Ішкенде қымырандай суық сынап,  
Шекеннен өткендей бір жарып шығып.

Шалғыннан көрінбейтін шөккен түйе,  
Тұратын сүйрік тартып тайлы бие.  
Кешкісін бүйірі шыққан сиыр мен қой,  
Тарайтын өрістен соң үйді-үйіне.

Қыр басы қызыл құмның дерсің мектеп,  
Есіңнен сәби шағың қалай кетпек.  
Торғайлар топ-тобымен жатса қонып,  
Күшіктер ұмтылатын ұстауға ептеп.

Аталар әңгімеден дүкен құрып,  
Әжелер қастарында ұршық иіріп.  
Балалар ертегіге қанығатын,  
Әріпке, әліппеге жетпей тұрып.

Атаның аузындағы бір әңгіме,  
Билейді ой-санамды әлі күнге.

Қазақтың ел бірлігін сақтау үшін,  
Қалғандай өсиет боп кейінгіге.

Әкесі отырыпты жүдеп, налып,  
Аурудан демігіпті, басы айналып.  
Ымдайды үш ұлына сұқ қолымен,  
Сөйлеуге шамасы жоқ, тіл байланып.

Отынға әкелінген бума талды,  
Кіші ұлы әкесіне алып барды.  
Шал байғұс бір шыбықты тартып қалып,  
Үстіне жер ошақтың өзі салды.

Сөйтті де оң қолымен басып қалды,  
Морт сынып жалғыз шыбық шатырлады.  
Ендігі кезек келген екі шыбық  
Майысып сына жаздап осалданды.

Дегендей ер кезегі үшке дейін,  
Үш шыбық бумаланды бұдан кейін.  
Басқанда қайта-қайта алақанмен,  
Үшеуі мықтыланды темірдейін.

Бұдан соң шал шыбыққа жуыспады,  
Жайды да үш саусағын уыстады.  
Сырқаты жанға батқан талықсытып,  
Ентігіп біразырақ тыныстады.

Отырды үш саусағын бірдей қысып,  
Қарады ұлдарына көзі түсіп.  
Құлады сол қалпында шалқасынан,  
Аттанды мәңгілікке бір күрсініп...

Атаның мысал болып сөзі қалған,  
Ұрпағы дей алмас-ау оны жалған.

О бастан атам қазақ өсиеттеп,  
Бірлігін үш жүзінің қылған арман.

Ойласам енді бүгін соның бәрін,  
Көзіме жас келеді, қайран Нарын.  
Арал мен Семей, Балқаш күңіренді,  
Қосылып қайғысына сенің зарың.

Бай өлке елу жылдай азап кешіп,  
Жұрт кеткен қонысынан босып-көшіп.  
Құт Нарын жұт Нарынға айналыпты-ау,  
Жойқын күш өкпесінен тесіп өтіп.

Жасырын жарылыстар мақұлданды,  
Жазықсыз жан-жануар атомдалды.  
Боз торғай қой үстіне жұмыртқалап  
Тұрғандай тыныш тірлік зақымдалды.

Нарынның қасірет көп қазағында,  
Бұ да бір бодандықтың мазағы да.  
Сәбиі дүниеге келмей жатып,  
Түсіпті мүгедектік тозағына.

Жалпақ жер Еділ – Жайық арасында,  
Келер ме бұрынғыдай сабасына.  
Ауруын қандай емші жазар екен,  
Қалдырмай дос-дұшпанның табасына.

Тұрса да қыл үстінде, жар басында,  
Өмірдің үміт артып жалғасына.  
Нарында ақсақалды бір шал отыр,  
– Сенем, – деп, – ең бірінші Елбасыға.

20.01.1994.

## ҰСТАЗ - ҒАЛЫМ ЕЛЕУКЕН

Қыс кезі, қала-дала қар жамылған,  
Қысады қиыншылық жан-жағынан.  
Сонау бір отызыншы жылдар еді,  
Жазда да көз сүрінген көк сағымнан.

Жол шалғай шыға қалсаң ауылдарға,  
Салт атты кезігетін дауылға да.  
О кезде автомобиль дегенінді,  
Болмайтын аузыңа алуға да.

Аралап мектептерді қырға асатын,  
Ондағы адамдармен сырласатын.  
Көптеген мұғалімдер сонда оған,  
Мұндарын, мұқтаждарын тыңдататын.

Осындай ортадан ол шыққан түлеп,  
Жеті жыл қажымастан жадап-жүдеп.  
Бітірген тоғыз класс балаң жігіт,  
Жөн сілтеп, тыншымады білімге үндеп.

Бір ұшқын жүрегінде алға тартты,  
Жасынан ізгілікті армандатты.  
Атырау, Орал бойын артқа тастап,  
Елеукен Алматыға үміт артты.

Мұндағы университет, академия,  
Жасқа да, үлкенге де ыстық ұя.  
Бұларда шәкірт, ұстаз, доктор болды,  
Халқына қыруар еңбек тартып сыйға.

Ол ғалым шынында да ірі еді,  
Дегенмен ғалымдардың бірі еді.  
Өмірдің соқпағына бой алдырған,  
Ғылымда кеткенімен көп ілгері.



Токтаусыз ізденіске сапар шеккен,  
Қайтпайтын қайсар еді алған беттен.  
Өзіндей тұлғаларға ілесе алмай,  
Жетсе де биігіне жетпей кеткен.

Тұрса да құсың самғап, шабыт көкте,  
Тағдырдың салуына жүрмейді өкпе.  
Тұлпарың қанша жүйрік болғанымен,  
Шықпайды жалғыз шауып алғы шепке.

Әрине, тұлпары бар өзгелердің,  
Мүмкін ол олармен бір сөзге келді?  
Ұмытып отбасын да, өз қамын да,  
Ғылымнан басқа бақыт іздемеді.

Өрмелеп тың ұғымнан, шың ұғымға,  
Сүнгіді терең ойдың тұнығына.  
Орыс пен қазағының шын достығын  
Қалдырды әдебиеттану ғылымында.

Өткізіп тарих көшін жылдар тасыр,  
Оларда ізі де оның сайрап жатыр.  
Еңбегі ұрпақтардың еншісінде,  
Ескерер тағы да әлі келер ғасыр.

30.11.1992

### ЗЕЙНОЛЛА АМАНҒАЛИҰЛЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА

Бүгінгі той иесі Зейін аға,  
Сондықтан сөз арнайық оған ғана.  
Құттықтап халқымыздың төл перзентін,  
Жасайын өлеңменен баяндама.

Артта қап Нарындағы балалығы,  
Оқыды ол, арта берді саналығы.

Бастады педагогтық қызметін,  
Ақ Жайық, Орал бойын пана қылды.

Мектепте мұғалім боп жүрер ме еді,  
Әскерге алынбаса күн ілгері.  
Батысқа сапар шегіп кете барды,  
Аралап қалаларды, талай жерді.

Ең алғаш жау тигенде ел шетіне,  
Тұрған ол Ұлы Отанның күзетінде.  
Қарамай қардай борап жауған оққа,  
Тап берді фашизммен белдесуге.

Ойласа бұл күндері байыппенен,  
Сұрапыл қан майданға барып көрген.  
Шайқаста – Шекара әскер құрамында,  
Жеңістің бастапқы әрпін салып берген.

Жол бермей көп шығынға, жеңілуге,  
Уақытша болған кейін шегіну де.  
Бәрін де бастан кешіп, көзбен көрді,  
Болмайды ұмытуға оны мүлде.

Жерді де, аспанды да от орады,  
Жау келіп Москваны қоршап алды.  
Қатысып сол соғысқа Зейнолла аға,  
Алдырмай зұлым жауға, аман қалды.

Ажалмен айқасқанда жеңдірмеді,  
Достары жер құшқанда тебіренді.  
Қазір де мазалайды естен кетпей,  
Ізгілік, жанашырлық сезімдері.

Ол болды ерлігімен өнегелі,  
Мойымай қиындықты жеңе білді.

Қаруын қаламымен ауыстырып,  
Білімді, ғылым жолын иеленді.

Жастардың ақылшысы, шын ұстазы,  
Жетелеп жақсылыққа, жол нұсқады.  
Еңбекте ерінбестен елу жылдай,  
Ғылыми зерттеуден де жалықпады.

Баулыды тарихқа өрендерді,  
Сонысымен шеберлігін көлемдеді.  
Ие боп ордендерге, медальдарға,  
Қалмады ескерусіз ер еңбегі.

Дұрысын мерейтойда айту керек,  
Мен үшін ардақты аға орны бөлек.  
Ғылымда, ұстаздықта үлгі болып,  
Шынайы ұмтылысқа берген көмек.

Бойында салмақтылық, сабырлылық,  
Кісілік, турашылдық, бар алғырлық.  
Үнемі достар жиып келеді ол,  
Олардан бөлектенбей жалғыз жүріп.

Сыр бермей ауру-сырқау тосқауылға,  
Сүйеніп Шәнда жеңгей баптауына,  
Ағамыз ұрпақтары ортасында,  
Тың жүргей шаршамастан тоқсанында.

Жүз жасау көп емес қой одан әрі,  
Сонда оны інілері демес кәрі.  
Әзірге сексен жасы Зейнеағаның,  
Қуантсын құтты болып жұрттың бәрін.

01.05.1999.

## МҰРАТ АҚЫН

Өтсе де зарлы заман қилы-қилы,  
Бабалар есімдері елге сыйлы.  
Солардың батырлығын, ақындығын,  
Ұмытпай ұрпақтары ойға түйді.

Бұл қоныс ЕуроАзия шекарасы,  
Кең жазық, Ақ Жайықтың бір сағасы.  
Индерден Атырауға барар жолда,  
Ұйқыда жатыр Мұрат — сөз данасы.

Тұрмыз біз зиратына тағзым етіп,  
Толқын ой мазалайды келіп-кетіп.  
Ақынды өлтірмейді өлендері,  
Ғасырдан ғасырларға асып өтіп.

Үнілсек тарихтағы келбетіне,  
Сом тұлға тұрар алда тербетіле.  
Толықша, орта бойлы, қара сақал,  
Белгілі түр-сипаты кімде-кімге.

Дауысы сұңқар үнді санқылдаған,  
Жырлаудан елін, жерін бір тынбаған.  
Айтыста жүрсе де ол жүлде бермей,  
Зер салып домбыраға ұмтылмаған.

Қолға алып тостаған мен малақайын,  
Келтірген әуелетіп ән ыңғайын.  
Дәріптеп барлық пенен батырлықты,  
Олардың таныстырған мекен-жайын.

Жыр еткен Еділ, Жайық атырабын,  
Орал мен Маңғыстауын, Атырауын,  
Жем, Сағыз, Ойыл менен Ақтөбені,  
Тойсойған, өзі туған Қарабауын.

Байтақтан бас бөйге алған жыр дүлділі,  
Қылыштай қынаптағы өткір тілді.  
Алаштың сөзге шешен азаматы,  
Өрнектеп өнерінен сыр түздірді.

Жалғаған Махамбеттің жыр дәстүрін,  
Көп қазақ оныменен сырлас бүгін.  
Қазір де өз халқының құрдасындай  
Туса да екі ұрпақтан жүз жас бұрын.

Шындықты жұрттан бұрын көре білген,  
Заманның озбырлығын сезе білген.  
Халықтың қысым көрген мұң мен зарын,  
Өткізген өн бойының өзегінен.

Қырандай шарықтаған, қалықтаған,  
Өлкесін кейітпеуден жалықпаған.  
Сыйғызып бір дастанға үш қиянды,  
Сол кездің ақиқатын жайып салған.

Дегенде Мөңкеұлы ақын Мұрат,  
Шын қазақ мұрасынан тұрмас жырақ.  
Ақынды өлмейтұғын сөз қалдырған  
Қастерлеп есте сақтар талай ұрпақ.

04.02.1994

### КҮЙШІ-САЗГЕР ҚҰДІРЕТІ

Таратып азаттықтың таң жылуын,  
Бейнелеп дәуір көші құбылуын.  
Бастаған күйші-сазгер Құрманғазы  
Қазақтың рухани жаңғыруын.

Анаға: «Аман бол...» деп тіл қатады,  
Жылаған баланы да жұбатады.

Кең байтақ өлкесінде сапар шегіп,  
Туған ел топырағынан қуат алды.

«Сары Арқа», «Алатау» боп күй төгілді,  
«Балқаймақ» билеп алды бар сезімді.  
«Адайын» орындаса үркердей топ  
Күйшінің құдіретіне қол соғылды.

Ғажайып сазды әуенмен жазған дастан,  
Тамсантқан «Көбік шашқан», «Кісен ашқан».  
Өнерді мәңгі өмірлік ете білсе,  
Болар-ау өзіндей-ақ бір данышпан.

Күйшіге атақты ақын жыр арнады,  
Ол болды ғалымның бір ізгі арманы.  
Зерттеліп, реттеліп өнерде де,  
Оркестр болып алды Құрманғазы.

Күйлері шар тарапта шарықтады,  
Аспанда қыран құстай қалықтады.  
Өнерін өрге сүйреп ұрпақтары,  
Халқына орындаудан жалықпады.

Қазақта сазды әуенге үлгі-нұсқа,  
Айналды ол күллі әлемдік құбылысқа.  
Жер шарын шарлап кетті оркестрі,  
Мәлім боп Батысқа да, Күн шығысқа.

Ән болып көрерменнің көңілінде,  
Көрінді ол операның төрінен де.  
Өнерден өмір өрбіп жатқандай-ақ,  
Өлместік, сабақтастық өңірінде.

Сыймайды сиқырлы күй сабасына,  
Мың тағзым, миллион тағзым Бабасына.

Күн сайын күйші Ата деп оянғандай  
Қазактың қаласы да, даласы да.

Білмейді ол ұлтынды да, шекараны,  
Үн болып көкке, жерге таралады.  
Бапталып сәйгүліктей домбырасы,  
Дәстүрі жалғасады, жаңарады.

30.04.1998

### РЗАҒА АРНАУ

Жылап тұр жауындатып, дала бүгін,  
Рзаның аза тұтып, қаза күнін.  
Сұм ажал орып алды-ау, ортамыздан,  
Халқымның тағы да бір дара гүлін.

Қызы еді қазағымның жыр боп туған,  
Ойлы еді, нұрлы еді, тұнып тұрған.  
Асыққан сыңарына Ақкудай-ақ,  
Өтті ол дүниеден тұрмай, жылдам.

Журналист, жазушы еді, ақын еді,  
Еліне қадірлі еді, жақын еді.  
Шарықтап тәтті арманға ұмтылса да,  
Өмірдің ащы зарын татып өлді.

Ұйытқан үлкенді де, кішіні де,  
Өзге еді, әңгімешіл, пішіні де.  
Өзіндей құрбыларының жайын ойлап,  
Толғанды, тебіренді, күн де, түн де.

Отырмай жылы орында қалай-солай,  
Ыстыққа, суыққа да қарайламай,  
Дегендей жол азабы, көр азабы,  
Табиғат тауқыметін тартқан талай.

Шығатын алыс-алыс сапарларға,  
Жайлауға, малды ауылды отарларға.  
Шарлады фабриктер мен зауыттарды,  
Сыр түйді ертелі-кеш атар таңға.

Кең байтақ жерін шарлап аралады,  
Бәрін де байыптады, шамалады.  
Көркемдеп ақын көзбен, қара сөзбен,  
Төгілтіп оңдап кітап жаза да алды.

Болғанда ауылдарда, қалаларда,  
Кездесті жүдеу жүзді аналарға.  
Солардың жоғын жоқтап, іркілместен,  
Жолықты лауазымды ағаларға.

Мініп ап шабытының тұлпарына,  
Қалмады тұнып ойдың құрсауында.  
Өлеңнен түндер бойы кесте төгіп,  
Отырды тапжылмастан жыр тағында.

Ұлтының сөз өнерін көріктеді,  
Тілінен інжу-маржан теріп берді.  
Дәстүрден жаңашылдық жасау үшін,  
Ақиық ақындарға еліктеді.

Дандайсып елікпеді, желікпеді,  
Жемісін еңбегінің теріп көрді.  
Су сепкен қанатымен қарлығаштай,  
Өнерге өзіне-өзі сеніп келді.

Сезімтал, сергек еді дерсің неткен,  
Қамқор боп таланттарды тани кеткен.  
Журналға, оқырмандар назарына,  
Олардың жыр жолдарын тарту еткен.



Ұл-қызын өзінен де қалған аумай  
Өсірді ар-ұятына ақау салмай.  
Ана боп аялады, адам етті,  
Үнемі алда жүріп, артта қалмай.

Тоқтады ақын жүрек, ана жүрек,  
Айнала болып кетті қара түнек.  
Артында ол қалдырған жыр мұрасы,  
Тербетер жұртын мәңгі желеп-жебеп.

04.05.1993

## ПРОФЕССОР БАҚЫТ ЖАТҚАНБАЙҚЫЗЫНА

Жаңа жылды бастағанда күнпарақ,  
Алатаудың ұлпа қары тым ғажап.  
Жас жұбайлар отбасында туыпты,  
Бақыт атты тұңғыш сәби «інгәлап».

Қысы-жазы есейді ол еңбекпен,  
Біте қайнап үйіндегі бейнетпен.  
Әрқашанда жүгі ауыр ғой тұңғыштын,  
Бауырларын жеткізем деп тер төккен.

Мектебі мен үйі арасын шарлады,  
Үздік оқып, сабағынан қалмады.  
Анасының көмекшісі болам деп,  
Көбінесе киноға да бармады.

Қарап өсті таудың биік шыңына,  
Кәмелетке жетті сөйтіп шыныға.  
Осылайша өсу, сірә, бұйырыпты  
Қазағымның қарапайым қызына.

Білім қуды, ғылым жолын іздеді,  
Зерігуді, елігуді білмеді.  
Сабырлы боп, салмақты боп, бой жетті,  
Оны да уақыт асықтырды ілгері.

Келді бүгін кемелденген шағына,  
Тұрмыс құрып, ана болды бағына.  
Әже деген атақты да еншілеп,  
Немересі жігіт болар тағы да.

Халық айтса қателесіп көрмеген,  
— Елу жылда жаңарады ел, — деген.  
Жатқанбайдың Бақыты да бақытты  
Елмен бірге елу қырға өрлеген.

Көпті көрген, көп біледі әрине,  
Үш бұлақтан сусындайды әзірге.  
Қазақ, орыс, неміс тілін меңгерген,  
Байыптайды ақылымен бәрін де.

Шет елге де шығады ол шын ұзап,  
Германия болсадағы жолы ұзақ.  
Екі ауылдың ортасында жүргендей,  
Немісшеден тілге жүйрік бұл шырақ.

Кейде тіпті төрт бөлініп ұйқысы,  
Болып жүр ол деканаттың ұйтқысы.  
Аман болып, қонғай оның қолына  
Алда келер «2030» жыл құсы.

16.01.1998

## ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ КӘКІМХАНҒА

Кәкімхан біздің азамат  
Жалықпайтын еңбектен.  
Құлашын сермеп алысқа,  
Құлшынысын өрлеткен.  
Баюдың жолын ойламай,  
Ғылыми жолда тер төккен.  
Ізденісте жүрген соң  
Керек емес шен-шекпен.  
Жаңа ғасыр алдында  
Зор жетістік ол жеткен:  
Тайбуырылын ғылымның  
Талмай шауып терлеткен.

Батырға да, ғалымға  
Ақын сөзін арнаған.  
Өмірі ұзақ ғылымның  
Болашақты барлаған.  
Қиялын ұштап Кәкімхан  
Аспанға биік самғаған.  
Теория мен практикадан  
Күн жылуын жинаған.  
Кәсібиліктің сапасын  
Зерттеуге терең бойлаған.  
Болашақта мұғалім  
Не боларын ойлаған.

Педагогтың міндеті —  
Оқыту мен тәрбие.  
Бұл екеуі ұстазда  
Табуы тиіс мәміле.  
Осылар өзек болыпты  
Докторлық жұмыс мәніне.  
Ұстаздықтан озады  
Адами қасиет әріге.

Бүгін де, ертең керек қой  
Бұл сапалар әркімге.  
Кәкімханның еңбегі  
Мазмұнға бай әрине.

Мұғалімді Кәкімхан  
Жеке тұлға деп білген.  
Кім-кімді де бейтарап  
Қалдырмайды бұл мүлдем.  
Ойы оның өзгеше  
Кісілікпен ұштасқан.  
Құттықтаймыз қуанып  
Докторды бүгін тұс-тұстан.  
Белгілі болғай ол бойлай  
Ғылымда атын оздырып.  
Ден саулығы зор болғай  
Тоқсанда тонын тоздырып.

04.01.2000

### ЖЕЛТОҚСАН ОТЫ СӨНБЕЙДІ

Бұлақтай тұнып тұрған ұлттық намыс,  
Жастардың санасында самғайды алыс.  
Онымен есептеспеу есерсоқтық,  
Аяғың сүрінеді бассан шалыс.

Желтоқсан айғақтады бұл шындықты,  
Әміршіл, өктем жүйе бір тұншықты.  
Үнсіздік – рухани құлдық сеңін  
Бір күнде-ақ жастық жігер бұзып шықты.

Қайраттар, Ляззаттар қатар түзеп,  
Келеді Бас алаңға жанын безеп.  
Оларды табиғат та қолдағандай,  
Қар борап Алматыда, соғады үдеп.

Кім көрген бұрын мұндай кереметті,  
Алаңға студенттер келіп жетті.  
Әр ұлттың өз көсемі болсын деуді,  
Бәрі де тілдеріне тиек етті.

Оларға қатыгез күш қарсы тұрды,  
Ақылды жеңем дейді ашу сорлы.  
Жазықсыз жандар қаны төгілгенде,  
Амалсыз халық оған куә болды.

Бұл сірә, жай құбылыс емес еді,  
Көрінген терең мәннің елесі еді.  
Бір ұлтта ұзақ жылдар қалыптасқан  
Ар-ұят, сана-сезім егесі еді.

Ар-ұят, сана-сезім егеседі,  
Ол қашан басқалармен теңеседі.  
Бар адам туған бойда тең боп туған,  
Сондықтан кемшін болам демес еді.

«Мейлің, жанымды алсаң, арымды алма»,  
Дейді ғой біздің қазақ қашаннан да.  
Асаудай арындаған өршіл мінез  
Көрінер дараланып осындайда.

Бұл мінез — ұлттық намыс баба заңы,  
Сол заңмен ұрпақ алға бара алады.  
Тек қана еркіндіктің арқасында  
Әрбір ел өз бақытын таба алады.

Дегендей ақыл жастан, болат тастан,  
Біртіндеп жазылады одан дастан.  
Қаншама қараңғылық қаптаса да,  
Келеді бұлт соңынан ашық аспан.

Өзінше өмір сөйлеп қас қағымда,  
Жол түсті егемендік бастауына.  
Тарих осылайша беттер ашты  
Қазақтың қайсар туған жастарына.

Тәуелсіз Қазақстан елге айналды,  
Желбіреп аспанында көк байрағы.  
Желтоқсан бодандықты серпіп тастап,  
Жыл сайын мейрамдалып, ол тойланды.

12.12.2000

### ТУҒАН ЖЕР ТҮЛЕГІ

Жер шалғай жаяу жүрсен жаз өтеді,  
Сонда да өз аулына не жетеді?!  
Өскен соң ұзақ жылдар келмегенді  
Жыр болып жүрегінде тербетеді.

Орынды туған жерді сағыну да,  
Көрінер көк жібектей сағымы да.  
Ат ізін салмай кетсең салғыртсынып,  
Болмайды ешкімге де шағынуға.

Оны бір ой билейді дәл осындай,  
Өмірін дастан етіп жазатындай.  
Бұл күнде экономист профессор,  
Әлі де Алғабастың баласындай.

Жол тартты Алматыдан Алғабасқа,  
Ондағы достарының жөні басқа.  
Орал тұр орта тұста қолын былғап,  
Дегендей маған түспей алға баспа.

Жолшыбай поезда жұрт екі қонып,  
Тоқтамай теміржолдың бетін жонып.  
Шаршамай шабысынан тепловоз,  
Ышқына Ақ Жайыққа келді төніп.

Аспанда шағалалар шарықтайды,  
Қос аққу су бетінде қалықтайды.  
Өзеннің ортасында бүлк-бүлк етіп,  
Бір шабақ секіруден жалықпайды.

Мәскеуге поезд асып кете барды,  
Оралдан топ жолаушы түсіп қалды.  
Ішінде бас жолаушы Өтеғали,  
Оларды автокөлік қарсы алды.

Одан соң Нарын қайда, Орда қайда?  
Түске еніп көптен бері жүрген ойда.  
Алдында талай елді мекендер бар,  
Ілбішін, Жаңақала жол бойында.

Сүйіндік, Бисен, Шамақ осы жақта,  
Батырбек шақырғандай тұр қонаққа.  
Ақыры өзі туған жерге келді,  
«Атының басын тіреп» Алғабасқа.

Тамған ғой осы жерде кіндік қаны,  
Атқызып өмірінде алғаш танды.  
Доп қуып, қозы бағып жүгіргенде,  
Мындаған бір өзінен іздер қалды.

Ертті де келген бойда жолдастарын,  
Мектепте бірге оқыған құрдастарын.  
Сыйлайтын аруақты дағдысымен,  
Аралап дұға оқыды бейіт бастарын.

Алдынан Атыраудың желі еседі,  
Қамысы басын шұлғып тілдеседі.  
Жүрмесе ең болмаса келіп-кетіп,  
Қадірін туған жердің білмес еді.

Нарыннан бет түзесең Азғыр жаққа,  
Көз тігіп отырасың кең жазыққа.

Бұл ара полигонға айналған соң,  
Тап болған ядролық жарылысқа.

Бәрібір әлі де ыстық Азғыры да,  
Болмайды оны азды деп жазғыруға.  
Бұрында аудан оған қоныстанған,  
Ал қазір қалып қойды құла қырда.

Азғырдың екі бірдей тұз шахтасы,  
Саналған өндірістің бір қақпасы.  
Соларда жұмысшы боп көрген еді-ау,  
Бұл жердің кәсіп қуған кәрі-жасы.

Азғырдың сырлары көп айта берсе,  
Көліне суға түскен әлденеше.  
Мектепте оқып жүріп шарлады оны,  
Сағынып қауышады қайта келсе.

Көлдердің тұзы қандай көк моншақтай,  
Кішкене төрт бұрышты шақпақ қанттай.  
Сәби де туған бойда ширамайтын  
Үстіне тұзды суды сипап жақпай.

Азғырдан асына жұрт тұз алатын,  
Ащы тұз дәмді екен деп тамсанатын.  
Қолдарын пышақ кессе тұзбен емдеп,  
Көк тұздың қасиетіне танданатын.

Азғырдың көлдеріне құстар қонып,  
Жүретін жаз салқындап, күзде тоңып.  
Осылар бәрі еске түскенінде  
Амалсыз отырасың ойға шомып.

Аталған үлкен төбе — «Азғыр тауы»,  
Алардай әлі күнге көздің жауын.  
Көруге аласалау болғанымен,  
Ұқсайды батысына Бурабайдың.



Биігі екі жүз метр бір мұнара,  
Орнатқан геодезия осы араға.  
Жүргенде Өтеғали соған шығып,  
Көсіліп жатушы еді жалпақ дала.

Жүреді ұмытылмай ұстаздары,  
Олардың ақыл-кеңес нұсқаулары.  
Солардан әсіресе Жарқын ағай,  
Тұрады көз алдында қысы-жазы.

Ағайы аямаған бұдан барын,  
Еңбекке тәрбиелеп сапаларын.  
Барынша қарапайым, кішіпейіл,  
Шығар деп болашақта үлкен ғалым.

Оқытқан қазақ тілін, әдебиетін.  
Халқының адамгершілік мәдениетін.  
Өзі де жалғастырып келе жатыр,  
Ұстаздың үлгі етерлік қасиетін...

Бұл күнде бәрі, әрине, өзгеруде,  
Есінде студенттік кездері де.  
Аңқаулық, аңғырттықтың арқасында,  
Күлкілі ағат кеткен жерлері де.

Шығарда каникулға қаңтардағы,  
Үйіне барайын деп бір қамданды.  
Аралап Алматының көшелерін,  
Әртүрлі жемістерді сатып алды.

Кішкене доп тәріздес сарыларды,  
Бес кило жетер-ау деп салып алды.  
Осылар мандариндер екен ғой деп,  
Ойлапты, кейін бірақ қапаланды.

Ауылына апарған соң аң-таң қалды,  
Балалар ашырқанды болмай дәмді.  
«Мандарин» деп жүргені лимон боп,  
Ащыны шөй мен қантқа әкеп салды.

Ойына қайдан келсін сауда-саттық,  
Бір курс студенттік өтпей жатып.  
Дегенмен, балалығы болса керек,  
Асығыс – жасағаны бір ағаттық.

Қыс бойы жүргені бар дірдек қағып,  
Плащын таба алмай есі танып.  
Байқаусыз болғанына қуанышты,  
Көктемде бөлмесінен тауып алып.

Жастықтың қазбаласа қызығы көп,  
Кезінде өтетінін білмеді-ау тек.  
Өзі де үлкейдім деп ойламапты,  
Көрсек де талай жасқа жетекші боп.

Ғылымға жетелеген жайсаң жандар,  
Жастардың болашағын солар аңдар.  
Мотвей Моисеевич Розманов,  
Тап сондай профессор ойы заңғар.

Кетпейді естен оның қамқорлығы,  
Соны айтып Өтеғали көп жыр қылды.  
Костенко Татьяна Петровна  
Шет тілді үйретуден болышты үлгі.

Болса ғой дәл солардай барлық ғалым,  
Ғылымның мәуелетіп жасыл бағын.  
Жастардан зиялылар өсіп шығып,  
Көркейте түсер еді елдің бағын.

Амал не, көре алмайтын қызғаншақтар,  
Кедергі келтіруге іштей құмар.  
Дос болып күні түскен кездерінде,  
Артынша жасырынды жау боп шығар.

Ондайлар жол іздейді тым қолайлы,  
Ғылымның төңірегін қорғалайды.  
Мысықтай мияулаған мүсәпірсіп,  
Өзіне құл болардай жорғалайды.

Бұл шындық айтылмайды көбінесе,  
Өмірде кездесе де әлденеше.  
Шықпай-ақ ғалымдардан жалғыз залым,  
Тек қана әділдікке көңіл бөлсе...

Отыр ол көргендерін суыртпақтап,  
Талайын көкірегіне алған жаттап,  
Бармайды қиянатқа, өтірікке,  
Біреуді жаманаттап, артық мақтап.

Сонымен бір шындығы ойындағы,  
Амалсыз ақиқатты мойындады.  
Кейбіреу болады екен тиянақсыз,  
Бір түйір мұз секілді қолындағы.

«Кең болсаң кем болмайсың», — дейді қазақ,  
Сонда да ондай адам болар аз-ақ.  
Жанында өмір бойғы жан жолдасын —  
Бәласын отырады соған балап.

Жатады үйін кейде қонақ басып,  
Көрмейді сонда Бәла асып-сасып.  
Өзінің ашық-жарқын мінезімен,  
Дастархан дайындайды дидарласып.

Ауылдан жастар келіп жаз айлары,  
Бұлардан көмек күтіп маңайлайды.  
Сондайда математика есептерін  
Бәладан пысықтайды талайлары.

Екеуі өмір бағын суарғандай,  
Жұмысқа жүгіреді бір күн қалмай.  
Бір шытып қабақтарын көрген емес,  
Жүрсе де қонақтардан тыным алмай.

Сауал көп экономист санасында,  
Ойласа түсе алмайды сабасына.

Кең байтақ асты-үсті бай өлкесі,  
Неліктен кедейленді көз ашымда.

Қазақта ата кәсіп мал еді ғой,  
Мал барда барлығы да бар еді ғой.  
Сондықтан сол кәсіпті қайта өрлетсек,  
Ауқатты болам деуге болады ғой.

Ауылға аударайық жұрт назарын,  
Әркім де ұқсата алса қолда барын.  
Ұмтылсақ оңалып-ақ кетпес пе едік,  
Кедейлер болғанымен жалғыз-жарым.


Сонымен толғанады ол осылайша,  
Құр ойдан не шығады? Амал қанша,  
Кеудесін кернер еді зор қуаныш,  
Көркейіп туған халқы қарқын алса.

Разы ол өткен ғасыр жемісіне,  
Өзінің шәкірттерінің жеңісіне.  
Әлі де өсірмекші ғалымдарды,  
Зерттейтін экономиканы ел ішінде.


Арманы — талай тәтті өмір көрсе,  
Соңынан жас ғалымдар көптеп ерсе.  
Ұстаздық жұмыстары өз алдына,  
Ғылымда бәйге торы бола берсе.

Ол бүгін күндегідей ерте тұрды,  
Тағы да Алатауға мойынын бұрды.  
Бір ауық көз әйнегін түзеп қойып,  
Адымдап алға қарай ұзақ жүрді.




Алматы — Орал — Атырау — Алматы,  
Мамыр, 2001 жыл



Сегізінші бөлім



Поэма



## АҚИҚАТ

### 1. АРНАУ

Сүйеді ол да өмірге құлшынғанды,  
Ақтарып тіл сандықты тыншымады.  
Кешегі өзі ұшырған түлектердің  
Жарқырап жүр әр жерде шамшырағы.

Ол бейне қыз тұлғалы, ұл тұлғалы,  
Елу жыл бойшандыққа ұмтылғалы.  
Сондықтан сұлу тұлға – АПШЕТИ-ге  
Арналды кестелі сөз, жыр шумағы.

### 2. АПШЕТИ ӨЗІ СӨЙЛЕЙДІ

Жатқанда қызып майдан Отан үшін,  
Оқушым жүз отыздың шарпып үстін.  
Қолыма он мың кітап-журнал ұстап,  
Мен алғаш қадам бастап жолға түстім.

Сан құрап оқытушым жиырма бірге,  
Қаз басып аяқтандым бірте-бірте.  
Өз халқым қамқорлықпен мәпеледі,  
Жүк жеңіл көтерген соң елмен бірге.

Ол кезде қазіргідей самғау қайда,  
Сонда да жастық жалын тұла бойда.  
Келбетті дәуір тапқан перзентінде,  
Әлбетте өспеймін деу жоқ қой ойда.

Болған соң ҚазПИ, ҚазМУ ағаларым,  
Өзімді інісі деп шамаладым.

Олардай үлкендердің үлгілерін,  
Ерекше сый-құрметпен бағаладым.

Абзалы бір ғанибет кішілік те,  
Үлкендер қол ұсынса кісілікке.  
Елуге емін-еркін шыққанынша,  
Келемін жақсылықты түсініп те.

Жүзімнен, жүрегімнен нұр таймайды,  
Көңілім шат, бойымдағы күш қайнайды.  
Жастықтың сарқылмайтын мекенімін,  
Мейлі, ғасыр өтсін, қартаймаймын.

Мен тұрған көше аты Мұратбаев,  
Көрген жоқ шаттық күлкім бір ортайып.  
Шевченко, Құрманғазы көшелері,  
Барады жан-жағымнан құлаш жайып.

Бойымнан сыр жиғандай әлдеқалай,  
Алдымнан ағар өзен таудан құлай.  
Келеді ұл-қыздарым маған беттеп,  
Таң атып, күн шыққанда алтын арай.

Өзімді дей алмаймын жеке сарай,  
Қасымда Спорт сарай, Неке сарай.  
Цирк пен Стадион жақын көршім,  
Ортада театрымен Мұхтар ағай.

«Тіл, жүрек, білім керек», — дейтін Мұхтар,  
Дананың өсиетін халқы құптар.  
Қарандар төңірекке, ертеңгіге,  
Тіреліп өзгеріске тұр иықтар.

Ғылымда орыс тілі — жеңіс тілім,  
Қазақша сөйлеуден жоқ кемістігім.  
Мендегі ұстаз, шәкірт еткен мирас,  
Ағылшын, француз бен неміс тілін.

Тұрамын жазда түлеп, күзде көктеп,  
Мектептің түлектері маған жет,—деп.  
Өзімнен өзге тілді бітіргендер,  
Кетпейді өз елінен мүлде шеттеп.

Көз салсам сараң сөйлеп бүгінгіге,  
Жөн болар деректерге жүгіну де.  
Он сегіз мыңға тарта маман бердім,  
Бақыттың тұрғандаймын биігінде.

Төрт жүздей қазір менің ұстаздарым,  
Олардан жүз елудей ғалымдарым.  
Екі мың үш жүздей бар шәкірттерім,  
Білімге құлаш ұра адымдадым.

Әрине сырттан оқу өз алдына,  
Ондағы жүрген жандар көз алдымда.  
Сап түзеп сегіз жүзден астам болып,  
Мақсаты институтты тамамдауда.

Кетпес-ау көмескілеп барды жоғым,  
Алты жүз сегіз мыңдай кітап қорым.  
Залдарым тарлық, аздық етері хақ,  
Қалады кейде оқушым таппай орын.

Сонда да табысым мол қатар-қатар,  
Алдымнан әлі жарқын таңдар атар.  
Өлеңнен цифр іздеп таппағанға  
Біздегі бухгалтерлер айта жатар.



Қарасам өзімдегі өрендерге,  
Аузым бара алмайды төмен деуге.  
Тамсанып оркестрімен, ән-биімен,  
Құлшынып шыға келер өнерге де.

Осал деп айтады кім мені қалай,  
Әлі де қарыздармын елге талай.  
Жылма-жыл ер жетпекпін, есеймекпін,  
Табысқа масаттанбай, аландамай.

Басшы етіп ізгілікті ғалымдарды,  
Істерге жасампаздық адымдадым.  
Белгілі бір өзіме бесенеден,  
Биік қой тұрған мақсат алдымдағы.

Білінді тағы бір таң, көк жиектеп,  
Жол жатыр бірде ылди, бір биіктеп.  
Тұрса да бас алдырмай, қаптап жұмыс,  
Басшымда байсалдылық қасиет көп.

Тұр басшым жиналыста баппен сөйлеп,  
Ағытып тың пікірлі түйдек-түйдек.  
Айқындап мақсаттарға жету шартын,  
Жүйелеп міндеттерді, бірегейлеп.

Оған жат асығыстық, әкімгерлік,  
Бойында ізгіліктің бәрі дерлік,  
Кіршіксіз көпке ортақ адалдықпен,  
Келеді өз халқына барын беріп.

Ол да өз заманының бір түлегі,  
Еңбегін ғылымдағы ел біледі,  
Болса да өзі бастық өзгелермен  
Тіл тауып, кімде-кіммен сыр түйеді.

Жұмысқа келе жатыр көше бойлап,  
Бір үлкен ұжымының қамын ойлап,  
Ішінде жатақсыз бар, пәтерсіз бар,  
Олардың бірі үйленген, бірі бойдақ.

Анау бір студенттің жайы қалай,  
Оқыры, оқымасы екі талай,  
Болмаса бір қамқорлық, байғұс бала,  
Кетеді-ау алды-артына қарайламай.

Басшының өзіне аян ВУЗ дегенін,  
Тәрбие, білім, ғылым көздегені.  
Үнемі мұның бәрін ұштастырып,  
Кітаптан, өмірден де ізденеді.

Даурығу, дөрекілік одан жырақ,  
Ұйтқы боп жұртшылықтың басын құрап.  
Арнайы адамдарға көңіл бөліп,  
Жүреді бәрінің де халін сұрап.

Әлбетте төзбейді ол кемістікке,  
Қарайды болашаққа, кеңістікке.  
Әрдайым оны да алға шақырады,  
Ел болып ұстанған жол — жеңіс нүкте.

Заулайды жылдар жүрдек, бермейді ерік,  
Қуанам жастарымның жүзін көріп,  
Өкпем жоқ басшыға да, қосшыға да,  
Өзім де жүргендеймін соларға еріп.

Несіне көп сөйлейін теріп-өріп,  
Көріндер қызығымды тойға келіп! —  
Деді де АПШЕТИ бір қасын керіп,  
Токтады ақынына кезек беріп.

### 3. БАСТАУ АРНА

Жетелеп албырт жүрек арманға алыс,  
Жастар жүр болмайын деп бірі қалыс.  
«Адамды — жылқы мінез» дегендей-ақ,  
Тай жарыс бәсекесі, құнан жарыс.

Жеңгендер тай жарыста залда отыр,  
Басталып студенттік апыр-топыр.  
Оларға сөз арнады ғалым басшы,  
Алда да әлі талай дәріс оқыр.

Берілді сөз кезегі Еменбайға,  
Бұл өзі декан ағай тілі майда:  
—Әзірше орындарың егін-жайда,  
Басталмақ сабақтарың келер айда!

Осы сөз жетті барлық құлақтарға,  
Бар шығар ұнатпаған, ұнатқан да.  
Жастардың көпшілігі еңбек сүйгіш,  
Шыныққан бала кезден жырақ-манда.

Бір топ жас кете барды тартып тыңға,  
Қайнаған күні-түні еңбек мұнда.  
Комбайн, машиналар астық артқан,  
Дегендей, — бидай әнді бізді тында.

Тауысарда егістігін атыраптың,  
Жаңбыры жақындапты Ақыраптың.  
Жастардың жетекшісі — Маргарита,  
Қимылы шәкірттердің батыл-ақ тым.

Атайды жетекшіні «Мара» деп те,  
Бір жалқау тұрып апты ана шетте.

Келгендей қырман тойға қонақ болып,  
Күрегін иегіне сүйеу ете.

Әлгіге жетіп барды жап-жас Мара,  
Деді оған: — Бойкүйездік не масқара.  
Жігіттік арың қайда, шырағым-ау,  
Жүргенде қыздар озып жеке-дара.

Бұл сөзге бірқатары еркін күліп,  
Тастады жалқаулықты серпілдіріп.  
Кешкісін топ-жиында балаң жігіт,  
Құтылды-ау ар-ұятымен сертін беріп.

Бітіріп қырмандағы астық тауды,  
Жастардың көмегіне алғыс жауды.  
Поезбен Алматыға жүрер шақта,  
Бәрі де Тынстанға қол бұлғаулы.

Жетекші жауапты ғой жастар үшін,  
Аямай білгені мен бойда күшін.  
Мара жүр құрбыларының ортасында,  
Түгендеп қайта-қайта вагон ішін.

Тотығып, қарауытқан ақшыл мүсін,  
Сүйеді мақтан етіп қолдың күсін.  
Аққудай еркін жүзген егін көлде,  
Сол Мара қаз-қалпында сұлу пішін.

Келгенде аудитория залдарына,  
Қарсы алды декан ағай — алдарында.  
Болмақшы тұңғыш сабақ тарихтан,  
Қарайды жаутаң көздер жан-жағына.

Үлкен зал — самолет те кетер бойлап,  
Тұрғандай биіктігі талай бойды ап.

Соғылған қоңыраудан үн тарайды,  
Студент болғандай-ақ алақайлап.

Мінекей, лектор да келді еніп,  
Тік тұрды залдағылар сәлем беріп.  
Оларға: — «Отырындар!» - деді ұстаз,  
Кідірді тыныштыққа уақыт бөліп.

Мінбеде профессор — үлкен ғалым,  
Кәдімгі Әмір ағай — елге мәлім.  
Сан тарау тарихтың шежіресімен,  
Қаратқан ауызына жұрттың бөрін.

Көп жылдар ұстаздыққа тері сіңген.  
Сөйледі кіріспе сөз желісімен.  
Деді ол: — Бастау алған бақыттарың  
Үлкендер үлгісінен, жеңісінен!

Зал ұйып, қыбыр-сыбыр тына қалды,  
Көп қолдар жапырласа қалам алды.  
Ең алғаш студенттік бастау арна,  
Дәл осы минуттардан саналады.

Мара отыр суыт жазып, ілгеріде,  
Жарасып қызыл қамзол тұр беліне.  
Масақ дән — Қазақстан астығынан,  
Жапсырып ала келген дәптеріне.

Ұстаздың сөзі мәнді тындағанға,  
Жазбаған сасары анық сын боларда.  
Қаламын қатты ұстаған қапы қалмас,  
Қатысып сабақтардан қалмай алда...

## 4. БӘРІ ДЕ ЕСТЕ

Бүгін де қызу жұмыс деканатта,  
Сессия басталатын келді апта.  
Ежелден қасиеті Еменбайдың  
Біледі шәкірттердің көбін жатқа.

Кетсе де ақ шаш басып қос самайды,  
Өз басы егделікті қостамайды.  
Жүрген соң студенттер арасында,  
Жас кезі тіпті де оны тастамайды.

Алдынан өрбігендей қағаз туып,  
Байқаса ұзын саны жүзге жуық.  
Ойлайды өз-өзінен сын көзімен,  
– Жұмыстың жүрген жоқ па түрін қуып?..

Кепілсіз атак, даңқ өзі келген,  
Бәрі де тамшылаған маңдай терден.  
Түсінер тіл қадірін, сөз қадірін,  
Шырынын бал арадай жиып-терген.

Болмайды бос шелектей салдырлаған,  
Мақтанып азды-кемге дабдырлаған.  
Мұқият студенттер сыннан озбақ,  
Себепсіз ешбір сабақ қалдырмаған.

Осы ойлар мазалайды беріп белен,  
Бірге өсіп, доцент болды АПШЕТИ-мен.  
Бейнебір жанды тарих секілденіп,  
Жалт етті бір оқиға өткен күннен.

Осыдан отыз жылдан астам еді,  
Өзі бір бастама іс бастап еді.  
Сол кезде институт шәкірттерін  
Орысша оқытудан аспап еді.

Айтысты АПШЕТИ-лік кілең қазақ,  
Жиында бірінен соң бірі сөз ап.  
Бір ұстаз айтып жатыр білгішсініп,  
«Оқуда қазақ бөлімі болмайды озат?!»

– Қазақты таңырқамай әлдекім деп,  
Оқыту, тәрбиелеу бізге міндет, –  
Дегенде Еменбайды көп жұрт қоштап,  
Ашылған қазақ бөлімі – үш факультет.

Болса да қиындықтар дәуір ызғып,  
Теңелтті мешеулікті тастап сылып.  
Жақындап қала менен дала арасы,  
Түнді де жарқыратты күндіз қылып.

Дәуірге қосу парыз өз үлесін,  
Уақыттың есептемей ерте-кешін.  
Еменбай ерінбейді ұстаздыққа,  
Жүрсе де деканаттың бастап көшін.

Үштікпен, екілікпен болмай таныс,  
Төрттік пен бестік алған үлкен табыс.  
Әрқашан семестрлер, емтихандар,  
Студент өмірінде құнан жарыс.

Еменбай бұл сөздерді ұран еткен,  
Келгенде оқу іздеп қия шеттен.  
Содан ба, өсиеттеу шәкірттерге  
Өзінің дағдысындай болып кеткен.

Өзгеше келді кезең – соңғы курс,  
Сабақтан Маргарита тапшай бұрылыс.  
Оқиды, киноға уақыт аз қалады,  
Үлгерім - өңкей бестік! Бәрі дұрыс.

Деканы сонда да оған қойған талап,  
Соңында көп студент тұр анталап.  
Ішінде бірен-саран жалқаулар бар,  
Курста болмау керек салдыр-салақ.

Ақырын туфлиімен басып жерді,  
Мара сол деканатқа әзер келді.  
Конвертті Еменбайға ұсына сап,  
Столды жаймен ғана шұқи берді.

Қағазды ашқанында ағайы алып,  
Қызарып кетті Мара оттай жанып.  
– Сыры ғой пәк жүректің үлкенге айтқан, –  
Деді де, – отыр декан аң-таң қалып.

Қайтерсің, тағдыр қызық, тарам-тарам,  
Біреу жүр аяғы ұзын, өзі шабан.  
Курста бір жас жігіт – Жайбасаров,  
Шамасы мына қызға ұнап қалған.

Окуда орташалау Жайбасаров,  
Қыздарға менменсініп жүр қасарып.  
Мара өз жүрегiнiң қалауымен,  
Дептi оған: – Жас жұбайлық той жасалық.

Бұл сөзге мән бермептi жігіт бір де,  
Кiм бiлсiн, келемеж деп түсiндi ме.  
Марадай ару оны сүйедi деп,  
Ойлап па, өнi түгiл түсiнде де.

Деканның тидi ме екен бiр көмегi,  
Оларға жыл толыпты үйленгелi.  
Екеуi ауылға үлгi – педагогтар,  
Мектептi көп ойлайтын үйден гөрi.



## 5. КЕМЕЛ КЕЗЕҢ

Жылжиды жылдар көші шұбатылып,  
Жараспас, келді кезек, тұра тұрып.  
Болғанда маусым — шілде шекарасы,  
АПШЕТИ жатқандай бір ұзатылып.

Күтіп тұр алда жұмыс мамандарды,  
Топ-топ жас АПШЕТИ-ді тамамдады.  
Оларда үздіктер бар ГЭК-тен шыққан,  
Үшеуі құлай жаздап аман қалды.

Өмірде оқу, еңбек кезектесіп,  
Гүлдейді бір-бірімен өзектесіп.  
Әр жерде институт түлектері,  
Түсініп бұл дәстүрді келеді өсіп.

Бәрінің есімдері хатталыпты,  
Үздіктер есте ұзақ сақталыпты.  
Кейбірі тұрмыс басты болды ма екен,  
Хабарсыз көптен бері, ұмыт қалыпты.

Маркс қой анықтама берген тілге,  
Кез келген біле бермес мұны мүлде.  
Адамдар арасындағы қатынастай,  
Тілде көп ұңғыл-шұңғыл, бүге-шіге.

Сөйлемде кездескенмен дыбыс, екпін,  
Осы да есінде жоқ біраз көптің.  
Біреулер одағайлап тұрса-дағы  
Демейді-ау артық айтып бөсіп кеттім.

Өзіндік өзгеше ғой тіл маманы,  
Ол да өмір көрігінде шындалады.  
Мектепте, әлде түрлі қызметте,  
Зерттейді ғылымға кеп тың саланы.

Тау-тасты, зеңгір соқпақ ғылым деген,  
Жеткізер өрлегенге шыныменен,  
Күн-түні еңбектенсең көптік етпес.  
Өкінер ізденіске тыным берген.

Түлегі АПШЕТИ-дің ғылым қуған,  
Қазақ қызы қарапайым — тында туған.  
Аттанды аэропорттан Лейпцигке,  
Әуелі Москваға - Алматыдан.

Келеді ол лайнерде ойға шомып,  
Денесі бірде қызып, бірде тоңып.  
Жасынан білім үшін, ғылым үшін,  
Жүргендей кең дүниеде ұшып-қонып.

Тарихқа Кемелия көз салады,  
Тербеліп даласындай, толғанады.  
Ұзамай жер ошақтан тірлік кешкен  
Аяйды әжелерін, еске алады.

Кезінде төрт түлікке болмай кенде,  
Бірақ та рухани соқыр кеуде.  
Қазақтың кердең басқан байлары да,  
Жетпепті Лейпцигке — жәрменкеге.

Апшылап айлап тұлпар бармас жерді,  
«ИЛ» самғап төрт сағатта-ақ алып келді.  
Заманның, техниканың күдіретіне,  
Бабалар қайта келсе нанбас еді.

Түскенде Москваға тыныс кеңіп,  
Төбеден ашық аспан, күн түр төніп.  
Бергендей қонағына жылы шырай,  
Самал жел аймалайды беттен өбіп.

Сапарлап Кемелия бұдан әрі,  
Бірнеше жолда село, қала қалды.  
Келгенде ГДР-дегі Лейпцигке,  
Вокзалдан достар күтіп, қарсы алды.

Бұл қала студенттер мекені екен,  
Өзіндей аспиранттар шеттен келген.  
Қыздар мен жігіттер де оқып жатыр,  
Алыстан – Африка елдерінен.

ГДР-де олар да жүр көрмей жаттық,  
Конголық, эфиоптық, мали-Чадтық,  
Жайдары жүздерінде күлкі ойнайды,  
Дегендей шырағданның отын жақтық.

Көбісі сырттай біліп Алатауды,  
Бір кезек әусерлері Медеуге ауды.  
Байқоңыр, Алматыны естідік деп,  
Қонаққа қазақстандық сұрақ жауды.

Бұлардай естігенмен жер аттарын,  
Көрмепті кең өлкенің қазақтарын.  
Картадан көрсеткенде Қазақстанды,  
– Не деген байтақ ел! – деп ғажаптанды.

Осылай Кемелия таныстырды,  
Өзі өскен бай өлкені, алыс қырды.  
Тілдесіп немістермен, қонақтармен,  
Оларға болып кетті таныс құрбы.

Көрді ме, көрмеді ме тыным тауып,  
Әзірше тұра-тұрды ойын-сауық.  
Шет жерде жат жан болып танылмады,  
Жүргесін онда өзін-өзі баулап.

Ғылымның кейін қалмай жетегінен,  
Алмасып озық дәстүр Гете елімен.  
Үш жылда болып алды қазақ қызы  
Қозыдай екі енені телі емген.

Өзіне құрбы-қыздар достар тауып,  
Соларды еске алады ауық-ауық.  
Шындалды Кемелия күрескердей,  
Дос барда қиындықтар емес қауіп.

Дақ салмай ар-намысқа, беделіне,  
Жеткенше асығады өз еліне.  
Гейнені түп нұсқадан оқып біліп,  
Келіпті-ау қазақ қызы кемеліне.

Әсерін Лейпцигтегі жыр ғып айтып,  
Ғылымға кандидат боп, тіл байытып.  
Белгісі кемелдіктің — Кемелия,  
Орнына — АПШЕТИ-ге келді қайтып.


Ақиқат озды енді ертегіден,  
Бұл жолда қан төгілген, тер төгілген.  
Әсте де жалғыз емес қазақ қызы,  
Өмірі өскендікпен көмкерілген.

\*\*\*


АПШЕТИ\* ҚазМӘТУ\*\* боп өсті бүгін,  
Көтеріп іскерліктің үлкен жүгін.  
Жазылар мүмкін тағы жаңа дастан  
Жеткенше жетпісіне көрмей тыным.

\* АПШЕТИ — Алматы педагогикалық шет ел тілдері институты




\*\* ҚазМӘТУ — Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті



ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ



ҚЫЗЫМ НҰРИЯНЫҢ  
өлеңдері мен  
аудармасы



## ЖАСЫЛ БАЗАР

Неге айтады осы жұрт,  
Алматының базарын  
«Көк базар» деп бойлайда?  
Орысшасы «Зеленый»,  
Қазақшасы әлбетте  
Жасыл базар болмай ма?

## ДОСЫМА

Жан досым бақытыңа қуанамын,  
Сені іздеп алысқа да бара аламын.  
Көрмесем сені ұзақ уақыт бойы,  
Жүрегім лүпіл қағып сағынамын.

Дүниеде ең бір жақын адамымсың,  
Мәңгі дос болып бірге қалармысың.  
Жоқ әлде алдамшы бір достарымдай,  
Қалдырып мені жалғыз барармысың.

Алдыңа бар сырымды жаяр едім,  
Қалмады-ау бірақ менде ешбір сенім.  
Шынымен егер менің досым болсаң,  
Мен үшін айтшы сен не істер едің?

## БІР МАМА

Бір қалада көп ана,  
Балаларын сүйетін.  
Менде ғана бір мама,  
Мені жақсы көретін.

Менің мамам биязы,  
Жақтырмайды айқайды.  
Шаршап келсем мектептен,  
Қабағымнан байқайды.

### АНАШЫМДЫ ЖОҚТАУЫМ

Күнде ертемен шашымды тарап түзедін,  
Қуантты мені мейірімді жылы жүрегін.  
Жаздың жайлы шуағындай болдың да,  
Ауруынды білдірмей жүріп жүдедің.

Қуанышым айналды міне қайғыға,  
Амалсыз көндім, басымды идім тағдырға.  
Қайтейін енді аяулы менің анашым,  
Жүрерсің мәңгі ұмытылмай жадымда.

\*\*\*

Шексіз аспан ішінде,  
Жарқырар жұлдыз түсімде.  
Күндіз күнге айналып,  
Анамды түсірер есіме.

Айналайын, анашым,  
Алыстап менен барасың.  
Өткенді қалай қайтарам,  
Қысқартып уақыт арасын.

Сағынып сені күндіз-түн,  
Жүректі жаулар мұнды үн.  
Бауырына сендей қыса алмас,  
Енді мені кімде-кім.

13.04.1997

**ЕКІ ҚАРҒА**

(ағылшын балладасынан аударма)

Серуендеп жалғыз өзім жүргенде  
Сұхбаттасты екі қарға бір демде.  
Біреуі айтты екінші бір мұндасқа:  
«Қашан біздер ұша аламыз түскі асқа?»

Сенен арғы ор түбінде амалсыз  
Жатыр сері, өлтірілген аяусыз.  
Біледі оның ауыр халін асылы,  
Тек бүркіті, тазысы мен ғашығы.

Тазысы оның аң аулауға сытылды,  
Бүркіті оның қыр құсына ұмтылды.  
Сүйіктісі көңілдеспен жұптасты,  
Бізге жеуге болар енді түскі асты.

166

Сен өліктің ақ мойынына қонасын,  
Мен шұқимын сұлу көздің қарасын.  
Біздер оның алтын шашын жұламыз,  
Төсек етіп ұямызға саламыз».

Көптеген жұрт ол туралы айтар-ау,  
«Қайда екен деп батыр сері, япыр-ау?»  
Сүйектерін қаусап-қурап қалғанда  
Жел үрлер-ау, айналдырып шаңдарға».

15.04.2003



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Достық лебіз .....	6

### БІРІНШІ БӨЛІМ КӨҢІЛ КӨГЕРШІНДЕРІ

Өлеңмен сырласу .....	8
Тәуелсіз Қазақстан .....	9
Сайлау мен тандау .....	9
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің ӘНҰРАНЫ .....	12
Университеттің тұсаукесер тойына бата .....	13
Наурыз той .....	15
Наурыз тойына бата .....	15
Менің Оралым .....	16
Кішкентай інім .....	18

### ЕКІНШІ БӨЛІМ ЖАРАСТЫ АДАМЗАТҚА БАУЫРЛАСТЫҚ

Әсиля апайға .....	20
Ардақты Хайролла Қасымжанов ағаға .....	21
Аман болсын, жақсы аға .....	21
Қос келіншек .....	22
Ғалым парасаты .....	23

Досыма .....	24
Туған жер .....	25
Тағы да келдім, Оралым! .....	26
Қырманда .....	27
Бақтыгерей шопанға .....	27
Ағам Мұқанәліге .....	28
Еске алу .....	29
Әйіпжан ағаны жоқтау .....	29
Профессор Сағындық Кенжебаевқа .....	30
Күміс той шашуы .....	31
Мұның қалай, дос жігіт .....	32
Қадірінді білеміз .....	33
Орыс ағай .....	34
Аулақпын .....	34

### ҮШІНШІ БӨЛІМ ОЙ ТОЛҚЫНЫ

Тұрса да көзің көріп .....	36
Ақынның орамалы .....	36
Тамаша жандар .....	37
Бар сұлулық көзінде .....	38
Самиғолла Жақсыбайұлына .....	38
Ғалым хатшыға .....	39
Нағашым Дүйсекешке .....	41
Ботанбақтағы Кенжеғалиға .....	42
Меңдеш Досмұқанұлына .....	43
Анасың ғой... .....	43
Қара көз қарындас .....	44
Күндерім менің .....	45
Білмеймін, осындайды .....	45
кім байқаған .....	45
Бір ауылдағы қонақтық .....	46
Ғалия — ән-дауа .....	47
Мектебіме .....	48
Түсін, мейлің түсінбе .....	49
Дос кітабы — қуаныш .....	51
Имандылық иірімдері .....	51
Бақыт құсы қолға қонсын .....	52
Өзіме өзім сенбеймін .....	53
Өз қызымдай көріндің .....	53
Қарлығашқа .....	54

**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**  
**ҚҰТТЫҚТАУЛАР, ТІЛЕКТЕР, СУРЕТТЕУЛЕР**

Берік Жылқыбаевқа .....	56
Нұрымбек Жанділдинге .....	56
Наурыз Сыдықұлына .....	57
Академик Кеңес Нұрпейісовке .....	58
Академик Ғайрат Сапарғалиұлына .....	58
Жандар Төленұлына .....	59
Академик Жабайхан Мүбәрақұлына .....	59
Академик Мұрат Тәжімұратұлына .....	59
Төрехен Тасболатовқа .....	60
Нығмет Жанділдинге .....	60
Мерейтойдағы отырыс .....	61
Қарындасым Розаға .....	62
Мариям Кәкімжановаға .....	62
Зейнолла Қабдоловқа .....	63
Құдам Түгелбайға .....	64
Хисмет Ғалешұлына .....	65
Ақын Сағынғали Сейітов ағаға .....	66
Жұмажанға – Жаннаға .....	66
Қосаман аға Алматыға келгенде .....	66
Төлеген Қожамқұловқа .....	67
Құсайын Тынысбайұлына .....	67
Ақтолқынға айтар сөз .....	68
Ақмаралға құттықтау .....	69
Ұстаздың ұлағаты .....	70
Өзіндей-ақ болсын қазақ қыздары .....	71
Жадыраға .....	71
Қиясиден алпысқа толғанда .....	73
Қырқын бергендегі жұбату .....	74
Мұрат Дүйсеновке .....	74
Сіздермен көрісуге ентелермін .....	75
Балдызыма .....	75
Шолпан қарындасыма .....	76
Аяулы жарым Нәдияға .....	77
Қызымның шілдеханасына .....	78
Ф-ға .....	79
Дәрігер Майра .....	80
Тұрар сұлу көз алдымда .....	81
Алақан көзім .....	82
Балдырғандар ойы .....	82

Кенже мен көгершін .....	83
Мінсіз күшті .....	84
Бір отбасына .....	85
Қиғаштау-ау жүрісің .....	86
Түлектерге тілек .....	86
Сары әулиеге .....	88
Үш арыс .....	89
Айтыскер Жібекке .....	89
Совхоз тойына .....	90

## БЕСІНШІ БӨЛІМ АРНАУЛАР

Егемендік – дұрыс күн .....	92
Інім Есетке .....	93
Темірге .....	93
Сабырлы бол, мұңайма .....	94
Құрметте .....	95
Тартқанда қайғы азабын .....	95
Бакытгүлге .....	96
Жиырма бес .....	97
Ғылымдағы бір көкпар .....	98
Оқып келем .....	99
«Орал өңіріне» .....	101
Азамат болса.....	102
Мұхит өні .....	103
Бибігүлге .....	103
Аты орыс, заты қазақ Сергейге .....	104
Кітап жыртқыш .....	105
Айгүлге .....	105
Жолаушылар .....	105
Профессор Биляш Ғұмаровты еске алу .....	106
Ыстық көлдегі Эльмира.....	107
Сәлуа апай болсын есте.....	108
Профессор Әділ аға .....	109
Тендікке .....	110
Сатушы қызға .....	111
Әлмұқанға.....	111
Ата тілегі .....	111
Үлкен «бестік» алды ма? .....	112
Сол балалық күндер-ай .....	112
Асыраушы .....	113

Қара шал .....	114
Шілдехана алақайы .....	115
Яна Қабылқызына .....	116

### **АЛТЫНШЫ БӨЛІМ МЫСАЛДАР**

Асық .....	118
Сәби айтады .....	120

### **ЖЕТІНШІ БӨЛІМ ТОЛҒАУЛАР**

Нарынды аңсау .....	122
Ұстаз - ғалым Елеукең .....	126
Зейнолла Аманғалиұлының мерейтойына .....	127
Мұрат Ақын .....	130
Күйші-сазгер құдіреті .....	131
Рзаға арнау .....	133
Профессор Бақыт Жатқанбайқызына .....	135
Ғылым докторы Кәкімханға .....	137
Желтоқсан оты сөнбейді .....	138
Туған жер түлегі .....	140

### **СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ ПОЭМА**

Ақиқат .....	148
--------------	-----

### **ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ**

#### **ҚЫЗЫМ НҰРИЯНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН АУДАРМАСЫ**

Жасыл базар .....	164
Досыма .....	164
Бір мама .....	164
Анашымды жоқтауым .....	165
Екі қарға .....	166

**Өтеш  
ҚАРАШИН**

**ЖЫРЛАЙДЫ ЖЫЛДАР**  
*(өлеңдер, мысалдар, толғаулар, поэма)*

**«Құс Жолы» баспасының директоры**  
*Бейсенбай Сүлейменов*

**Редакторы Б. Оңғарбай.**  
**Корректоры С. Ыбраева.**  
**Суретшісі Н. Сергожаұлы.**

---

Теруге 10.06.2008 жіберілді. Басуға 01.07.2008 қол қойылды.  
Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қаріп түрі “Таймс”. Көлемі 10,75 баспа табақ.  
Таралымы 1 000 дана. Бағасы келісімді.  
Тапсырыс № 1974.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.